

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік жұлнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№2 (159),
АҚПАН
2018 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Х.Әбжанов, М.Қойгелдиев –
т.ғ.д. акад.; Б.Аяған, Т.Омарбе-
ков, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбаев,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина –
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – п.ғ.к.

С.Әбішқызы – тұңғыш
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
Г.Серікбаева, С.Ишебаева
– озат ұстаздар.

Басуға 16.02.2018 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1590.
Индексі – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.

Ғылыми-теориялық
мақала авторлары, орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспейі де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Арман Әубәкір. Тонықұқ ғұрыптық кешені.....	2
Әбубәкір Қайран – 60 жаста! Құттықтаймыз!.....	4
Меңдігүл Ноғайбаева. Ауыз әдебиеті үлгілері.....	6
Ділдәш Мұстапаева. Дәруіштер қолданған заттардың мәні туралы.....	8
Лаура Қарабек. Қаратау, Талас өңірінің тарихи ескерткіштері.....	11
Гүлнар Қозғамбаева, Гүлжан Рашева. Әлихан Бөкейханов және мемлекеттілік идеясы.....	12
Әсем Ысқақова. Мағжан және мерзімді баспасөз.....	14
Гүлмира Жуман. Политические взгляды С.Асфендиярова.....	16
Зәмзагүл Сабданбекова. Семей облысындағы жәдиттік білім беру.....	18
Талғатбек Әминов. "Мәңгілік Ел" идеясы және патриоттық тәрбие.....	20
Айгүл Абдилдабекова, Эльмира Телеуова. Геополитические интересы Российской империи.....	22
Айнур Габдулина. Развития природоохранных мероприятий в Казахстане.....	25
Сафар Колдыбаев, Жангельды Шаукенов. Казахский просветитель Ыбырай Алтынсарин.....	27
Дәулет Кенжебаев, Руслана Құсайынова. Қазақстандық ғарыштың даму тарихы.....	29
Тарих және география кафедрасы сөз алады.....	31
Бекмұрат Найманбаев, Наталья Плаксина. Батыс Еуропадағы ашық және қашықтан оқыту жүйесінің дамуы.....	32
Гүлжан Тұрымбетова. Архив – тарих қазынасы.....	35
Жібек Шерімбаева. Оқушылар мен студенттер үшін.....	36
Өткір Әлиев, Шауқат Рахымқұлов. Оңтүстік Қазақстан облысы.....	38
Мөлдір Алдабергенова, Гүлсінай Жадыраева. Дәстүрлі қолөнер түрлері.....	39

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Іңкәр Катапова. Сабақта интерактивті тақтаны пайдалану.....	41
Әбділдә Өтемұрат. Тарих сабағында рухани құндылықтарды оқыту.....	42
Бақытгүл Шыңғысбаева. Рухани мәдениеттілігіміздің құндылығы – ұлттық тәрбие.....	43
Айтбала Әбенова. Жаңартылған білім – заман талабы!.....	46
Қалбике Исламғазиева. Маңғыстау зұлмат жылдары.....	47
Айнагүл Қойшыбаева. Моңғолдар мемлекеттік деңгейге қалай жетті?.....	48
Райкүл Ілияс. Т.Тұрлығұл – Қазақстан тарихын оқыту әдістемесінің өзекті мәселелерін және оқытудың қазіргі технологияларын зерттеуші.....	49
Жамал Тілеуова. Коучинг-сессия жоспары.....	53
Гүлсімай Тілепова. Қазақ жері туралы ерте кездегі географиялық мағлұматтар.....	54
Гүлдана Тұрымбаева. "Зерде" зияткерлік ойыны.....	55
Ақмаржан Құлжықова. Не? Қайда? Қашан?.....	56

ТОНЫҚҰҚ ҒҰРЫПТЫҚ КЕШЕНІ: құрылымы мен ерекшеліктері

Арман ӘУБӘКІР,
Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану
институтының PhD докторанты

Тонықұқ кешені Моңғолияның астанасы Уланбагтырдың оңтүстік-шығыс жағындағы ҰО шақырымдай жерде, Налайх ықшамауданымен шекаралас Төв аймағының Эрдэнэ сумыныңда және Толой өзеніне жақын орналасқан. Жуырда Тонықұқ ескерткішіне арнайы барып, тарихи мұраның өте қиын жағдайда екенін көзбен көріп, көңілімізге кірдің түсті. ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіліміне енген кешеннің айналасындағы жер жырттылып, егістік алқабына айнала бастаған екен. Жер жеке пайдалануға беріліп, түрлі демалыс кешендері салынған. Көптеген тарихи ескерткіштер құрылыс материалы ретінде қолданылғанға ұқсайды. Тонықұқ ескерткішінен солтүстікке қарай созылған балбал тастардың дәл қасындағы (1-2 метр) жер жырттылған. Балбал тастар тіпті санауға келмейді, сынған, бөлінген, жерге кіріп кеткен, құрылысқа алынып кеткен. Екі жыл бұрын барғанымда 130-дай балбал тас санаған едім, қазір тіпті есеп жүргізудің өзі мүмкін емес жағдайға жетті.

Ең алғаш, Тонықұқ кешені 1897 жылы Д.А.Клеменц бастаған Ресей Императорлық Географиялық қоғамының Орхон экспедициясы барысында анықталған. Осыдан кейін Тонықұқ кешеніндегі көне түрік тарихы жырмен жазылған бітіктастарды көптеген ғалымдар зерттеді.

1902 жылы С.Кэмпбелл есімді ағылшын азаматы Батыс әлемінен алғашқылардың бірі болып Тонықұқ ескерткішін көзбен көріп, естелік жазып алады.

Тонықұқ ескерткішінде Г.Рамстедт (1909), Б.Я.Владимирцов және Б.Бародин (1925), Н.Сэр-Оджав (1957) және бертінде (2015-2016) моңғол-түрік бірлескен экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізді. 1898 жылы В.В.Радлов бітіктастардың қағаз көшірмесін жасап, аудармасын жариялайды. Одан өзге ескерткіш туралы Х.Н.Орхун, М.Спенглинг, С.Е.Малов, П.Аалто, Р.Жиро, М.Ергин, Г.Клоусон, Ғ.Айдаров, А.С.Аманжолов, Б.Базылхан, Т.Текин, Қ.Сартқожа, Н.Базылхан және т.б мәтіндік зерттеу жүргізді. Тонықұқ атауына байланысты ғалымдар сан түрлі болжам жасаған. Солардың ішінде түріктанушы Нәпіл Базылханның пікіріне тоқталсақ: «**Тұнық // Тұнұқ** – «тұнық, тұңғиық, тереңге жеткен» немесе «кіршіксіз таза мөлдір, сұңғыла» деген мағыналы сөзге +ұқ // оқ – «ұғым, ой, білгірлік» деген мәнді біріккен сөзі «тұңғиық таза ақыл ойдың иесі, хакімі» **Тұнық-ұқ // Тұнұқ-ұқ** деген ұлы бабамыздың ырым-жосындық аты деп тануымыз» [1].

Көне Түрік қағандығының негізін қалаушылардың бірі, мемлекеттік басқару ісінде ерекше орны болғаны белгілі. Қағандықтың идеологиясына ықпалды тұлға болғаны туралы деректер де кездеседі. Л.П.Потаповтың «Алтайдағы шаманизм» атты әйгілі еңбегінде былай деп жазылған: «...когда реч шла о возможности внедрения к древним тюркам буддизма, против чего и выступил Тоньюкок: «Нам не следует возводить постоянные строения и тем самим разрушать свой старый обычай

оставаться ничем не связанными. В противном случае Танская империя уничтожила бы нас. Кроме того, буддийские и даосийские учения приносят людям представления о доброте и слабости, а это не является верным путем для ведения войны и завоевания власти» [2].

Тонықұқтың өзге элиталық көне түрік ескерткіштерінен ерекшелігі – екі бірдей бітіктасының болуында. Көне түрік тіліндегі төл жазуымызбен жазылған бітіктастар арқылы Екінші Көне Түрік қағандығының тарихы, көшпелі тайпалар, олардың Қытаймен қарым-қатынасы және тағы басқа өзекті мәселелер туралы құнды мағлұматтар бізге жетіп отыр. Гүлді өрнек қашалған барық қоршауларының көркемдігі де айрықша.

Кешен Көне Түрік қағандығының Құтлық, Қапаған, Білге сияқты үш қағанның тұсында кешесі, ақылшы болған Білге Тонықұқ төрізді ұлы тұлғаға арнап шамамен 720 жылы салынған. Ескерткіш тау ортасындағы жазиралы жазық далада, ежелгі дәстүрге сай ас өткізуге ыңғайлы кеңістікте орналасқан. Кешенде көне түрік жазулы қос бітіктастан бөлек бірнеше адам денесі бәдізделген бәдізтастар, солтүстікке қарай созылған балбал тастар тізбегі бар. Осы бағаналы балбал тас тізбегін қосып есептегенде кешен ұзындығы 1.3 км созылады. Бұл кешеннің құрылысы Моңғолиядағы өзге де көне түрік дәуірі элиталық табыну, еске алу орындарына тән белгілермен бой көтерген. Бұл әйгілі кешеннің қасында тағы да екі көне түрік ғұрыптық кешені анықталған. «Кешен – 2» деп аталатын ескерткіш Тонықұқ ескерткішінен солтүстік-шығысқа қарай 582 метрде орналасса, «Кешен – 3» ескерткіші «Кешен – 2» тарихи нысанынан солтүстік-батыс бағытына қарай 740 метрде (Тонықұқ кешенінен 1 167 метр солтүстікке қарай) орын тепкен. Ғалымдардың болжауынша, келесі қос кешен де Тонықұқ данышпанға арналған.

Бұл ойға кешендердің өзара жақын орналасуы түрткі болып отыр. Бұл аймақта бұдан да өзге жерлеу, ас өткізу, құрбандық шалу рәсімдері бойынша әртүрлі сипаттағы ірілі-ұсақты ескерткіштерді жиі кездестіруге болады. Сол себепті, бұл аймақты тұтас рухани-мәдени мемлекеттік нысан ретінде қорғауға алу көшпелі түрік-моңғол халықтары үшін өте маңызды. Қала берді, бұл бүкіл адамзат үшін құнды мұра.

Көне түрік қағандығы Корей түбегінен Балтық жағалауына дейін созылған ұлы империя ретінде жаһандық тарихтан ойып тұрып өз орнын алады. Қыпшақ пен моңғол XIII ғасырда ғана өзара ерекшеленіп, бір-бірінен ажырай бастағанын археологиялық және этнографиялық материалдар негізінде анық аңғарамыз. Сондықтан, көне түрік дәуірі (VII-IX) ескерткіштері түрік халықтары ғана емес, моңғол жұртына да тікелей қатысты асыл мұра. Түрік қағандығының эпиталық ғұрыптық кешендері (Білге қаған, Күлтегін, Тонықұқ ж.т.б.) негізінен Моңғолия территориясында шоғырланған. Олар қайта жаңғыртылған жағдайда Моңғолия мемлекеті үшін туристік тарихи нысан ретінде экономикалық тұрғыдан да үлкен қызмет атқарары сөзсіз.

2002 жылы Моңғолия мемлекеті шешіміне сәйкес Тонықұқ кешені айналасынан 65 шаршы километр қорғауға алу туралы шешім шыққан болатын. Соңғы жылдары ТИКА ұйымы Тонықұқ кешенінің барығы мен бітіктастарын қоршауға алған. Қоршау жасаушылар кей жағдайда кешеннің негізгі бастапқы қалпына зақым келтірген. Қоршау іргетасына цементпен араластырып тарихи жәдігер саналатын ескерткіштің (шатыр бөлшектері) кейбір сынық бөліктерін де қолданғанға ұқсайды. Сондай-ақ, құрбандық шалу орындары, балбал тастар, жақын маңайдағы өзге екі кешен және тағы басқа ескерткіштер қоршаусыз, тіпті ескерусіз қалған.

1957 жылы қазба жұмысы жасалып, аршылған кешеннің кейбір жерлері әлі күнге сол қалпы тұр. Содан бері адамдар мен табиғат факторларынан ескерткіштің жағдайы күн санап нашарлай түсуде. Тонықұқ кешеніне 2014 жылы 11 шақырым жол салынғаннан кейін жергілікті ықпалы күшті адамдар қолданыссыз жатқан жерді жеке мүдделеріне қолдана бастады.

Тонықұқ кешенінің балбалдар тізбегінің оң жағынан қапталдай темір шарбақ түсіп, егістікке арнап жер жыртылған (Жыртылған жер 440*420*165*84 метр көлемді қамтиды). Жер айдалып қана қоймаған, айналасында әр түрлі қоқыстар да шашылып жатыр.

2015 жылы Моңғолияның Конституциялық Сот судьялары жеке қолданыстары үшін үлкен демалыс кешенін салған. Олар ғимаратты ғана салып қоймай, жан-жағын биік бетонмен қоршаған. Бұл «Кешен – 3» ескерткішінен батысқа қарай 239 метр қашықтықта орналасқан. Тарихи нысан арнайы қорғауға алынбаған себепті, ескерткіш айналасындағы көркем алқапты жеке мүдделеріне қолданушылар тарапынан бүлдіру, ластау, ескерткіштерді жою үдерісі толастар емес.

2015 жылдың тамыз айында Тонықұқ кешенінің шығысынан жер қазылып 630 метр төте жол салына бастады.

2016 жылдың көктем-жаз айларында Конституциялық Соттың демалыс кешені жақтан, Тонықұқ ескерткішінен солтүстік-батысынан 520 метр болатын қоршау салынды.

2016 жылдың көктемінде Тонықұқ кешені мен «Кешен – 3» нысаны аралығында терең арықтар қазылған. Бұл арықтар Тонықұқ кешенінен солтүстікке

қарай 80 метр созылса, «Кешен – 3» тарихи нысанынан оңтүстікке қарай 480 метр қашықтықты алып жатыр. Сондай-ақ, атаулы арықтар «Кешен – 2» нысанына өте жақын орын тепкен. Терең қазылған арық «Кешен – 2» нысанынан оңтүстік жағынан бар-жоғы 12 метрден сызып өтеді. Егер бұл тіктөртбұрышты арықтар 179200 шаршы метр жерді айналдыра сызған. Егер бұл арықтар бойымен қоршау жасалса, Тонықұқ кешені маңындағы темір сым тартылған қоршаудан 66 есе үлкен аумақ қолданысқа өтетін түрі бар.

Тонықұқ ғұрыптық кешеніндегі тас мүсіндер саны жылдан жылға кеми түскенін мынадан байқауға болады. 1957 жылы 9 тас мүсін болса, 1983 жылы 8 тас мүсін қалады. 2015 жылы 7 тас мүсін сақталғаны анықталған (2 тас мүсін кешен орнында, 3 тас мүсін жақын маңдағы базада, 2 тас мүсін Моңғолия ұлттық музейінде сақтаулы).

Тонықұқ кешенінде екі барық болса, сол барықтардың қоршау плиталары жыл санап жоғалып отырғанын мына деректерден аңғарасыз.

1957 жылы бірінші барықта 4 қоршау плитасы және жерге төселетін плитаның жартысы болса, 1983 жылы 3 қоршау плитасы, 2 қоршау плита бөлшегі, ¼ төселетін плита қалдығы анықталған. Екінші барықтың жағдайы мүлде мүшкіл. 1957 жылы онда бар-жоғы 2 қоршау плитасы болса, 1983 жылы 1 қоршау плитасы ғана тұрса, 2015 жылы бірде-бір қоршау плитасы орнынан табылмайды [3].

Тонықұқ кешенінен тізбектелген балбал тастар саны 1957 жылы 400 болса, 1983 жылы 286 балбал тас саналады. Ал 2015 жылы 280 балбал тас ресми есепке алынған екен. Бірақ, осы жолдардың авторы 2015 жылы Тонықұқ басына барғанда қатты бүліне қоймаған 130-дай балбал тасты санап шыққан болатын. Көбі жер астында, бөлшектенген, қираған қалпында. Соған қарағанда, ресми санаққа балбал тастың сынық бөлшектері де кіргенге ұқсайды.

1300 жылдық тарихы бар аса құнды тарихи-мәдени жәдігер жойылу алдында тұр. Моңғолияның жергілікті әкімшілігі мәдени құндылықтарды сақтау жөніндегі заңды белден басып, халықаралық мәні бар бағалы мұраға зиян келтіріп отыр.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается древнетюркский поминальный комплекс Тоньюкук. Автором было написано не только про структуру поминального комплекса, а также проблемы защиты и сохранения этого уникального архитектурного памятника.

In this article is considered about the ancient Türkic memorial complex of Tonyukuk. The author was written not only about the structure of the memorial complex, but also the problems of protecting and preserving this architectural monument.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Н.Базылхан.** Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. II том. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). – Алматы, Дайк-Пресс, 2005. – 108 бет.

2. **Потапов Л.П.** Алтайский шаманизм. – Ленинград, «Наука», 1991. – 89 с.

3. **Munkhtulga Rinchinchorol.** Protection of Cultural Heritage in Urban Areas in Mongolia: The Tonyukuk Complex. // Cultural Heritage Protection Cooperation Office, Asia-Pacific Cultural Centre for UNESCO. ACCU Nara International Correspondent. The Seventeenth Regular Report. – Vol.17.2017. 32-38 p.



Құттықтаймыз!

Әйгілі ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, республикалық, халықаралық мұшайралардың бірнеше мәрте жүлдегері, жеңімпазы, Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының «Құрметті азаматы», «Құрмет» орденінің, «Поляк мәдениетіне сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Әбубәкір ҚАЙРАН биылғы 28 ақпанда асқаралы алпыс жасқа толады. Редакция ұжымы «Қазақ тарихы» журналының тұңғыш санының редакторы, бас редактордың 2003-2006 жылдардағы орынбасары, «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» журналының ақылдастар алқасының мүшесі, «Тәрбие құралы» журналының бас редакторы Әбубәкір Рахметоллаұлын осынау мерейлі мерейтойымен қуана құттықтайды.

Аса құрметті Әбеке! Сіз барша адамзаттың ғана емес, Алла жаратқан бүкіл тіршіліктің тілін түсінуге тырысқан, он сегіз мың ғаламның сырын ұғуға ұмтылған тынымсыз ізденістегі ізгі ниетті жансыз, асыл сөз иесісіз, қазақ әдебиеті мен өнерінің кемелденуіне, қазақ өлеңінің мазмұндық, пішіндік тұрғыдан түрленуіне сүбелі үлес қосқан айтулы ақынсыз. Рахметолла атамыз бен Биқан анамыздың үлгі-өнегесі мен Алла Тағала берген көркем мінезіңіз, Ізгілікке құштар көңіліңізбен айналаңызға шуақ шашып, нұр құйып жүретін ғажайып жансыз. Сол құштарлық «Кенесары», «Ерасыл», «Низам» тәрізді тарихи жыр-дастандарды, оннан астам балладаларды, «Бастау», «Ақсәуле», «Мазасыз әлем», «Маңдайдағы жазулар», «Мен ғашықпын ғаламға», «Ерасыл», «Наркескен», «Жасыл жаңбыр» сынды жыр жинақтарын дүниеге әкеліп, оқырманның ыстық ықыласын тудырды. Жан жарыңыз, озат ұстаз Гүлзия Саясатқызымен бірге төрт бала өсіріп, немере сүйіп отырған берекелі шаңырақ иесісіз.

Редакция Сізді 60 жылдық мерейлі мерейтойыңызбен шын жүректен, риясыз көңілден құттықтап, мықты денсаулық, шығармашылық толағай табыс тілейді! Сіздің әлі де талай-талай биік асуларды бағындырып, шабыттың шалқарында жүзіп, керемет туындылар жаза беруіңізге тілектестік білдіреді! Тарбағатайдың тарланбозынан оқырман күн сәулесіндей нұрлы, шуақты, өмірдің өзіндей өміршең де табиғи шығармалар күтеді.

«Қазақ тарихы» журналының ұжымы.

Әбубәкір ҚАЙРАН

ҚОРЖЫНДАҒЫ БАС

Жасырғандай –
Жазылмайтын жараны,
Жасырғандай –
Жан шошитын қазаны –
«Уақыт бәрін емдейді де жазады» –
Дейді халық,
Жұбатқандай баланы.

Жалғаныңда –
Жазылмайтын жара бар.
Қаза да бар көтере алмас қара нар.
Таба да бар –
Таңба болған сүйекке,
Тарих қана тасқа қашап жаза алар!

Ұмытылмас ұлы істермен жарысып,
Жаманаттар жағаласып,
Қарысып,
Жетіп келді жалаулатып бұл күнге,
Басты шауып,
Бақай қырқып,
Қан ішіп!

Бір біз емес,
Бар халықтың шемені
Шер-жүректі сыздатумен келеді.
Өзі өлтіріп ақындарын,

Себебі,
Ар алдында бетін баса береді.

Мәңгі-бақи серпілмейтін бұл бір мұң;
Ар жағынан сөйлеп тұрар мың жылдың.
Бәрі бекер –
Намыстандың, Қынжылдың –
Шырмауынан шыға алмайсың шынжырдың.

Сол бір шынжыр...
Сорлатады жаныңды.
Қайнатады «қазақ» деген қаныңды
Ұлы ақынның басын кескен қағынды,
Былғауда әлі біріңді емес,
Бәріңді!..
О, қайран ер!
Өзі батыр, өзі ақын –
Махамбет те жаза алмады қанатын.
«Елім!» деген еңіреген сол ақын
Қаныменен жазып кетті өз атын.

Жазып кетті соңғы жырын қанымен:
«Ораламын!
Кек аламын әлі мен!
Кезігемін сұлтанымен,
Ханымен,
Сайысамын сатқындардың санымен!..»

Жыры қалды!
Қаны қалды орнында!
Ақын басы сыып кетті қоржынға!..
Қандасыңның қанын ішіп,
Сордың ба,
Сорлы қазақ, елге мазақ болдың ба?!
Бұзық көп қой,
Қылық көп қой бойға сын –
Былай қойып былқып біскен қой басын,
Ұлы ақынның басын тартып ұлыққа,
Ықыластар тірлік тойын тойласын!

Солай! Солай!
Тірлік тойын тойлаған.
Ұлы ақынның басыменен ойнаған.
Сол қазақтай тарихта адам болмаған,
Соны ойласам –
Намыстанам, қорланам!..

Жасырсақ та жазылмайтын жараны,
Жыр етеміз жан шошитын қазаны.
Ат көтінде,
Ала қоржын ішінде
Ақын басы әлі кетіп барады.

Ақын басы айғай салып барады.
Ақын басы ойбай салып барады!
Ақын басы айғай салып барады!

ЕСКІ ҮЙ

Біздің ескі үй...
Маңайына шөп өскен.
Ауласы да көрінбейді тезектен.
Муңаяды моп-монтаны мұржасы:
"Осылай біз өлісеміз кезекпен".

О! Бұл үйдің тасып еді дәулеті,
Ғажап еді! Қазаны еді сәулеті.
Атағашқа байлаушы еді аттарын,
Нөкпаршы мен атбегінің аулеті.

Өркештеніп, "өзің ғой, – деп, – сүйенер",
Қора жаққа келуші еді түйелер.
Қабағынан қар бораған қара шал,
Киелерге – түйелерге иегер.

Былғатпайтын бұлақ басын, су басын,
Тізесіне тартар түйе шудасын.
Қара шалдың қаһарынан қорқып жұрт,
Әзірейіл көретұғын бурасын.

Бәрі де өтті... Күрсінесің... Не етесің?
Сол күндерге не бар екен жететің!
Қарлы қыста Қаробаны бетке алып,
Үш өркешті түйе желіп кететің.

Бала жастан басын ұстап "кеменің",
Батыр болсам, батыл болсам деп едім.
Үш өркешті түйе жоқ қой... үшінші,
Алты жасар "ортаңғы өркеш" мен едім.

Болды жолдас – түйе қомы, ат жалы,
Өттім талай "көпірменен аспалы".
Ғашық еді бар сәулеге жүрегім,
Ашық еді Ақсуаттың аспаны.

Ескі үй, міне, есеңгіреп тұр бүгін.
Тәмәм қылған әкемдей боп тірлігін.
Ессіз үйге ешкім кіріп бармайды,
Атағашқа кім байлайды шылбырын!?

Сан айтылған "сүйіншің" мен "көрімдің",
Бөлмелерді құстар апты орын ғып.
Арман қуып аттанып ем осы үйден,
Жан-жарымды түсіріп ем келін ғып.

Бар адамға тілей тұғын амандық,
Аластайтын келмесін деп жамандық.
Анам байғұс отыратын мынау жер –
Құлазып тұр құлап қалған қазандық.

Араладым асықпастан баршасын,
Құлағандай күңірендім жартасын.
Қабырғалар қараңдайды қамығып,
Маған беріп кір қожалақ арқасын,

Ескі үй саған, айналайын, не деймің,
Қайта-қайта тамағымды кенеймін.
Саған, сонсоң зират жаққа бір қарап,
Келген жаққа тірлік қуып жөнөймін.

СОЛ КҮНІ

Тыңда, досым –
Дүние – Жүрек соғып тұр,
Құдай көзі бар ғаламды көріп тұр,
Біз отырмыз сол бір күнді ойға ала.

Иә, солай, желсіз желтоқсанда аспанның
Күркіреген кезін көрген біз едік.
Сол бір күні сорғалаған жас қанның
Жауаңдаған көзін көрген біз едік!

Сызданыңқы, сұрланыңқы сол күні
Отаншылдық әні көкке зар атты.
Ата тегін ада қылған сорлығы
Ұйқысынан қатты жұлқып оятты.

Жасын оттай жарқылдады көңіл, ой,
Қарттар – күтті, жастар шықты ең алға.
Күнде осылай күркіреуші еді ғой,
Найзағайлы долы нөсер боларда.

Сол бір күні кең аспанды кернеді
Қазақ кегі... Қансыраған обалы,
Құлақ тұрді бүкіл әлем елдері,
Теңселді алғаш Кеңестердің одағы.

Есіңде ме, өртенді ғой жас кеуде,
Жығылғанда тұрмаспай боп соққыға,
Жаудай көріп отырғандар Мәскеуде
Бізді сонда жаздады ғой жоқ қыла!

Сол күндер-ай! Сол күндер-ай түнерген
Қайнады қан!.. Қалай жырлап берерміз?!
Ағаларды орынтақта шіренген
«Опасыздар! Отансыздар!» дегенбіз.

Кейін білдік – беріш болып қалады,
Жүрек қатты қапаланса – мұздаса.
Есіңе тек сол күндерді салады,
Сол күн сынған қабырғалар сыздаса...

ӘСЕР

Жатырмын,
Жалғыз, дарамын,
Жатырмын – Қайда барамын?
Түн сұлу кіріп бөлмеге
Қадайды маған жанарын,
Сыйлайды маған шарабын,
Ұятсыз ұйқы шарабын,
Ішемін соны, қанамын,
Тірі өлік болып қаламын.

Уақытша өлем,
Уланам.
Жылайды жырлар тумаған,
Кетеміз дейді желге ұшып
Жапырақ құсап құраған,
Шыққысы келер жырымның

Көшеге анау шулаған.
Қонғысы келер жырымның,
Жүрекке асау тулаған.
Тұлпардай оны тосады
Тусырап жатқан ту далам.

Білем ғой бәрін,
Түн уын
Сыйлап жүр "ішкін, ішкін" деп,
Жастыққа тамған тамшыдай,
Төсекке тамып түстім мен,
Меңіреу ұйқы күттім мен –
Жарымдай көптен күттірген
Түн тәнін ғана құштым мен.

Жатырмын
Ұйқы құшақтап,

Тәнімен ыстық баурайды.
Күндерім менің түсі аппақ
Бейтаныс жақта заулайды.
Өкпелеп кеткен сонау жыл
Арудан әсте аумады.
Жанымды солар жаулайды,
Жанымда түнек аунайды.

Түн, жаным!
Босат!
Жалынам!
Ішпеймін шарап – мен тойдым.
Жаралғам жарық жанынан –
Жібермей қойсаң – өртеймін!
Түн жаным, босат, жалынам.
Жібермей қойсаң – өртеймін!

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІ

және көшпелілік дүниетаным мәселелерін зерттеу туралы

Мендігүл НОҒАЙБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих,
археология және этнология факультетінің деканы,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Номадизм немесе көшпелілік өндірістің ерекше жүйесімен ғана емес, әлеуметтік қарым-қатынастар мен қоғамдық құрылымның ерекшелігімен де зерттеушілердің назарын өзіне аударып келеді.

Осы күнге дейін көшпелілер, соның ішінде қазақ халқының арғы ата-бабаларының тарихына қатысты мәселелерді зерттеуде, әрине, ең алдымен жазба деректердің мәліметтерін пайдаланып келдік. Дегенмен, бүгінгі таңда бұл деректерді жаңа көзқарас тұрғысынан қайта қарастыру мен оларды ауыз әдебиетінің мәліметтерімен салыстырмалы түрде талдаудың қажеттілігі туындап отыр. Әрине, бүгінгі күнге дейін фольклорды дерек ретінде пайдалану мәселесі қойылмады деуге болмайды. Дегенмен, жалпы көшпелілердің дүниетанымы мен руханият мәселелерін зерттеуде ауыз әдебиеті үлгілерін салыстырмалы түрде пайдалану бірден бір айқын жол екендігі анық. Себебі, әр халықтың ауыз әдебиеті оның жан-дүниесінен тікелей туындаған шығармалар. Қазақ халқының бай ауыз әдебиеті өзінің құнары мен көлемі жөнінен әлемдік фольклор мұраларының арасында алдыңғы қатарда тұр. Осынау мол рухани құндылықтарымыздың тарихи-мәдени мәні мен көркемдік деңгейі жөнінде осыдан екі ғасырдай бұрын бірқатар шетелдік ғалымдар оң пікір білдірсе, кейін орыс фольклортанушылары мен отандық зерттеушілердің еңбектерінде де жан-жақты, салиқалы да терең ой-тұжырымдар жасалып, ғылыми тұрғыда дәлелденді.

Қазақ фольклорын зерттеу ісі оның халық ішінен жинақталып, хатқа түсе бастаған кезеңімен бірге басталды. Кеңестік кезеңдегі жетістіктерімізді ескере отырып, дегенмен қоғамдық-идеологиялық мүдделерге сай келмеген діни дастандар, мифтік аңыздар, магиялық жанрдың көптеген үлгілері, тарихи жырлар, тағы да басқа фольклорлық мәтіндердің зерттеушілер назарынан тыс қалғанын да ескеруіміз керек. Жарық көрген туындылардың өздері түрлі қысқартуларға, мәтіндік өңдеулерге ұшыраған. Сондықтан, ауыз әдебиеті үлгілерін дерек ретінде пайдаланғанда осындай ерекшеліктерін де ескерген дұрыс.

Сондықтан, көшпелілер қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың ерекшеліктерін олардың жауынгерлік рухы туралы мәселе шеңберінде талдауға ұмтылды.

Этнологиялық бағыттағы зерттеулердің көпшілігінде көшпелілердің жауынгерлігі мен батырлығының себептерін олардың соғысқұмарлығымен байланысты түсіндіру басым. **Осындай теріс пікірлердің басым көпшілігі ағылшын зерттеушісі Дж.Флетчердің еңбегінде былай тұжырымдалған:**

-көшпелілердің ашкөздігі мен жыртқыштық табиғаты;

-даланың құрғауы;

-халық санының өсуі;

-отырықшы егіншілермен сауда байланыстарының үзілуі;

-отырықшы шаруашылық өнімдеріне деген зәрулік;
-көшпелілердің билеуші тобының басқа тайпаларға қатысты саяси үстемдікке ұмтылуы;

-өзінің жеке атақ-даңқын шығару мақсаты мен идеологиясына байланысты [1, 11-50-бб.].

Көріп отырғанымыздай, көпшілік зерттеушілер көшпелілердің батырлық өмір салтының қалыптасуы мен жауынгерлік рухының жоғары болуын сыңаржақ көрсеткен. Біздіңше, мәселеге басқа қырынан қарап, яғни көшпелілер қоғамындағы қандай себеп-салдарлар батырлық қасиеттердің ерекшеленуіне сұраныс туғызғаны тұрғысынан қойылуы керек.

Мұндай себептерді төмендегідей топтасыруға болады:

1) Жеке немесе ұжымдық қауіпсіздік. Дала өмірі өзінің қауіп-қатерге толығымен адамның жеке басы мен жақындарының қауіпсіздігіне жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Олар кез келген жағдайда орын алған кісі өлтіру, дене зақымын келтіру, дүниемүлікке қол сұғушылық сияқты қатердің алдын алу үшін тек өз басының батырлық қасиеттерінің басымдығымен ғана қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады.

Ауыз әдебиетінің үлгілері бойынша, батыр ең бірінші – Отан, ел, халық мүддесін жеке мүддесінен жоғары қояды. Мәселен, Мағжан Жұмабайұлының «Батыр Баян» дастанындағы Баян батырдың қалмақ қызымен жат елге қашып бара жатқан Ноян інісін атып өлтіруі де ар-намысты, батырлық, жауынгерлік дәстүрді туыстықтан жоғары қою әрекетінен туған [2, 170-б.].

Ел аузында сақталған әңгімелерде Арғын мен Найман тайпалары арасында үлкен дау-дамай туып, оның арты ушығып бара жатқанда Аралбай батыр өзінің он жеті жасар баласы Жандырды оққа қиғаны туралы оқиға баяндалады. Батырлар арасындағы бірлікті ру мүддесінен жоғары қойған Аралбай батыр мынадай шарт қояды. Құн даулап келген найман батырларының бірі көзін байлап, алдынан шауып өтуге келіскен Жандырды атуға тиіс болатын. Бұл Аралбай батырдың екі тайпа арасындағы кісі өліміне соқтырар құн дауын бейбіт жолмен шешуге тырысып, өзінің жар дегенде жалғыз баласын құрбандыққа шалып, тәуекелге барған қаракеті еді. Ал, Ақтамберді, Қабанбай батырлар өз кезегінде әкесінің сөзін екі етпей, көзделген жерге барып қалшып нысана болып тұра қалған Жандырдың бетінен сүйіп: «Адам бол, Жандыр балам! Жүрегің жаудан, тілегің елден қайтпасын!» – деп батасын беріп, екі ру бейбіт жолмен тарқасқан екен [3, 158-б.]. Міне, ел бірлігі жолындағы батырлардың биік принциптері осындай

қасиеттерінен көрінген.

2) Мүліктік кикілжіңдер. Дау көбінесе көшпелілердің басты байлығы малға байланысты туындайды. Барымта дәстүрлі құқықтық институттың құралы ретінде негізінен ашық түрде жүргізілген. Малдарын ұрлатқан жақ міндетті түрде кінәлілердің малын қуып алады. Бұл шын мәнінде ұрланған дүние-мүлкінің толық қайтарылуының кепілдемесі болып табылған. Батыры бар, қаруы сай ру, тайпа ғана өзінің мүліктік қауіпсіздігіне қол сұғушылықтан толықтай болмаса да, біршама тәуелсіз саналған.

Дегенмен, ауыз әдебиеті үлгілерінде барымтадан түскен олжаның мақсаты, мәнінің тереңірек екендігін көрсетеді. Мысалы Ақтамберді жырау:

*Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты,
Жұртынан шауып бостырып,
Түйедегі наршасын,
Әлпештеген ханшасын,
Ат артына мінезіп,*

Тегін бір олжа қылар ма екенбіз [4, 112-б], – деп жырлайды.

Бұл жерде жырау әрі қолбасшы Ақтамбердінің қалмақтар тарапынан көрсетілген зорлық-зомбылыққа ашуы шегіне жетіп, қазақ батырларының бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару арқылы жауға тойтарыс беріп, олжаға жету күнін аңсағандығы көрініп тұр. Бір жағынан Ақтамберді жыраудың «олжасы» қазақ халқының еркіндігі ұғымымен де сабақтасып жатқанын көруге болады.

Келесі жыр жолдарының да мазмұны қарастырылып отырған мәселемен сабақтасып жатыр:

*Мен – Қоянақ баласы...
Барымтада ожа алған,
Кезегін жауға өткізген,
Торғауыт бұзып жол салған,
Қарт Қожақ дейтін батырмын* [5].

3) Жер. Көшпелілер арасында негізінен басты жайылымдық жерлер үшін өзара қақтығыстар жиі болып тұрды.

Ата жұрттың амандығы мен тұтастығы, оның сыртқы жау тарапынан талан-таражға түсуі көшпелілер қоғамының әрбір мүшесі үшін жол беруге болмайтын жағдай. Мысалы, XVIII ғасырдағы қазақ жеріне анталаған жаулар туралы Ақтамберді жырау төмендегіше қинала жырлаған болатын:

*Сұмырайға күтпес сұмдықты,
Тіледік қашан, ойладық,
Көшіп, босып қоныстар,
Қанжығаға саптаяқ,
Қалайша бүгін байладық!
Үдере көшіп қонған жер,
Тоқырауын, Жамшы кеп,
Сарысу мен Атасу,
Бермекпіз кімге алшы деп?!
Ертістің ұзына бойына,
Шақырып едік біз қашан,
Осыған қорған салшы деп?!* [6, 57-б].

Жердің, елдің тұтастығын сақтау – көшпелілер үшін басты мұрат. Ол – мемлекет тәуелсіздігінің, халықтың бақуатты өмірінің басты кепілі. Бұл туралы түркі жазуларында да:

*Қызыл қанымды төктім,
Қара терімді ағыздым,
Күш-қуатымды бердім,
Бұл түрік халқына
Қарулы жауды келтірмедім,
Атты әскерді жолатпадым* [7, 76-б]. – делінген.

Осылайша жер мен елдің тұтастығын қорғау – көшпелілер қоғамындағы барлық әлеуметтік топтарды біріктіретін, оларды ортақ бір мүддеге топтастыратын басты фактор. Бұл қағиданы Махамбеттің мына өлең жолдары толық ашып көрсетеді:

*Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңқу-еңқу жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Тебінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық, шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,
Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай,
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай,
Ерлердің ісі бітер ме?* [8, 103-б].

4) Көшпелілердің кең көлемді шапқыншылықтары. Тарихта мұндай шапқыншылықтар туралы мысалдар өте көп. Зерттеушілер мұның себептерін әр түрлі түсіндіруге тырысқанымен, негізінен олардың пікірлерінің басым көпшілігі экологиялық теорияға келіп саяды. Дегенмен, осы теориялық бағытты қолдаушылардың өзі мұны екі қарама-қарсы көзқараспен түсіндіреді. Алғашқылар көбінесе өз пікірлерін көшпелілер қоғамындағы оң өзгерістермен байланыстырады. Мәселен, мал немесе адам санының өсуі жаңа жайылымдық жерлер іздеуге итермелейді. Бұл пікір алғаш рет Ибн Халдунның еңбегінде көрініс тапқан еді. Ал екінші топтағылар керісінше, табиғат апаттары, құрғақшылық, жұт және т.б. көшпелілерді жаңа жерлерді басып алуға итермелеген басты себеп деп түсіндіреді.

Еуразияның, соның ішінде орталық-азиялық аридті аймақ өрқашан климаттық толқулар процесінде жиі ұшырап отырған [9, 175-176-бб.]. Аталған аймаққа тән ерекшелік үлкен аумақты қамтитын ылғалданудың ұзақ фазасы мен құрғақшылықтың ауыспалылығы болып келеді. Ылғалдану фазасы туындаған жағдай көшпелі мал шаруашылығына негізделген аграрлы экономикаға қандай жағымды әсер етсе, ұзақ уақыттарға созылатын құрғақшылық жылдары жұтпен бірге келеді. Мұндай климаттық толқулар зерттеушілердің пікірінше 1-3 жылға дейінгі ұзақтыққа созылуы мүмкін. Бұл жағдайда көшпелілер табиғаттың мұндай ерекшелігін өз деңгейінде реттеп отыру механизмдерін меңгерген [9, 103-182-бб.]. Бірақ, кейде басқа жағдай да орын алуы мүмкін. Мәселен, маусымдық өзгерістерді есептемегенде ішкі циклдық өзгерістерге байланысты шаруашылыққа қолайлы аймақтар ондаған жылдарға дейін жарамсыз болып қалуы мүмкін. Осындай ұзаққа созылатын климаттық өзгерістер кезеңінде кең көлемдегі шаруашылықтық дағдарыстар құрғақшылыққа ұшыраған аймаққа ғана емес, көрші аумақтарға да өз әсерін тигізеді.

Осындай жағдайда көшпелілер социумы жаңа жайылымдық жерлер іздеу мақсатында басқа аумақтарға жаппай көшу, жылжуға ұшырайды. Мұндай көш өз кезегінде басқа аумақтарда орналасқан көшпелілердің дәстүрлі көші-қон маршруттарын бұзуға, оларды басып алуға әкеліп соғады. Бұл басып алулар, әрине, әскери қақтығыстар мен соғыстар нәтижесінде жүзеге асырылады. Себебі көшпелілер қоғамында әуел бастан барлық жерлер белгілі бір

ру-тайпаның қалыптасқан көші-қон аймағы болып табылатыны белгілі. Ал, табиғат апаттарының салдарынан жайылымдық жерлері жарамсыз болып қалған социумдар үшін жаңа жерлерді иелену әуел бастан олардың әскери қоғам ретінде де ерекшеленуін туғызады. Сондықтан жаңа жайылымдық жерлерді иелену жолында ең үлкен немесе ықпалды ру немесе тайпаның бастамасымен соғыс кезінде көзге түскен жауынгерлер мен қатардағы тайпа мүшелерінің арасынан осы әскери қимылдарды басқаратын тұлғаны белгілейді.

Кейде керісінше жағдай да орын алады. Мәселен, олар өздерінің ғасырлар бойы мекендеген жерлерін түрлі жағдайларға байланысты тастап кетуге мәжбүр болған. Бұл туралы Қазтуған жыраудың толғауында тамаша жырланған:

*Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ағала ордам қонған жұрт,
Атамыз біздің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт!* [10, 29-б.].

Бұл жерде көшпелі үшін барлық ғұмырының мәні болған, Отан синониміне айналған жердің адам өміріндегі мәні, маңызы мен барлық қадір-қасиеті айшықталып тұр.

Жырау, ата-баба жұртын, туған елін тастап кетіп бара жатса да:

*Сөйткен менім Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге*

Менен қалған мынау Еділ жұрт [10, 29-б.], – деп тілегін де білдіреді.

Осы жыр жолдары көшпелілер қоғамы мүшелерінің рухани ұстанымдарын да тамаша көрсетсе керек.

Туған жерімен қимай қоштасса да, Қазтуған ата-жұртына қарғыс, лағынет айтпайды, керісінше оның енді иеленетін жұртқа «қайырлы қоныс» болуын тілейді. Бұл – көшпелілер дүниетанымының өзіндік сипатын, олардың дархан даласындай кең пейілін көрсететін категория.

Сондықтан, көшпелілердің дәстүрлі өркениетін зерттеуде мемлекеттілік, қоғамның әлеуметтік-экономикалық ұйымдасуының формаларымен қатар, дүниетанымы мен руханияты мәселелерін, осы орайда туындайтын социум мүшелерінің өзара қарым-қатынастарының өзіндік ерекшеліктерін зерттеу алдыңғы орынға шығу қажет. Сонымен, қатар аталған мәселелерді зерттеу көшпелілердің төл ортасы тудырған ауыз әдебиеті материалдарын талдаумен тығыз байланысты болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Fletcher J. The Mongols: Ecological and Social Perspectives // Harvard Journal of Asiatic Studies. 46, No. 1, June 1986, p. 11-50.

2. Алмас қылыш: батырлар жыры / Құраст. Дәуітұлы С. – Алматы: Жалын, 1993. – 224 б.

3. Сматаев С. Елім-ай. – Алматы, 1978. – 158 б.

4. Алдаспан. – Алматы: Жазушы, 1971. – 241 б.

5. Ер Тарғын: Батырлық эпос/Қара сөзбен жырлаған М.Мағауин.–А., «Жазушы»,1985.-88 б.

6.Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. - Т.4. / ред. М.Сүндетов, алғы сөз авт., құраст. М.Мағауин. - Алматы: Ана тілі, 1993. - 176 б.

7. Йоллыгтегін. Күлтегін/ Ауд. М.Жолдасбеков. – Алматы:1986. - 76 б.

8. Қазақ ақындарының поэзиясы: Оқу құралы/Сүйіншәлиев Х.Ж.-Алматы:ҚазГУ,1982.-173-б.

9. Шнитников А.В. Изменчивость общей увлажненности материков северного полушария. – М.-Л.: АН СССР, 1957. – 337 с.

10.Бес ғасыр жырлайды. 2-томдық /Құрастырған М.Мағауин, М.Байділдаев.- Алматы: Жалын, 1989. - Т.1. - 384-б.

ДӘРУІШТЕР ҚОЛДАНҒАН ЗАТТАРДЫҢ МӘНІ ТУРАЛЫ

Ділдәш МҰСТАПАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университетінің доценті

Барлық діндерде сопылар, дәруіштер киген киімдер, ұстаған заттардың өзіндік сипаты мен мәні бары белгілі. Исламдағы дәруіштердің киімдері сопылықтың алғашқы кезеңдерінде (VIII – IX ғғ.) дәрекі, жүн матадан жасалса, кейінгі кезеңдерінде қатты, тығыз, түксіз кілем сипатты матадан, қойдың жүнді терісінен тігілген.

XIX ғ. дуаналардың жыртылған жамаулы киімдері жандапуш, хиркапуш деп аталған екен. Дәруіштердің басына киген бас киімі «құлақ», белбеулері «қамар» деп аталған [1, 179-б.].

1866 жылы Түркістанда болған суретші В.В.Вережагин өз жазбасында Түркістан қаласының өміріне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына тоқталып, сипаттама бере отырып: «шошақ

бас киім киген дәруіштердің жыртық киімдері, арқаларына асынған түйіншегі, бір қолында таяғы, ал екінші қолында асқабақтан жасалған ұзын ыдысы бар», – деп жазады [2. 52-б].

Дәруіштің киім киюі, киімдері мен заттарының мәні туралы мәселені қарастыра отырып, сол заманда дуананың жиегі қойдың жүнді терісімен жиектелген, жүн жіптермен кестеленген қызыл түсті бас киім киіп, кең белбеумен белін буып, ыдыс байлағаны туралы хабардар боламыз.

Ортағасырлық миниатюралардағы дәруіштер киімдерін зерттеген З.Рахимова киімдердің түстік мәнін недәуір ашқан. Өрбір түс Жаратушыны танудағы сопының шыққан баспалдағын, жеткен дәрежесін бейнелеген. Аспан көк, сары, қызыл, ақ

түстер Жаратушыны тану жолындағы шариғат, **тариқат, мағрифат, хақиқат** жолдарын көрсеткен. **Дәруіштің белбеуі** – оның алдындағы міндеттерін орындауға тас түйін дайын екенінің белгісі. **Бас киім** Жаратушының берген игілігін, нығметін сипаттайды. Сондықтан ұстаздың шәкіртіне бас киім сыйлауы – шәкірттің жеткен жетістігін мойындау, бата беруді көрсетеді. Зерттеушілер киім мен оның бөлшектері дәруіштің сопылық жолды игерудегі белгілі бір көрсеткіші болғанын, тақуаның әр қадамы киіміндегі бір бөлшекпен белгіленгенін айтады [1, 179-б.].

Дәруіштер бұрыннан келе жатқан ортағасырлық мұсылман халқының киімдерін – шапан, тайласан, белбеу, бас киімнен құлақшын, шалма киді. Сопылар оларды жаңа бір мазмұнмен толықтырды. Бұл киімдердің кейбір бөлшектері сопылардың жолдарының кезеңдерін бейнелеген деу-ге болады.

Әр түрлі тариқаттарда бас киім әр түрлі көлемде, түсте болды. Сопылық ордендердің басым бөлігінде бас киім толық матадан немесе үш, төрт жыртыстың бөлігінен біріктіріп жасалған.

Түркістан каландарлары туралы П.Поздевтін зерттеуінде бас киімнің бәрінде әліп, кәлима шахадат жазылғаны айтылады. Бас киімнің төменгі жиектері қойдың жүнді терісімен көмкерілген [3, 161-б.]. Бұл бас киімді киген дәруіш жан-жағынан, алыстан ештеңені көрмей, көз зинасынан сақтанып, тек Жаратушыны ойлау керек деген сенімге негізделген. Мұхаммед пайғамбарымызға (с.а.а) Жебірейл періште арқылы көктен берілген бас киім, шапанды төрт бөлікке бөліп, Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әлиге, төрт халифасына берген көрінеді. Бас киімнің төрт бөлікті матадан құралуының бір себебі осы болса керек. Дәруіштер рухани үстемдік белгісі ретінде **хирка** киген. Түркістан дәруіштері **өземер бөлдік** байлаған. Ол бөлдікті байлаудың өзіндік бір мәні бар. **Риазат белбеуі** – құлшылық ету, тақуалық, Құдай жолына біржола түсуді білдіреді. Бөлікті мүридтікке бел буғанда құрбандыққа шалынған қойдың жүнінен жасалған. П.Поздев өз зерттеуінде Түркістан каландары белбеулерінің ені 25 см. болғанын, оған **қанағат тасы** бекітілгенін айтады [3, 174 б.].

Зерттеулерде: «Ахмет басында тәж болатын, бұл тәж, күпі, шырақ, дастархан (софра), байрақ және жайнамаз аманат ретінде Тәңір тарапынан Хз. Мұхаммед пайғамбарға берілген. Күпі-кебенек ығына жабылады» [4, 79-б.] деп айтылады.

Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикмет» шығармасында дәруіштердің киімі, заттарының рухани мәні туралы келесі хикметтерінде баяндалады:

*Жол үстінде елпілдер тілдескенде дәруіштер,
Желбегейі желпілдеп күн кешкен-ді дәруіштер.
Асатаяқ – жасқары, бел дорбада ас-дәмі,
Алла деуден басқаны білмеген пенде дәруіштер.
Кір шекпені иінде, жүз мың арман ділінде,
Екі әлемді біліңдер ілмес көзге дәруіштер...*
(43-хикмет) [5, 105-б.].

*Махаббаттың асасын қолға алып,
Бақыт тонын ыққа киіп алып,
«Иухиббуһум шарабын ішпейінше,
Иухиббуһуһу шапанын кимейінше,
Шариғаттың шапанын кимейінше,
Құлшылықтың белбеуін бумамайынша,
Хақ дидарын қалауынша көріп болмас... (66-хик-*

мет). [6, 80-б.].

*«Алла Тағала да пенделерін сүйеді, пенделері
Алласын сүйеді. Аллага деген махаббаттың белгісі
– шапан кию»* деген тұжырымға негізделген.

Қожа Ахмет Ясауи шығармасында дәруіштердің шапаны, мәні туралы келесі хикметте:

*Балх мүлкін тастап, түксіз кілем киді Әдһам,
Түксіз кілем киіп тура жолға ұрды қадам,
Тура жолға солай қадам ұрғым келер,
Тақыр кілем киген ол әзіздер Хаққа жағар.
Себебі сырлары дүкен ішінде Хақты табар.
«Уһ» терінен Ұлы таулар сезіп ағар,
Жақсы болып, ол тақыр кілемді кигім келер...*
(73-хикмет.) [7, 88-б.].

Сопылардың алғашқы кезеңде (VIII – IX ғғ.) киген киімі дәрекі, жүн матадан жасалған киім, кейінгі кезеңдерінде X – XI ғғ. қатты, тығыз, түксіз кілем сипатты матадан, қойдың жүнді терісінен жасалған, жалаңаш денеге киген киімдермен алмастырылған. Ертеден шапан жабу, тулаққа отыру рәсімдері елдің өмірінде болды, ол кейінгі замандарға дейін өзінің рухани мәнін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келді. Дәруіштер, мүршидтер текке, завия, тақия, кесене, т.б. сопылар қоныстанған жерлерде дәруіштікке бет бұрған мүридтер, олардың ұстаздары отыратын жерлерге төсеніш ретінде тулақтар қолданылғаны белгілі.

Исламдағы сопылықты, тариқаттарды зерттеген еңбектерде қырқа, шапан киюдің сопыларда екі мағынасы бар деп талдайды.

Олар:

Ирада хиркасы (қырқа).

Теберік хиркасы.

Ұстаздың шәкіртіне берген қырқасы, нағыз мүридке арналған ирада хиркасы болса, теберік хиркасы сопыларға еліктегендерге жабылған.

Елде «теберік», «тәберік» деген сөз бар. Ол рухани күш, мейірімділік жақсылық, қасиеттің ұрпақтан-ұрпаққа берілуі. Жақсы қасиетті болу деген сенімге негізделген [8, 97-б.]. Қазақтардағы шапан жабу, көйлек кигізу рәсімдерін осы тұрғыдан еске түсіруге болады.

«Хирка-қырқа» сөзінің мағынасына келсек, **харака** етістігі – жырту, жалпы айтқанда қырқу, жыртқық, жамалған киім деген мағына береді. Жыртыстарды қырқу, құрап тігу арқылы ел өз тұрмысына қажетті құрақ көрпе, жастықтар, т.б. жасағаны белгілі. Елде қайтыс болған адамға жыртыс беру және сол жыртыстардан құрақ құрау дәстүрі бар.

XIX ғ. II жартысында Түркістан өлкесіне экспедицияға шыққан С.П.Дудиннің коллекциясында Орта Азия халықтарына, қазақ халқына қатысты үш коллекция болды. Онда елдің заттай мәдениетін көрсететін заттар ішінде киімдер де бар.

Жанда, хирка (қырқа) аттары каландарлардың жарғыларында, киім атын атағанда қолданылған [9, 138-б.]. **Хирка** – шүберек, жыртқық немесе жамалған жамылғы. Ол сопылық тариқаттардағы шәкіртке арналған рәсімде кигізіледі. **Жанда** – қолдан тоқылған кең және тар торлы сипаттағы мата [10, 149-б.].

Зерттеулерде атап көрсетілгендей, дәруіштің қолданған заттары мыналар: қырқа (шапан), белбеу, бас киім, аса, аяқ киім, ыдыстар, т.б.

Бас киімді, конус сипатындағы құлақшынды Орта Азиядағы дәруіштер әр кезеңде қолданған жә-

не олар өте қарапайым болған. Олардың жыртық жамалған киімдеріне сәйкес **жандапуш, хиркапуш** деп аталған.

Дәруіштің киімдерін Р.Я.Рассудова тарихи-этнографиялық тұрғыдан Антропология және этнография мұражайының Орта Азия және Қазақстан коллекциясы бойынша каталогқа [1], ал **А.Л.Троицкая** каландарлар жарғыларында көрсетілген киімдері мен заттарының құрамына, Орта Азиядағы діни қызметкерлер, сопылар мен дәруіштер киімдеріне, құралдарына қарап [9], **З.Рахимова** гераттық миниатюраларға сүйеніп талдаған [12].

Дәруіштің жамалған киімдеріне қатысты бір-неше пікірлер бар. Сопылық ілім жоғары рухани деңгейге жеткен ұстаздың басшылығымен игеріліп, олар «шейх», «пір», «ишан» деп аталды. Дәруіш киіміндегі жамау оның өткен мектебі мен алған ілімі туралы белгі деген тұжырымдар кездеседі. **Бас киім-құлақ, қамар белбеу, дәруіштер киімдерінің ажырамас бөлігі болған.**

ХІХ ғғ. В.В.Верещагиннің суреттерінде «дуана» деп атаған дәруіштер бастарына кестелеген құлақшын, бас киім киген, қамар белдікпен бел буған, жыртық, жамаулы сырт киім киген сипатта бейнеленген [13]. Дуана, каландарлардың **аса, қауақ ыдыстарды** ұстағанын осы деректерден көруге болады. Шошақ бөрікті кию, оның шығу негізі ерте кезеңнен бастау алады. **Киізден жасалған шошақ бөрік** сақтар кезеңіндегі б.д.д.І мың жылдықтағы сақ тайпаларының киген бас киімі, ол тайпаның атын бейнелесе, **Есік қорғанынан табылған Алтын адамның бас киімін** де зерттеушілер көсем-жауынгер, абыз-бақсы киімі деп атаған [14, 43-52-бб.].

Киім дүниетанымда микрокосмос және әлемнің арасындағы шекара ретінде бейнеленді. Ежелгі түркілік кезеңнен бас киім сиынудың міндетті атрибуты болған. Түркілік наным-сенімде белбеу адамдар әлемімен байланыстың белгісі, оның нақты бір әлеуметтік ортаға тән екендігін бейнелеген. Түркі халықтарында белбеу алған адам (бала) рудың қорғауына ие болды деген сенім болды. **Белбеу – көшпелі ортада әскер, жауынгер қатарына алынудың атрибуты, түркі әлемінде ол әлеуметтік деңгейді көрсететін белгі қызметін атқарған [15, 183-б.].**

ХІХ ғ. ортасында Түркістанда болған зерттеушілердің дәруіштер, каландарлар туралы жазбаларында, суреттерінде келесі деректер келтіреді. Олардың басында шошақ бас киім, үстерінде жамау шапан, қолдарында таяқ, су құятын ыдысы, аяқтарында кебісі болған. Су құятын ыдыстарды зерттеулерде кокос, асқабақтан жасаған деген тұжырым келтіреді. Жергілікті жерде өсетін өсімдік түрлеріне назар салғанда көбіне асқабақ түрлерінің ыдыстар жасауда қолданғаны байқалады. Асқабақтың қатты сырты өңделіп, су құятын ыдысқа айналдырылған. Мойын тұсына жібі ілініп, дәруіштің сапарында су құйып алып жүретін заты болды. Мұндай заттар ел арасынан алынып, мұражай қорларында сақтаулы.

Дәруіш киімдерінің негізгі материалы жүн шекпен, қарапайым маталар болған. Негізгі киімдер туралы айтқанда әрбір сопылық бағыттың өз ерекшелігі және ортақ белгілері болды. Дәруіштер киген киімдер, ұстанған заттары әр жердің даму, жергілікті заттай мәдениетті игеру ерекшеліктеріне

қарай өрбіді. Елдің ертеден келе жатқан рухани, заттай құндылықтары жаңа сипатта өріс алып дамыды.

РЕЗЮМЕ

Дильдаш Мустапаева. О значении предметов, которыми пользовались дервиши.

В статье рассматриваются исследования, связанные с одеждой дервишей и предметами, которыми они пользовались. Проводится разбор духовного значения, особенностей одежды и предметов, которые носили дервиши. Сделан обзор особенностей их изменения и дополнения.

ABSTRACT

Dildash Mustapayeva. The meaning of items used by dervishes.

The article deals with the researches related with clothes and items used by dervishes. Its spiritual values and features are analyzed. A review of the features of their alteration and modifications is made.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Рассудова Р.Я.** К истории одежды среднеазиатского духовенства// Памятники традиционной культуры народов Средней Азии, Казахстана и Кавказа.–Ленинград: Наука, 1989. –222с.
2. **Верещагин В.В.** От Оренбурга до Туркестана. 1867-68 гг. // Всемирный путешественник. 1874. N5., **Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А.** Средневековая археология города Туркестана. –Туркестан: Мирас, 1998. –228 с.
3. **Поздев П.** Дервиш в мусульманском мире. –Оренбург: Типография16 Брелина, 1886. -190с.
4. **Намық Кемал Зейбек.** Қожа Ахмет Ясауи жолы. –Анкара: Бойут, 2002. -96 бет.
5. **Қожа Ахмет Ясауи.** Диуани Хикмет.. –Алматы: Жидебай, 2009. -312 бет.
6. **Қожа Ахмет Ясауи.** Диуани Хикмет (Даналық кітабы). –Тегеран: әл-Худа, 2000. -183 бет
7. **Ахмет Ясауи.** Диуани Хикмет (аударма, транскрипция, мәтін сөздер). –Түркістан: Тұран, 2010.-400 бет.
8. **Тримингэм Дж .** С.Суфийские ордены в исламе. пер. с.англ. А.А. Ставиской, О.Ф.Акимущкина. –М.: Наука «Главная редакция Восточной литературы», 1989. -328 с.
9. **Троицкая А.Л.** Из прошлого каландаров и мадахов Узбекистане//Домусульманские верования и обряды в Средней Азии.-М., 1975. –С.138-191
10. **Садыкова Н.С., Левтеева Л.Г., Султанова Н.К и др.** Кустарные промыслы в быту народов Узбекистана XIX-XX вв. –Ташкент: Фан, 1986. -161 с.
11. **Мец А.** Мусульманский Ренессанс. –М., 1973. -283 с.
12. **Рахимова З.** Суфийская концепция одежды в costume шейхов и дервишей (по данным познегератской миниатюры)//Санат. 01.04.2008. вып. 2.
13. Туркестан: Этюды с натуры Верещагина. Спб, 1874.
14. **Акишев К.А.** Курган «Иссык»// В глубь веков.-М., 1978.-С.43-52.
15. Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Пространство и время. Вещий мир./ Львова А.Л., Октябрьская И.В., Сагалаев А.М., Усманова М.С. –Новосибирск: наука, Сиб.отд., 1988.-225с. –С.183.

Түркістан қаласы.

ҚАРАТАУ, ТАЛАС ӨҢІРІНІҢ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Лаура ҚАРАБЕК,
Тараз мемлекеттік университетінің 2-курс студенті

Туған жер – адамзаттың кең дүниенің есігін ашып, өмірге келген жері. Бізге дейін сан толқын ұрпақтың кіндік қаны мен маңдай тері тамған киелі мекені. Дүниеде ең құдыретті ана болса, Жер Ана – барлық халықтың анасы, тіршіліктің нәрі. Туған жер – халқымыздың бойына нәр құятын алтын бесігі, негізгі мекен жайы, ұлттық рухтың қуат алар қайнар көзі. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Туған жер» бағдарламасында: «Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды», – деп атап көрсеткен.

«Әркімнің туған жері – Мекке» деген дана халқымыз. XV ғасырда өмір сүрген Асан қайғы Сәбитұлы Талас жерінің шұрайлы, елінің шырайлы екеніне таң қалып: «өңгеріп алып кетер ем, әттең аттың сауырына сыймайсың-ау», – деп, өкіне-өкіне желмаясымен желіп кетіпті.

*Тапқаныңнан жат жерде алтын уыстап,
Туған жерде жүрген артық ту ұстап.
Елге еркелеп жүргеніме қуанам,
Атамекен ауасымен тыныстап.
Ортақ бесік әруақ пен тірі үшін,
Сені сатып көрген күнім құрысын.
Сенен артық мекенді мен таппаспын,
Дүниенің кезсем де төрт бұрышын, –*

деп, Н.Қашағанұлы жырларында туған жерге деген ыстық сезім мен зор сүйіспеншілік айрықша айтылған.

Тәңірдің жаратуымен жер шары пайда болғанда топырақтың алғашқы белгі-бедері Қаратауда пайда болған деп, дүние жүзінің ғалымдары да мойындады. Өйткені Тәңір жаратқан Тәңірқазған мен бөріге бас иген ежелгі түркі жұртының Бөріқазғаны да Талас жерінде жатыр. Сан ғасырлар адамзаттың алтын бесігіне айналған Таласты, Қаратауды «қазақ тарихының түп қазығы» деп Елбасымыз бағалаған.

Жаратылыс иелерінің тұрмыс-тіршілігіне қолайлы жер, тұруына сая болған Талас ауданы – ежелден қанаттыға қорек, тұяқтыға жем-шөп, аяқтыға қоныс-тұрақ. Адамдардың өмір сүруіне жайлы орта болған аймақта адамзат тарихының сан ғасырлық тарихы жатыр. Қойнауы қызыққа толы қарт Қаратау мен арнасын талай тасулар өзгерткен Таластың өзені қилы-қилы кезеңдерді бастан өткізген өңірлер.

Жерлес ақын Нарша Қашағанұлы «Қаратау» атты өлеңінде:

*Қарт Қаратау бұлт кетпес шыңынан,
Қалған аман сан ғасырлар сынынан.
Қарап тұрсаң, тұнжыраған осы тау
Қазағымның жаралғандай мұңынан.
Қарап тұрсаң қатпар-қатпар басынан,
Тарих сөйлер тарғыл-тарғыл тасынан.
Бұлақтары мың суалып, тасыған,
Жаралғандай қазақтың көз жасынан, –*

деп, осы жерлер талай сырларды қойнауына бүгіп жатқанын, терең тамырлы тарихымыздың өткен өмірінен мол сыр шертетінін жырлаған. Себебі жер – өткеніміздің куәгері. Ол адам аяғы жерге тигеннен бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихы тау-тасқа таңбаланып, жерге жазылып қалған.

«Тарихты білмей, өткенді қазіргі жағдайды білу,

келешекті болжау қиын», – деген екен ғұлама ғалым Әбу-Насыр-Әл-Фараби. Ал Елбасымыз Н.Назарбаев «мен қазақ болғандықтан, қазақ мемлекеттілігінің бес ғасырлық төл тарихын білуге тиіспін», – деген еді.

Талас ауданы – тарихымыз үшін берері мол, заттай дерек көзі болған археологиялық ескерткіштерге бай өлке. Тарихи-мәдени ескерткіштер ілкі замандардан бері адамзат дамуындағы күрделі үдерістермен тығыз байланысты. Өлкеде тас дәуірінен дамыған орта ғасырлық кезеңге дейін көптеген археологиялық ескерткіштер қалыптасып, дамығанын археологиялық мәліметтер дәлелдеп отыр.

Әрбір халық өткен кезеңінің рухани қазынасын игермей, өз ұлтының сана-сезімін қалыптастырар тарихи біліммен сусындамай тұрып, өзін толыққанды ұлт ретінде сезіне алмас. Тәуелсіздік алғаннан бері біз ұлттық қазынамызды қайта жинақтай бастадық. 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы негізінде Талас ауданы өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштерін қайта жаңғырту үшін Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институты мен Археологиялық сараптама ЖШС археологиялық экспедиция (жетекшілері Е.Ш.Ақымбек, Ш.А.Құдабаев) ұйымдастырып, барлау жұмыстарын жүргізді. 2009 жылы жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесінде барлық саны 230 ескерткіш есепке алынды. Археологиялық ескерткіштерді сыртқы құрылысына, ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Тас дәуірінің тұрақтары мен табылу орындары, тасқа салынған суреттер мен таңбалар, жекелеген оба, обалар тобы, обалар қорымы, ортағасырлық бекініс, мекен, мұнара, қала, тас қоршау, тас құрылыс, тас көпір, ойын тас тақтасы, суландыру жүйесі мен өзен арнасы.

Тек өсетін ел ғана ғасырлар қойнауында жатқан рухани құндылықтарын жинап, оларды бүгіннің, ертеңнің рухани несібесіне айналдыруға қадам жасайды. Келер ұрпағын дәстүрлі ұлттық құндылықтарымен қоректендіруге күш салады. Өткеннің рухынан нәр алған ел ғана ертең қайратты болмақ. Өйткені өткен тарих пен мәдени мұра мемлекеттің де, ұлттың да өзегі.

2017 жылы қабылданған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы мәдени ортада зор серпіліс туғызып, халқымыздың тарихи, әлеуметтік, мәдени, рухани жадын жаңғыртуда маңызды рөл атқаруда. Ұлт тарихы өлке тарихынан бастау алады. Бүкіл адамзаттың құндылықтарын ұлттық құндылықтар құраса, өлке тарихы – сол құндылықтардың бастау бұлағы. Оқушы өз өлкесінің тарихи тамырларын отандық тарих және әлемдік тарихпен байланыстыра алғанда ғана тарихтың күре тамырының соғысына баға бере алады. Өз өлкесінің тарихын қастерлей білген оқушы, өзге елдің тарихын құрметтей алады. Оқушыларға туған жерінің тарихы жайлы мағлұмат беруге, оқушыларды жалпы ұлттық құндылықтарды қастерлей білуге үйрету, туған жері мен өзінің ұлтын сүйуге тәрбиелеу, оқушы бойындағы ұлттық рух, сана-сезім сияқты елжандылық қасиеттердің пайда болуын қамтамасыз етеді.

Тарихты терең қатпарларын аманат болып жеткен тарихи-мәдени байлығымыздың құндылығын әрбір жеткіншегіміз білуі керек. Өткен замандардан жеткен мұралар бүгінгі ұрпақ үшін тарихтың қарапайым куәгері емес, сонымен бірге қазіргі сан тарау мәдениетіміздің бой көтерген берік тұғыры.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ИДЕЯСЫ

Гүлнар ҚОЗҒАМБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Қазақстан
тарихы кафедрасының доценті,
Гүлжан РАШЕВА,
Қ.А.Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназияның
тарих пәні мұғалімі, тарих ғылымдарының кандидаттары

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы дербес мемлекет ретінде қалыптасып, дүние жүзілік даму үдерісінде алатын орны айқындалып келеді. Осындай күрделі үдерістер мен мемлекеттің болашақ дамуындағы тағдыры шешілер тұста оның төл тарихына, өткенін зерттеуге қызығушылық артып отыр. Қазақ халқының ғасырлар бойы отаршылдық пен тоталитарлық жүйеге қарсы жүргізген ұлт-азаттық күресі, ұлттық мемлекеттікке бағытталған күресі Қазақстан Республикасының халықаралық қауымдастық мойындаған ұлттық зайырлы және құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуына игі әсер етті.

XX ғасырдың басында мемлекеттілік үшін күрестің мәні мен мазмұны бағдарламалық сипат алды. Біріншіден, азаттыққа қол жеткізу үшін қозғалыс басшылығына ұлт зиялылары келді. Олар азаттық идеологиясын жасау, саяси партия құру сияқты күрделі мәселелерді қолға алды. **Екіншіден,** ұлт зиялылары мақсатқа жетудің түпкі жолдары мен құралдарын қарастырды. Олардың түсінігі бойынша мақсатқа жеткізер негізгі ішкі фактор – ұлттық тұтастыққа жету мен жалпыұлттық сананы қалыптастыру еді. Келесі негізгі маңызды мәселе Ресей империясында басқа да ұлттардың, әсіресе, мұсылман және түркі халықтарымен дербес мемлекет болуы жолындағы күресте күш біріктіру көзделді, яғни дербес мемлекеттілік үшін күрес дәл осы тарихи кезеңде ұлттық ауқымда да, сондай-ақ жалпыресейлік кеңістікте де жаңа мақсатты сапаға көтерілді. Өз кезегінде XX ғасырдың басындағы мемлекеттілік жолындағы күрес пен бүгінгі таңдағы мемлекеттілікті, тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы тікелей сабақтас байланысты аңғару қиынға түспейді.

Ал, қазақ зиялыларының қоғамдық қызметінде мемлекеттілік үшін күрес әдістері болды ма, жоқ әлде саяси топтардың патриоттық, ұлт-азаттық жолындағы күресте қолданған өзге әдіс-тәсіл жолдары болды ма? Осындай сұрақтардың жауабын табу қазіргі таңдағы, біз өмір сүріп отырған тарихи кезеңдегі алдымызда тұрған міндеттерді тура түсіну мен пайымдау үшін қажет. Қазіргі ұрпақ үшін қазақ зиялыларының қандай тарихи жұмыс атқарғандығы ғана маңызды емес, нақ сондай дәрежеде олардың қайраткер ретінде бар болмысы мен кім болғанын зерттеудің мәні зор болмақ. Өйткені барлық өркениетті қоғамда әрбір ұрпақ өзінің ерекшелігін, тарихи борыш-міндеттерін тарихи контексте зерттеу арқылы терең толық түсіне алмақ.

Ө.Бөкейханов қазақ халқының мемлекеттік дербестігі үшін XVIII ғасырда Абылай ханның, XIX ғасырда К.Қасымұлының бастауымен жүргізілген күресті XX ғасырдың басында, яғни жаңа тарихи жағдайда одан ары жалғастырды. Ол жаңа тарихи кезеңде ұлттық

мемлекеттік идеясын теориялық тұрғыдан негіздеуші, сондай-ақ осы мақсатқа жеткізуге тиіс болған жол мен әдіс құралдарды анықтауда жетекші рөл атқарып, көзі тірісінде-ақ ұлт-азаттық қозғалыстың көш бастаушысы ретінде жалпыұлттық деңгейде мойындалды. Әлихан Бөкейханов және оның жақын серіктестерінің мақсатты еңбегінің нәтижесінде қалыптасқан Алаш қозғалысы ұлт шежіресіне бүтін бір зиялылар буынының елдік болмыс пен құндылықтар үшін жанкешті азаматтық арпалысты күресі ретінде енді. Басқаша айтқанда, Алаш қозғалысы елдік тарихымызда ұлттық мүддені негізгі мұрат есебінде биік ұстаған ұлттық идеяның сабақтастық дәстүрі болғандығының айқын көрінісі. Әлихан Бөкейханов пен оның серіктестерінің ұлт тарихы мен мәдениетінде алатын орны да олардың осы негізгі ұстанымды белгілі тарихи кезеңде ашық та анық білдіріп, өз өмірлерін осы мақсатқа арнағандығында еді. Уақытша үкіметтің ұлттық мәселені шешуге бейім болмауы қазақ зиялыларын Қазақстанда мемлекеттік билікті өз бетінше қалпына келтіруге итермеледі. Ұлттардың өзін-өзі билеуін ғана емес, мәдени автономияны мойындаған кадеттер партиясы мен қазақ зиялылары келіспеді, Ресей құрамында автономиялық мемлекеттің құруды мақсат етті.

Саяси жағдай тез өзгеріп отырғандықтан, қазақ зиялыларының басшылары жалпықазақ съезін шақыруды жылдамдатты. Оның үстіне Ө.Бөкейханов кадеттер партиясымен жер, ұлттық-мемлекеттік құрылыс, дін мәселелері бойынша келіспеген соң осындай күрделі мәселелерді шешу үшін бүкілқазақ съезін шақыруды дұрыс деп есептейтінін ашық түрде мәлімдеді. Қазақ саясаткерлері 1917 жылдың күзінде мемлекеттік тәуелсіздікке жетудің түрлі жолдарын қарастырды [1,53-б.]. Съезд бекіткен Экономикалық Кеңес, яғни, негізгі заңды даярлайтын комитет құрамына қазақ өкілдері де енді. Съезд сайлаған Сібір Кеңесінің құрамына Қазақстаннан Құрылтай жиналысына сайланған депутаттар Ө.Бөкейханов, М.Тынышпаев, Х.Ғаббасов, Е.Итбаев, С.Досжанов енгізілді [2,11-6б.]. Ө.Бөкейханов Сібір автономиясы құрамына Қазақстанның енуін уақытша шара деп түсіндірді. Сөйтіп, «Қазақ» газетінде былай деп көрсетті: *«Біз ойладық, әуелі Сібірге сүйеніп, тасымалдап, жалғасып көшіп кетелік: жіп жалғап, зор мемлекет күрмеуінен құтылып ап, отау болып соңынан бөлінелік деп»* [3]. Ө.Бөкейханов Том қаласында өткен Сібір автономистерінің съезінен қайтар сапарында Семей қаласына тоқтап, 12-13 қазан күндері қала тұрғындарымен кездесіп, баяндамалар жасады [4,19-б.]. Кездесудегі сөзінде Ө.Бөкейханов автономияның түрлеріне сипаттама беріп, *«автономия үш түрлі: бірінші, қаны біргелік; екінші, жері біргелік; үшінші,*

шаруасы біргелік болады дей келіп, қазақ жері біргелік автономияны қабылдап, Сібірге қосылғаны пайдалы. Сібірден автономия сұрасақ, бөгет қылмайды. Себебі: Сібір автономиясында басы қосылса, қазақ көп. Елеулі әскері бар, елеулі білім-мәдениеті бар, елеулі ішкі Россияға кететін шаруашылық нәрселері бар. Бөлек автономия боламыз десек, сыбағамыз Сібірдің шағын қазанынан жылдам тиіп отырар. Сібір Думасында якут, бурят, басқа бұратаналармен қосылып, көпшілікті, яки тең боламыз. Қоныстас мұжық қазақтың жеке автономиясының ішінде қалам демес. Араларындағы қазақтар жерін оларға қалдырып кете алмас. Сібірге қосылуға мұжық даяр», – деп көрсетті [2,148-б.]. Ә.Бөкейхановтың бұл жақындасу негізінде елде қалыптасқан саяси тұрақсыздық жағдайынан шығу және қазақ автономиясы идеясын жүзеге асыру жолдарын қарастыру және мемлекеттік құрылыс мәселесінде тәжірибе жинақтау мақсатын көздегенін ұғыну қиынға түспейді.

Қазақстанның барлық облыстарынан дерлік өкілдер қатысқан алғашқы бүкілқазақ съезі 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өтті. Күн тәртібінде 14 мәселе тұрды: мемлекеттік басқару жүйесі, қазақ облыстарының автономиясы, жер мәселесі, халықтық милицияны құру, земство, халыққа білім беру, сот рухани-діни мәселелер, әйел мәселесі, Құрылтай жиналысын шақыру және оған қазақ облыстарындағы сайлауға дайындық, жалпыресейлік мұсылмандар съезі, қазақтың саяси партиясын құру, Жетісу облысындағы оқиға, қазақтардың Киевтегі бүкілресейлік федеративтік кеңесіне және Петроградтағы халыққа білім беру комиссиясының жұмысына қатысуы [5]. Делегаттар ұлттық автономия, жер мәселесінің шешілуі, Құрылтай жиналысына дайындық және қазақ саяси партиясын құру мәселелеріне басты назар аударды. Съездің басталуына бір ай уақыт қалғанда "Қазақ" газетінің беттерінде автономия мәселелеріне арналған бірқатар мақалалар жарияланып, түрлі көзқарастар білдірілді. Газеттің 1917 жылғы 24 маусымдағы санында мынадай пікір бар: "Егер нақты түсінікті болса, онда автономия қажет, онда қазақтар үшін анағұрлым көкейге қонымдысы қандай түрі мемлекеттік автономия немесе федеративтік автономия ма? Егер біз аймақтық автономия түріне келсек, онда оның негізі болып территория немесе мәдени ерекшелік алына ма? Қазақтар тәуелсіздікке талаптана ала ма немесе оған басқа халықтармен одақта қол жеткізе ала ма?" [6].

А.Байтұрсынов пен М.Дулатов тәуелсіз автономиялық қазақ мемлекеттігі туралы пікір білдірді. Ә.Бөкейханов "демократиялық, федеративтік, парламенттік Ресей республикасындағы" қазақ ұлттық, территориялық автономиясын жақтады. Осы көзқарасты көпшілік қолдады. Съезд қарарларында "Қазақ облыстары территориялық ұлттық автономия алулары тиіс", – деп көрсетілді [7]. Аталған мәселелермен қатар съезде "Алаш" ұлттық саяси партиясы құрылды. Оның қарарларында "Қазақ" партиясының құрылу қажеттілігін мойындай отырып, съезде қазақ өкілдері атынан бүкілресейлік мұсылмандық кеңесте осы партияның бағдарламасын жасауды тапсырады, оның үстіне «саяси бағдарламаның негізіне демократиялық, федеративтік, парламенттік республика құрылсын деген талап қабылдануы керек», – деп жазылды [8]. Ә.Бөкейханов мәселенің күрделілігі мен қиындығын ашып көрсете келіп, былай дейді: "Қазақ

болып автономия боламыз десек, алдымызда шешуге қиын бір жұмбақ бар. Орал, Торғай, Ақмола, Семейде көп мұжық бізбен қоныстас; бұл облыстарда мұжық пен қазақ қым-қиғаш аралас. Мұжықпен аралас қазақты тастап, ылғи қазақ болып шығамыз десек, қазақ орыста қалады; қазақты бұл жерден көшіріп аламыз десек, бұл ата қонысынан көшпек; көшсе ақылсыздық болады; қазақ жерінің ең жақсысы осы мұжықпен аралас отырған жер. Түбінде қазақ ұлты бір автономия бола қалса, іштегі орысты ала кетеміз бе деген үміт. Біздің қазақ ұлтының автономиясы енді тұрмыс халда туысқан автономиясы болар емес; жерге байлаулы автономия болмақ. Ішіміздегі орыс мұны мақұлдайтын көрінеді" [9].

XX ғасырдың басында қазақ халқын өркениетке сүйреген зиялылар тобы ұлты үшін жан аямай қызмет етті. Алайда олар «халық жауы» деген жалаға ұшырады. 1917 жылы билік басына келген большевиктер Алаш партиясының мүшелерінің қазақ ұлтының мүддесін көздеген бағдарламасын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Осылайша, күллі қазақтың ұлттық рухын жою мақсатында әуелі Алаш зиялыларының соңына түсіп, оларды соттады, жер аударуды, соңында ату жазасына кесті. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде «...қазақ халқының кейбір данышпан перзенттері мен көсемдері тарихтың қарғыс атқан тұзағында тұншықты, ұлттың амандығы үшін олар тарихтың төлкегіне көнуге мәжбүр болды», – деп атап көрсетті [10,165].

ҚР ҰҒА академигі, белгілі алаштанушы ғалым М.Қ.Қойгелдиев «Алаш қозғалысы» деген еңбегінде: «Алаш қозғалысы – қазақ халқының рухани жаңғыруы, мемлекеттік дербестігі және атамекен жерінің тұтастығы үшін жүргізген күресі, яғни қазақ елінің ұлт-азаттық қозғалысы... Советтік идеологиялық аппарат Алаш идеясын өшіруге көп күш салды, бірақ оны өшіре алған жоқ. Халық жадында «ошақта шоқ бар» деген ұғым сақталған. Алаш ақыны Мағжанның айтқанындай, біз оның жалын болып жанатынына сенеміз!» [10,30-31-бб.], – деп атап көрсетеді.

Алаш партиясы ұлттық саяси күш ретінде осыдан 100 жыл бұрын Алашорда үкіметін құрып, өзінің автономиясын жариялап, тәуелсіз қазақ мемлекетін құруды көкседі. Қазақ зиялыларының 100 жыл бұрынғы армандары бүгінгі таңда жүзеге асты.

ДЕРЕКТЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Бөкейханов Ә. Қырғыздар. Таңдамалы шығармалары. Алматы, -1996. –68-б.
- 2.Бөкейханов Ә. Шығармалар. -Алматы: Қазақстан, - 1994. – 270-б.
- 3.“Алаш” партиясының программасының жобасы // Қазақ. 1917, №251.
- 4.Хасанаева Л.М. Қазақстандағы саяси партиялар мен қозғалыстар тарихы (XIX ғ. Аяғы- XX ғ. басы).//Тар. ғыл. кан.дис. ...автор. А., –2001. –31 б.
- 5.ҚР ОММ. 15-қор, 1-тізбе, 1684-іс, 495-парақ.
- 6.Бөкейханов Ә. Қырбаласы. Алаштың талапты азаматына //Қазақ. 1917, - №234. 24 маусым.
- 7.ҚР ОММ. 15-қор, 1-тізбе, 1684-іс, 498-парақ.
- 8.ҚР ОММ. 15-қор, 1-тізбе, 1684-іс, 498-парақ.
- 9.Бұлтаң. Алаш автономиясы //Бірлік туы. 1918. №24.
10. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 240-бет.
- 11.Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Алматы: Мектеп баспасы, 2017.- 39-б.

МАҒЖАН ЖӘНЕ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ

Әсем ЫСҚАҚОВА (Искакова),
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының 2-курс магистранты

Қазақ баспасөзінің дамуына қазақ ұлт зиялыларының қосқан үлесі өлшеусіз. ХХ ғасырдың басында халықпен тығыз байланыс құралы болған мерзімді баспасөздің айналасында ұлт мүддесі жолында күрескен, 30-жылдары «халықжауы» ретінде атылған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, М.Жолдыбаев, С.Сәдуақасов және т.б. азаматтар топтасып, қазақ жұртының мұңын мұңдап, жоғын жоқтады. Солардың бірі – лирикалық өлеңдерімен ерекше бағаланатын Мағжан Жұмабаев. Оның да өмір жолдары қазақ баспасөзімен тығыз байланысты. Ақынның баспагерлік қызметі 1910-1913 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқып жүргенде басталып, қазақ оқушыларымен бірге «Садақ» журналын шығарып, оған бірнеше өлеңдерін жариялаған.

Ақынның өмірінде «Айқап» журналының орны де ерекше. Себебі, осы басылымда оның бірнеше өлеңдері жарық көрген. Мәселен, «Айқаптың» 1911 жылғы 2-санында «Жатыр», 9-санында «Шын сорлы», 1912 жылы 7-санында «Бұлбұл», 1913 жылғы 4-санында «Жазғытұры» сияқты халықтың көңіліне ой тастаған, мағынасы терең өлеңдері басылыпты. Міне, Мағжан ақындығы осы журналмен қазақ еліне танылды десек, артық айтылмас.

Мағжан Алаш қозғалысының қайраткерлерімен етене араласып, осы қозғалыстың органына айналған «Қазақ» газетімен де тығыз байланыс орнатты. Осы басылымда ол «Туған жер», «Орал тауы», «Жарыма», «Көңіл» және тағы басқа өлеңдерін жариялаған [1]. «Қазақ» газеті Мағжанды Алашшыл азамат ретінде де танытты. Газетте жарияланған ақпараттарға сүйенсек, 1917 жылы патша тақтан түсіп, қос өкімет орнаған кезде Мағжан ұлт зиялыларымен бірге 1 сәуірде Орынборда өткен қазақ съезіне Ақмола облысының атынан қатысады. Онда қазақ жерінде жаңа тәртіп орнату, жалпы қазақ съездерін өткізу, Құрылтай жиналысы, дін, жер, сот, земство, ақша, соғыс, барлығы 13 мәселе қарастырылған еді [2, 245-б.]. Сонымен қатар ол 1-12 мамыр аралығында Мәскеуде өткен жалпы мұсылман съезіне де қатысады. «Қазақ» газетінің 11 маусымдағы нөмірінде жарияланған мақалада «Шура-и-ислам» ұйымын құру және оған мүше сайлау мәселесінде барша мұсылмандарды ортақ басқаратын орын болу және әр халықтан басқару тобына енгізу қарастырылғаны айтылған [3].

Жалпы мұсылман съезі жайлы «Қазаққа» Мағжанның «Ақмола һәм Семей облысы қазақтарына» деген мақаласы жарияланып, онда жалпы мұсылман кеңесін құру туралы қабылданған шешімдерге қатысты кеңеске сайланатын бес облыстың өкілдерін жалпы қазақ съезінде сайлаудың қажеттігін ұсынады. Ол сонымен қатар Ақмола облысының атынан Қараөткелдің байбатшасы Құрбанғали мырза Қосшығұловтың, ал Семей облысының атынан атбасарлық Құлмұхамед Оразаевтың өкіл болатынын газет арқылы «білдіруді борыш көрдім» дейді [4].

Мағжанның ұсынысын Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Жәнібеков, М.Дулатов, С.Кәдірбаев, Е.Ғұмаров және т.б. алашшыл азаматтар қолдады [3].

Осы жылдың маусымында Ақмола облыстық съезінің қабылдаған қаулысы негізінде Айдархан Тұрлыбеков, Асылбек Сейітов, Сейілбек Жанайдаров және тағы басқа азаматтармен бірге Мағжан Бекенұлы Ақмола облыстық комитетіне мүше болады [2, 346-б.]. Сонымен бірге ол Ақмола облысынан Құрылтай жиналысына депутат ретінде де сайланады. «Қазақ» газетіне жарияланған Алаш партиясы атынан Құрылтай жиналысына аталған депутаттар тізімінде Мағжан жайында: «Мағжан Жұмабаев – учитель, жас ақын. Қатардағы азаматтардың бірі, келешекте көзге көрінер деген үміт зор. Бұл күнде Ақмола облысының қазақ комитетіне ағза», – деген мәлімет келтірілді [5].

Мағжан Алаш зиялылары ұйымдастырған ІІ Жалпықазақ съезіне депутат ретінде қатысып, съезд алдына қойылған мәселелерді шешуге атсалысты. Мәселен, ол тез арада автономия құруға қарсы шыққандардың тобында болды. Сонымен қатар осы съезде ол оқулық құрастыру комиссиясының құрамына сайланады [6, 21, 30-бб.].

Кеңес өкіметі тұсында да Мағжан мерзімді баспасөзді ұйымдастыруға қатысып, оның қалыптасуына ерекше үлес қосты. 1920 жылы 19 қазанда Орынборда болған Қырғыз партия бюро мәжілісінде «Еңбек туы» газетін шығару жөнінде қаулы қабылданған еді. Бұрын «Ұшқын» деп шығып тұрған газеттің жалғасы ретінде осы газетті шығаруды көтерген де және оны аяғына дейін қолдаған С.Сәдуақасов болды. Газет алғашқы санында-ақ басты мақсатын: «халықтың мұң-мұқтажын, кем-кетігін, дұрыс-бұрысын анықтау», – деп жазған еді [7]. Осы газетке А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, Т.Рысқұлов сияқты қазақтың белді қайраткерлерімен бірге Мағжан да қалам тартты [8, 107-б.].

Сібір облыстық бюросының, Ақмола губерниялық бюросының органы болған «Кедей сөзі» газетіне, кейін «Бостандық туы» болып өзгерген басылымға да мақалалары жарияланды. Әр мақаласында сол қоғамға аса қажетті деген өзекті мәселелерді көтеруге тырысты. Оқу-ағарту саласына, елдегі сайлау мәселесіне қатысты тұжырымды ойлар бөлісті. Мәселен, 1921 жылы «Бостандық туында» Сахарада деген бүркеншік есіммен Мағжанның «Жазылмашақ оқу құралдары және мектебіміз» атты мақаласы жарық көрді. Бұл мақала қазақ мектебіне қажетті оқулықтарға, соларды жазу барысына байланысты жазылған еді. Себебі Қазақ Орталық Атқару комитетінің мәжілісінде орта мектептерге қажетті оқулық шығаруды қолға алу жөнінде қаулы қабылданған болатын [9].

Осыған орай Қазақстан халық ағарту комиссариаты мен Қазақ Мемлекеттік баспасының біріккен алқалық кеңесінде мектептер үшін орыс тілінде шыққан

оқулықтарды аудару көтеріліп, оған мамандарды тарту мәселесі қарастырылды. Педагогика кітабын жазу Мағжан Жұмабаевқа тапсырылды [10, 250-б.].

«Бостандық туы» газетіне жариялаған мақаласында Мағжан Бекенұлы осы оқу құралдарын шығарудың маңыздылығын атап, алда жазылмақ болған оқулықты қалай болса солай жазбай, мұқияттылықпен қолға алу қажеттігін қозғады. *«Түрлі пәннің мектепке қай шамада, қай түрде кіруі де мектептің өзінің қандай негізге құрылуына, қандай мінезді болуына байлаулы нәрсе. Олай болса, жазылмақ біздің оқу құралдарымыздың да мінезі мектебіміздің мінезіне байлаулы болуға тиіс»*, – делінді мақалада. Сөйтіп, ол жазылатын оқулардың мектеп оқушыларына ыңғайлы, әрі оқуға жеңіл, түсінуге ұғымды болуын қалады [11].

Оқулық жазуға бар ынта-жігерімен кірісіп, белгіленген уақытта ең бірінші болып тапсырды. Бұл жайында Міржақып Дулатов «Еңбекші қазақ» газетіне: *«...кітаптар 22-нші жылы жазылып болып, басылып шықпақшы еді. Сонан бері жазылып тапсырылған, басуға да берілген кітап жалғыз-ақ Мағжанның «Педагогикасы», – деп жазған болатын [10, 252-б.].*

Мағжанды шетелде оқып жүрген қазақ студенттерінің жағдайы алаңдатты. Ол С.Асфендияров, Байтасов, Тоқтыбаевтармен бірге Германияда Түркістан республикасынан оқуға барған қазақ студенттеріне ақшалай жәрдем көрсету мәселесін көтерді. Берлин университетінде оқып жатқан олардың қаржылай қиындық көріп, «Ақ жол» газетіне жағдайларын айтып, хат жазып, көмек сұрап отырғанын айта келе, *«ел қолдан келген көмектерін берер»* деп үміттенеді [12].

Жалпы «Ақ жол» газеті арқылы қазақ халқы М.Жұмабаевтың «Жердің жұмырлығы», «Ескі Түркістан», «Қырғыз-қазаққа», «Қызыл жалау», «Немере мен әжесі», «Еділде», «Қойшы бала мен күшік», «Еділдің сағасында» сияқты өлеңдерімен танысқан. Сонымен қатар газет бетінде оның танымдық тақырыптарда бірнеше мақалалары жарық көрді. Қазақ әдебиетіне өткір өлеңдерімен еніп келе жатқан Бернияз Күлеев пен сөзге жүйрік, ойлы ақын Базар жыраудың өлеңдерінің маңыздылығын басылым арқылы жеткізді.

Жастар арасында өлеңдерімен енді ғана танылып келе жатқан Бернияз ақын өзіне-өзі қол салып, дүниеден өткендігін жаза келе, Мағжан оның ақындық талантына баға береді. *««Ұшқын» бетінде жарыққа шыққан жас Бернияз әдебиетіміздің сол табиғи жолымен шықты. Бірақ екпін тым күшті еді. Біраз өлеңдері басылған соң-ақ, оқушы оған жалт беріп қарап қалған еді. Екпіні зор еді. Оның екпіндерінде әдебиетіміздің ескі екпініне төңкерістің әсерімен жаңа күш қосылған сықылды»*, – дей келе, Берниязды әдебиеттің берік бір бағанасы болады ма деген сенімде болғандығын айтып, күйінеді. Мағжан Бернияздың өз өмірін қиюына бірінші жастықпен тәрбие ала алмаған өзін, екінші, дұрыс тәрбие бере білмеген әлеуметті кінәлі санады [13]. Осы мақала арқылы Мағжан жандары күйзеліске түскен жастарға ой тастағандай.

Мағжан сол кезде «бейкүнә» болып ұмытылып бара жатқан Базар жырауды мақаласында оның өлеңдері мен ақынға қатысты жазылған өлеңдер арқылы танытуға тырысады. Ол Базар ақынды ақындығының кеңдігімен, өлеңдерінің тереңдігімен,

сөзге жүйріктігімен ел арасына танылған, елдің қамын ойлаған ақын деген тұжырымға келген [14]. Ол осы мақалаларымен қазақ әдебиеті саласының күннен-күнге дамып келе жатқандығын, алдағы уақытта да ірі жетістіктерге жететіндігін көрсетпекке тырысты.

Мағжанның өлеңдері, әңгімелері, аудармалары «Шолпан», «Сана», «Тілші», «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі», «Еңбекші қазақ» сияқты басылымдарға жарияланған. Оның кейбір өлеңдері сол кездегі баспасөзде сынға да ұшыраған. Мәселен, Мәскеуге жіберілген бір мәлімдемелік хатта 1924 жылдың 25 ақпанында «Ақ жол» газетінде жарияланған «Жылқышы», 1 наурызда жарық көрген «Темір жол» өлеңдерінің астарында үкіметке қарсылықтың ұшқыны сезінетіндігі нақты келтірілді [15, 153-б.].

Мағжанның 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің №395-396 нөмірлеріне жарияланған өлеңдері де ұлтшылдық бағытта деп бағаланған екен. Сол кезде газеттің редакторлығын Сымағұл Сәдуақасов атқарған-тын. Жоғарғы жаққа жіберілген ақпарларға қарағанда оның басшылығы тұсында газетке мазмұны жағынан партиялық ұстамдылығы жоқ, саяси сенімсіз мақалалар жарияланып кеткен [10, 34-б.]. «Жікшілдікке» қарсы күрес өрлеп тұрған кезде, ұлтшылдарды әшкерелеу науқаны белсенді қолға алынған сәтте Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінің сынға ілікпеуі мүмкін емес еді. Себебі 1922 жылдың өзінен Мағжан «ұлтшыл» ретінде үкіметтің назарына ілігіп, оның әрбір ісі жіті қадағаланып отырды [16].

Биылғы жылы қазақ поэзиясында өзіндік орны бар, Алаш қозғалысының қайраткері, қазақ баспасөзінің майталманы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толды. Оның патша заманында да, кеңес өкіметі тұсында да баспасөз саласын ұйымдастырып, дамытуға қосқан үлесі зор, өлеңдері мен мақалалары, еңбектері бағалы деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. // Қазақ. – 1913. – №5,7; 1915. №21.
2. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 ж. – желтоқсан 1917 ж. – Алматы: «Алаш», 2004. – Т.1. – 552 б.
3. Шурай ислам // Қазақ. – 1917. – 11 июнь. – №233.
4. // Қазақ. – 1917. – 3 июнь. – №232.
5. Алаш партиясы атынан Учредителни собраниег аталған депутаттар // Қазақ. 1917. №245. 19 октябрь.
6. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. – Алматы: «Алаш», 2005. – Т.2. – 496 б.
7. Еңбек туы // Еңбек туы. – 1919. – 17 Декабрь. – №1.
8. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Рауан, 1996. – 244 б.
9. ҚРОММ. Р- 929-қ., 1-т., 20 «г»-іс. 9-п.
10. Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.). – Алматы: «Елтаным баспасы», 2011. – 432 б. 11 Сахарада. Жазылмашақ оқу құралдары және мектебіміз // Бостандық туы. – 1921. - №5.
12. Студенттерге жәрдем керек // Ақжол. – 1923. – 14 июнь. – №314.
13. Жұмабаев М. Бернияз // Ақ жол. – 1923. – 22 қаңтар.
14. Жұмабаев М. Базар жырау // Ақ жол. – 1923. – №374.
15. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-1928 жж. – Алматы: «Ел-шежіре», 2007. – Т.3. – 1-кітап. – 304 б. – 153-б.
16. ҚРПА. 708-қ., 1-т. 254-іс. 109-111-пп.

ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ С.АСФЕНДИЯРОВА

в вопросах индустриального развития Казахстана в 1920-30-е гг.

Гульмира ЖУМАН,
к.и.н., ст. преподаватель кафедры истории
Казахстана Казахский Агротехнический
университет им. С.Сейфуллина

Сложная общественно-политическая обстановка в Казахстане вызвала в 1920-1930-х гг. острую идейную борьбу вокруг вопросов индустриализации. Национальная интеллигенция принимала активное участие в разрешении судьбоносных для казахского народа вопросах и настаивала на необходимости переориентации взглядов и интересов на всех уровнях претворения в жизнь грамотной и уместной в сложившихся условиях государственной индустриальной политики.

В числе ярких представителей казахской интеллигенции, надеявшихся, что после десятилетий дискриминации наступит новая жизнь, лучше прежней, был С.Асфендияров, одновременно исполнявший должность секретаря Совета Национальностей ЦИК СССР (21.5.1925 – 27.4.1927), и заместителя секретаря ВЦИК (1926).

Подтверждение этому мы находим в самом подходе к вопросам проведения политики индустриализации в республике. Казахстан сознательно и заблаговременно был объявлен «сырьевым» полигоном, где четко выражалось игнорирование интересов национальных окраин.

Достаточно полное представление о реальном положении данного вопроса дают показательные материалы частного совещания работников национальных республик, членов ВЦИК и ЦИК СССР и других представителей национальных окраин (ноябрь 1926 год, г.Москва).

В совещании приняли участие представители всех национальных республик, в том числе и Казахстана: Т.Рыскулов, С.Асфендияров, С.Ходжанов, А.Досов, Ж.Мынбаев, и др. Этим людей объединяла идейная общность.

На совещании было отмечено, что национальные окраины долгое время оставались вне процесса индустриализации. Центру было выгодно сохранять здесь отсталые формы хозяйства и прежние общественные отношения, так как роль поставщиков сырья уже закрепилась за данными регионами. Таким образом, интересы центральных русских губерний искусственно обособлялись «от интересов национальных окраин». Более того, культивировался взгляд, что «отсталые национальности живут в большинстве за счет центрального русского крестьянства».

Еще за 8 месяцев до совещания националов на имя И.В.Сталина поступила докладная записка, датированная 14 апреля 1926 г. от С.Асфендиярова. В этом документе С.Асфендияров отмечал полное отсутствие планового обслуживания «хозяйственных, культурных нужд отдельных республик и областей», которые оставались вне поля зрения отдела национальностей [1].

С точки зрения С.Асфендиярова, «непозволительно, что одни республики или области пользуются большим обслуживанием, другие – меньшим, а третьи совершенно остаются в стороне. Прочие кооперативы, государственная торговля республик и областей, хотя и двинулись вперед, но все, же находятся в тяжелом положении» [1, л.181]. Ситуация складывалась таким образом, что на деле промышленными товарами снабжались, главным образом, оседлые районы, а кочевое население было лишено возможности приобретать товары первой необходимости по сравнительно доступным ценам [2]. Например, в 1925-26 гг. из планируемых к заводу промышленных товаров на 100 млн. руб. завезено было только на 64 млн. руб. [3]. Из этого следует, что степень удовлетворения потребностей населения Казахстана была катастрофически низка, и указывала на критическое положение в области обслуживания потребительских нужд населения.

С.Асфендияров был возмущен тем, что: «имеющиеся предприятия влекли жалкое существование, новые не создаются, а вопросы ускорения промышленной базы автономных республик и областей решаются от случая к случаю без учета реальной необходимости и реальной возможности» [1, л.182]. Отсюда на местах наблюдалось недовольство рабочих переборами в заработной плате, нерешенными жилищными вопросами рабочих Риддерских рудников (262 человека), антисанитарные условия на многих участках, скученность рабочих. В справке Казахского Краевого Комитета об итогах проведения национальной политики в КССР отмечалось, что «на промыслах Эмба рабочим-казахам отведены необорудованные квартиры, чем русские рабочие поставлены администрацией в привилегированное положение», а это, бесспорно, «служит причиной национальных трений», ущемляет интересы национальных кадров [4].

В общем плане индустриализации страны была поставлена задача «учесть максимальные интересы развития местной промышленности автономных республик и областей, имеющих не только хозяйственное, но и политическое значение» [5].

Но намеченный перспективный пятилетний план развития промышленности в Казахстане не был реализован в интересах республики. Даже такие простые предприятия, как шерстомойки, существовали в Казахстане в достаточно ограниченном количестве [1, л.22].

Важным вопросом планирования было расположение будущих промышленных предприятий. Эта проблема была всегда актуальна. В первую очередь необходимо было взвесить все преимущества на-

мечаемых мест строительства. Но зачастую принятие грамотного и рационального решения этого вопроса заканчивалось крахом по причине банального соперничества различных районов.

По мнению С.Асфендиярова, перспективный план должен базироваться на детальном изучении всех имеющихся фабрик, заводов с составлением плана их развития или реконструкции, расширения или рационализации. Также он должен включать обоснованный план строительства новых фабрик и заводов, соотношенный с таким же индивидуальным планом постройки и эксплуатации. Только в этом случае можно было избежать ошибок в плане капиталовложений. Нельзя было не учитывать и того, что отдельные заводы могут быть в будущем использованы в различных направлениях.

Например, намечалась постройка одной прядильно-ткацкой фабрики в Узбекистане, кожевенных заводов в Казахстане, но в виду спора о месте расположения заводов: Семипалатинск или Сырдарьинская губерния, постройка этих промышленных предприятий, в результате, не была включена в перспективный пятилетний план [6].

С.Асфендияров вносил предложение о включении в перспективный план развития постройки промышленных заводов и фабрик в республиках и областях, в первую очередь там, где совершенно отсутствует промышленность [1, л.31].

В качестве минуса С.Асфендияров отметил тот факт, что в соответствии с пятилетним планом развития национальных республик и областей, Казахстан получал всего 1 процент от фонда по развитию промышленности [1, л.63]. В связи с этим, он выдвинул разумное предложение – организовать с 1926 г. фонд по развитию промышленности в национальных республиках и областях. Параллельно, решить вопрос об установлении определенного отчисления от прибылей органов, заготавливающих сырье на территории национальных республик, в том числе и Казахстана, органов эксплуатирующих, и предприятий, перерабатывающих это сырье, получаемое от национальных республик и областей вне зависимости от места нахождения [1, л.31].

Все выступавшие сходились в одном мнении, что на самом деле нет ни одной национальной республики, которая сделала бы серьезный шаг в отношении ликвидации экономического и культурного неравенства, которое осталось от царского времени.

В конце совещания представители национальных республик сошлись во мнении о необходимости «установления определенной доли участия автономных республик в средствах», «ассигнуемых на промышленное и капитальное строительство в соответствии не только с количеством населения АССР и экономическими возможностями, но и также с задачами преодоления диктаторского материального неравенства» [1, л.9].

По завершении совещания материалы неофициального собрания обсуждались во всех республиках. Это совещание воспринималось как протест интеллигенции национальных республик против насилия Центра.

Партийные работники: «Н.Нурмаков, У.Джандосов, У.Исаев, У.Кулумбетов, Ф.Голощекин и др. подвергли критике мнения Т.Рыскулова, Ж.Мынбаева и С.Ходжанова, которые поддержали С.Асфендиярова в оценке той обстановки, которая существовала в национальных республиках и свидетельствовала об экономической стагнации. Как клевета на партию был воспринят подход к вопросу индустриализации, выразившийся в нежелании Казахстана «быть поставщиком сырья» [7].

С.Асфендиярова, С.Ходжанова, Т.Рыскулова называли «трио» и пытались свести их выступления к выражению «сомнений отдельных личностей, но ни в коем случае не казахской партийной организации в целом» [7, л.25].

С.Асфендияров и другие представители казахской интеллигенции трезво анализировали ситуацию, сложившуюся в Казахстане, тем самым, представляя опасность для Ф.Голощекина и ему подобных, они не «вписывались» в их понимание роли Казахстана на пути индустриального развития. Разнообразные предложения, касающиеся пересмотра колониальной структуры экономики края в ходе осуществления индустриализации, квалифицировались, как проявление местного национализма и великодержавного шовинизма. Субъективизм в теории и командно-волевые методы на практике исключали возможность альтернативы в движении республики к социализму [8].

Будучи цветом нации, казахская интеллигенция на фоне забитого, дезориентированного народа, понимала свою роль в решении узловых вопросов развития республики. Видение перспектив победного индустриального шествия оставляло надежду на то, что самоотверженность настоящих патриотов будет оценена потомками.

ТҮЙІН

Бұл мақалада 1920-1930 жж. республиканың индустриалдық дамуы мәселелері бойынша С.Асфендияровтың саяси-экономикалық көз қарастары қарастырылған. Ерекше назар С.Асфендияровтың 1926 ж. қараша айында Москва қаласында өткен ұлттардың жиынындағы сөйлеген сөзіне аударылды.

This article examines the political and economic views of S.Asfendiyarov on the issues of industrial development of Kazakhstan in the 1920-1930-ies. Particular attention is paid to the speech of S.Asfendiyarov at a meeting of nationalities in Moscow, in November 1926.

ЛИТЕРАТУРА

1. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 85. Д. 108. Л. 180.
2. Итоги и перспективы заготовок в КССР // Народное хозяйство Казахстана. – 1928. - № 9-10. - 105 С.
3. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д.2409. Л. 15.
4. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 16. - Д. 386. - Л. 240-241.
5. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 85. Д. 77. Л. 91.
6. ЦГА РК. Ф. 138. Оп.1. Д. 1246. Л. 23.
7. АП РК Ф. 141. Оп. 1. - Д. 950. - Л. 7.
8. **Козыбаев М.К.** Казахстан на рубеже веков: поиски и размышления. Книга 2. - Алматы: Ғылым, 2004. С. 11.

СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖӘДИТТІК БІЛІМ БЕРУ

Зәмзәгүл САБДАНБЕКОВА,
Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының,
тарих және Қазақстан халқы ассамблеясы
кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда білім беру ісі ескіше (хадими) және жаңаша (жәдиттік) діни мектептер және орыс-қазақ мектептері арқылы жүзеге асырылғаны белгілі.

Сонымен қатар, осы кезеңдегі Қазақстандағы білім беру ісін дамытуда төрт бағыт өкілдерін айқындауға болады. **Біріншісі** – таза діни бағыт – фундаменталдық исламдық білім беруді қолдаушылар. **Екінші бағыттағылар** – мұсылмандық ескіше (хадими) мектептердегі ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталып келген оқу-тәрбие жұмыстарының жүйесін жаңа заман талабына сәйкестендіріп, қайта құруды ұсынған жаңашыл бағыттың өкілдері. **Үшінші бағыт өкілдері** – Қазақстандағы білім беру ісін дамытуда Ресей патша өкіметінің отарлық саясатын барынша жүзеге асыруға тырысқан миссионерлер. **Төртінші бағыттың өкілдері** – Ресейдің білім беру саясатының отарлық мәнін түсініп, бірақ соның өзін мүмкіндігінше қазақ халқына тиімді пайдаланып қалуға тырысқандар. **Бұл мақаламызда біз Семей облысы аумағында жәдиттік бағыттағы білім беру туралы сөз қозғамақпыз.**

Жалпы, осы жәдитшілдіктің Қазақстанда қалыптасуы туралы тарихшы Н.Нұртазина патшалық Ресейдің жүргізген саясаты әлеуметтік-мәдени алғышарт болды деп санайды. Яғни патшалық Ресейдің орыстандыру, шоқындыру саясатына байланысты өлкедегі түркі халықтары ислам діни аясында бір-біріне жақындай түсті және осы маңызды кезеңде «жасмұсылмандар зиялылары» немесе «жәдитшілдік» өкілдері қалыптасты [1, 5-7-б.] деп санайды.

Жәдиттік қозғалыс мәселесін зерттеушілердің бірі С.Тұмабаев бұл ағымның пайда болуы, дамуы туралы: «Ресей мұсылман ағартушылары мектепті реформалауды, бұқараны ағартуды халықты қараңғылық пен теңсіздіктен құтқару жолы деп түсінді... антифеодалдық мәні бар жәдиттік қозғалыс, объективті тұрғыдан алғанда өмірге келген капитализмнің буржуазиялық-демократиялық ұмтылысын білдірді. Субъективті тұрғыдан алғанда халықты ағарту, оны әлемдік мәдени жетістіктерге жеткізу ұлттық сана-сезімді оятуға және оны дамытуға қызмет етті. Жәдиттер өз халқын білімді, құлдықтан, рухани дағдарыстан еркін халық ретінде көргісі келді», – деп тұжырымдайды [2, 45-б.].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Семей облысының аумағында жәдиттік бағыттағы бірнеше медресе жұмыс істеген. **Солардың бірі – 1850 жылы Семейде ашылған Ахмет Риза медресесі.**

Қазақ халқын оқуға, білімге шақырған, белгілі ақын

Абай Құнанбайұлы да осындай жәдиттік бағыттағы Ахмет Риза медресесінде білім алған. Мешіттің имамы Қазанның «Маржани» медресесін бітіріп келген Ахмет Риза деген оқымысты адам болған. Ол мешіттің қасынан шәкірттер тұрақты жатып оқитын медресе ашады. Бұл медресенің өзге діни оқу орындарынан өзгешелігі – ислам мен түркі ғылыми әлемінде аса үлкен реформаторлық-жәдиттік ілімді қалыптастырған ғұлама Шаһабуддин Маржанидің ағартушылық бағытын ұстанады. Ахмет Риза имам «Шариғат», «Тарихат», «Мағрифат» атты үш негізден тұратын тарихи, философиялық қоғамтану ғылымдарын тереңдетіп оқытты. Түркі, араб, парсы тілдері және шығыс поэзиясы мен сөз өнерінің заңдылықтары, математика, жағрафия, жаратылыстану пәндері негізгі дәріс ретінде жүргізілді.

Патшалық-миссионерлік саясаттың жазалау саясаты мен мұсылмандық діни оқуларға шектеу қою жөніндегі ерекше нұсқауының кесірінен және қадымша оқытуды діни оқудың бірден-бір жолы деп санаған ескішіл молдалардың қысым көрсетуі салдарынан Ахмет Риза мешіті кейіннен медресеге бала қабылдауды тоқтатады. Ахмет Ризаның жолын Қамараддин қазірет жалғастырды. Алайда ол Баянауылға ауысуға мәжбүр болды [3, 9-б.].

Қамараддин хазірет 1867 жылы Баянауладағы мешітке имам қызметіне шақырылады. Алғаш келген жылы оқушылар жиналмай, медреседе ол жылы бала оқытпайды. Ол жылы Баянауыл қаласында жай қыстап тұрады. Сол жылы хазіреттен үш кісі оқиды. Біреуі Құлболды Ишан баласы Фазыл мағзұм, біреуі хазіреттің өз баласы, енді бірі Мәшһүр Жүсіп. **Мәшһүр Жүсіп елгі іске Мұса Шорманұлы мұрындық болғанын да нақпа-нақ келтіреді:**

«Әкелген себеп болып Мұса мырза,

Қанша дұға қылсақ аз сондай ерге», – дейді [4].

Ал, Қамараддин хазірет деген кім? Оның 1807 жылы дүние есігін ашқанда берілген есімі Айжарық, әкесінің есімі – Бижомарт, тегі – ноғай-қазақ.

Сауатын ауыл молдасынан ашып, Бөкей ордасының ханы Жәңгір ұлы Ескендірді қасына бірнеше бала қосып, Қазан уәлаятына қарасты Істерлітамақ уезінде тұратын Ишан хазіретке оқуға жібереді. Хан ұлына еріп барған балалардың біреуі – ноғай руынан шыққан Айжарық [4].

Айжарық Қазан қаласында оқып, жоғары білімін 12 жыл Бұхарада жалғастырған және 6 жыл осында дін істерімен айналысқан. Осы қаладағы діни оқу орнында дінмен қатар зайырлы (арифметика, жағрафия, физика және басқалары) білім де берген. Ол Көкілташ медресесін үздік тәмамдап, құран аяттарын бірнеше күн жатқа айтатын адам болып шығады. **Осы алғырлығы үшін ол Қамариддин**

деген есім алады. Яғни, арабшадан аударғанда «Діннің Айы» деген мағына береді.

Елге оралған Қамариддин көп қуғынға ұшырап, ақыры Сарыарқаға кетуге мәжбүр болды. Ырғыз, Торғай даласы қазақтарының балаларын оқытып, Семейдегі Ахмет Риза медресесінде ұстаз, Омбыда Сібір кадет корпусында муфти, соңында Мұса Шормановтың генерал-губернаторға тікелей бірнеше өтінішінен соң, Баянауылда медресе ашып, бала оқытып, мешіт салғызып, сонда имам қызметін атқарған. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің сауатын ашып, өмірге үлкен жолдама берген.

Осындай оқу орындарының бірі – Зайсанда ашылған «Қазақия» медресесі. Медресеге Зайсанның Сүлеймен Мergenбаев, Қыстаубай Қыдырәлі, Фадахмет Букин және басқа саудагерлері көмек көрсетіп отырған. Жалпы, медресені басқарушы, құрылтайшылары – имам Әбдрахман Сафарин және оның туыстары болған.

«Қазақия» шетелден және Ресейден арнайы газет-журналдар алдыртып отырған. Мұғалімдікке алғашқыда татар молдаларын тартса, кейін Ресейдің, Орта Азияның белгілі медреселерінен оқып келген қазақ молдаларын шақыртып отырған. Мысалы, 1913 жылы Уфадағы «Ғалия» медресесін бітірген арнайы екі қазақ оқытушысы шақыртылып, оларға жылына 500 сом ақы төленіп отырған. Медреседе 70-тей бала білім алды [5].

Сонымен қатар, «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларда Қазақстандағы мектеп-медреселерге сол оқу орындарында оқыған немесе Троицкі, Орынбор сияқты қалалардағы оқу орындарын бітіріп келген жастар сабақ беретіні айтылады. Мысалы, «Қазақияның» бас мұғалімі Тәшен Қиямбеков болса, келесі жылы сол Зайсанда оқыған Біләл Бисембаев деген жас жігіттің мұғалім болып келетіні айтылады [6].

Сонымен қатар «Қазақ» газетінде берілген енді бір мақалада, былай делінген: Уфадағы «Ғалия» медресесінен оқып шыққан шәкірттер Қазақстанның түкпір-түкпіріне берілген газеттерге арнайы жарнама берумен шақыртумен барып, бала оқыта бастады. Павлодар уезінің Павлодар болысының басқарушысы Баймұхаммед Қазанғаповтың ыждаһатымен салынған медресеге «Ғалия» медресесінен оқып келген Әбдрахман Сұлтанов мұғалім болып келгендігін, оның шәкірттерге «Уақыт», «Тәржіман», «Жұлдыз», «Сибирия», «Қазақ», «Шура», «Айқап» сияқты басылымдарды алдыртып оқытып жүргендігін жазған Шәріп Ақбанов: «Құдай осындай ғылымға махаббатты, жігерлі, ел қайғысын ойлаған мырзаларымызды көбейтіп, деніне саулық, істеріне сәт, өздеріне бақ беріп, пайдасын елге көрсеткей еді» [7], – деген тілегін білдіреді.

Яғни, бұл мәліметтерден көретініміз, Қазақстан аумағындағы медреселерге оқыған қазақ жастарын тартуда сол кездердегі басылымдардың маңызды рөл атқарғанын байқаймыз. Дегенмен, медреселерді ауқатты адамдар негізінен қаржыландырып отырғандықтан, кейбір жағдайда осындай қаржы көзін таба алмаған медреселер жабылып қалған жағдайлар да кездескен.

Мұрағат деректері медреселер жұмысының жергілікті әкімшілік басқарма тарапынан тексерістерден өтіп тұрғанын көрсетеді. Мысалы, Семей облыстық халық училищесінің инспекторының 1901 жылғы 22 маусымда Семей облысының Әскери губернаторына жіберген 797-ші нөмірлі мәліметінде өзінің қа-

рамағындағы медреселерді тексеру барысында мынадай кемшіліктердің: бірде бір медреседе Жоғары мәртебелі Императордың портретінің ілінбегендігі, құрылтайшылардың, арнайы оқу бағдарламасының жоқтығы, сыныптар мен жатақханалардың дұрыс жабдықталмағаны, шәкірттердің жас мөлшерінің сәйкес келмеуі, кейбір шәкірттердің оқуды 10 жылға дейін созатындығы, т.б. анықталғаны айтылған.

Семей облысындағы медреселердегі сабақтар таңертең сағат 7-11 дейін және түстен кейін сағат 1-4 аралығында өткізілген. Медресе шәкірттері мамыр-тамыз айлары аралығында демалысқа шыққан. Жұма күндері және сонымен қатар рамазан, айт, құрбан айт сияқты мерекелерде медреселерде сабақ өткізілмеді.

Оқу бағдарламасы әліппе, оқу, жазу, құран сабағы, арифметика пәндерінен тұрды. Тек Семей қаласындағы 7-ші медреседе ғана география пәні оқытылған. Медреседегі білім беру дайындық сыныбы және жоғары сынып болып бөлінген. Медресе жатақханаларының нашарлығынан шәкірттердің көпшілігі пәтер жалдап немесе туыстарының үйінде тұрған. Оқуға төлейтін ақының көлемі нақты белгіленбеді, кейбір ақшасы жоқ шәкірттер мұғалімнің үй шаруасына көмектесумен оқу ақыларын өтеді [8].

Сонымен қатар, 1916 жылдың қазан айындағы мәлімет бойынша қазақ балалары Троицкідегі «Расулияда» да білім алған. Онда Семей облысынан Р.Мүсірепов, Ы.Наурызбаев, С.Қалиев, С.Маттыбаев, С.Сыздықов, А.Естемесов, Ж.Егінбаев сынды қазақ жастары оқыған [9].

Алайда жаңа әдістемелік мектептер елге кең көлемде тарай алмады. Патша үкіметі жаңа әдістемелік мектептердің ашылуына барынша қатты қарсылық көрсетті. Себебі ондай мектептерді панисламизм мен пантюркизмнің ошақтары деп білді.

РЕЗЮМЕ

В статье определены основные направления системы образования конца XIX – начала XX века и проанализированы некоторые проблемы новометодного мусульманского образования в Семипалатинской области.

The article provides information on the basic ways of the education system in the end of XIX-th and in the beginning of XX-th century. Some issues of new-method Muslim education in the Semipalatinsk oblast are also analyzed.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Д.Нуртазина. Народы Туркестана: Проблемы ислама, интеграции, модернизации и деколонизации (на рубеже XIX-XX веков.). – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 166 с.
2. Тұмабаев С.Т. Кеңестік кезеңнен кейінгі Орталық Азиядағы тарих ғылымы жәдитшілдік туралы // Отан тарихы. – 2005. – №3. – 45-бет.
3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы./бас ред. С.Қасқабасов.– Алматы: Атамұра, 2011.– 688-б.
4. Сарыарқа самалы. -14 сәуір. – 2012 жыл.
5. Айқап. - 1913. - №3. 65-66-бб.
6. Арысұлы. Зайсан.// Қазақ. -1913. – 29 июнь. №20.
7. Ақбанов Шәріп. Павлодардан. // Қазақ. - 1913. - 16 март. - №6.
8. ҚР ООМ. 64-қ., 1-т., 3433-іс, 14-п.
9. ҚР ОММ 25-қ., 1-т., 423-іс, 31-32-пп.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

(Н.Ә.Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабы бойынша)

Талғатбек ӘМИНОВ,
Мемлекет тарихы институтының аға ғылыми
қызметкері, қауымдастырылған профессор,
тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасының негізін қалаған Тұңғыш Президентіміз өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» кітабының төртінші бөлімінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын қалыптастыруға ерекше мән береді. Онда Елбасы: «Біз қазақстандықтар, біртұтас халықпыз және біздің бәрімізге ортақ тағдырымыз бар – бұл біздің Мәңгілік ел, біздің даңқты Қазақстан», – деген тұжырымдама жасайды. Оның пікірінше, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы Қазақстан халқы егемендік жылдарында қол жеткізген негізгі құндылықтарды өз бойына жинақтайды, бұлар:

- Қазақстанның тәуелсіздігі және Астана;
- жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім;
- зайырлы қоғам және жоғары рух;
- индустрияландыру және инновация негізінде экономикалық өсу;
- Жалпыға ортақ еңбек қоғамы;
- тарихтың, мәдениеттің және тілдің ортақтығы;
- ұлттық қауіпсіздік және жалпыәлемдік, өңірлік проблемаларды шешуге толық қатысу.

Нұрсұлтан Әбішұлының ойынша, нақ осы аталған «құндылықтар барлық қазақстандықтарды біріктіреді және ел болашағының іргетасын қалайды... Бұл мемлекет қалыптастырушы, жалпыұлттық құндылықтардың бойында жаңа қазақстандық патриотизмнің идеялық негізі жатыр» [1].

Президент Н.Ә.Назарбаев – «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасын алғаш рет 2014 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандық жол – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында баяндап, негіздеп берді. Шын мәнінде, бұл – мемлекеттің халқымыздың көпғасырлық арманына ғана емес, сонымен қатар тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстанның өркендеуінің нақты нәтижелеріне негізделген ұлттық идеясы және мемлекеттік идеологиясы.

Демек, аталған Жолдау өзінің өзгеше маңыздылығымен, атап айтқанда, ақыл-ой дамуының сапалы жаңа зияткерлік сатысының пайда болуымен, отансүйгіш «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасының құрылуымен ерекшеленеді. Н.Ә.Назарбаев сол жылғы Жолдауын жариялап сөйлеген сөзінде: «Біз, қазақстандықтар, біртұтас халықпыз! Біздің ортақ тағдырымыз – бұл өзіміздің «Мәңгілік еліміз», беделді және ұлы Қазақстан!» – деп айтқан болатын. Демек, Мәңгілік Ел – әлемнің саяси картасында Қазақстанның тәуелсіз өркендеп жатқан мемлекет ретінде мәңгі өмір сүруін паш ететін идея. Бұл – еліміздің тұрақты дамуын, яғни әрқайсымыздың әл-ауқатымыздың жақсаруын қамтамасыз ету үшін сақтап, таратуды қажет ететін құндылықтар туралы идея [2].

Елбасы 2014 жылғы желтоқсанның 21-інде «Мәңгілік Ел» идеясының жетістіктеріне қатысты

Қарастырылып отырған зерттеу жұмысының дереккөз базасын қалыптастыру Қазақстан аумағындағы әскери ғарыш қызметінің мазмұнын ашып көрсету қажеттігін анықтайды. **Бұл сала маңызды екі тарихи кезеңнен, яғни кеңестік кезең мен тәуелсіздік кезеңінен тұрады** [1, 92-98-бб.].

Қазақстан аумағындағы әскери ғарыш инфрақұрылымы қалыптасуының бастапқы кезеңін ашып көрсететін негізгі дереккөздері: Кеңес Одағының нормативтік заңнамалық актілері, құрастырушылардың, министрліктер мен ведомстволардың бірінші басшыларының баяндамалары, тұрақты және шолу мәліметтері, Ресей Федерациясы Президенті мұрағаты (РФ ПМ), Ресей Федерациясы Мемлекеттік мұрағаты (РФ ММ), Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихы мұрағаты (РМӨСТМ), Ресей мемлекеттік жаңа тарих мұрағаты (РФЖТМ), Ресей мемлекеттік әскери мұрағаты (РМӘМ), Ресей мемлекеттік экономика мұрағаты (РМЭМ), Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігі Орталық мұрағаты (ҚММ), Зымырандық және Ғарыштық әскерлер Орталық мұрағаты (ЗҒӘОМ) құжаттары болып табылады [2].

Аталған мұрағаттардағы қорлардың мәліметтері бойынша, мемлекеттік басқарма органдарының талдауы негізінде қабылданған шешіміне сәйкес Қазақстан аумағында әскери ғарыш қызметінің іс жүзіне асырылуын [3, 241-246-бб.], [4, 150-154-бб.], [5, 62-66-бб.], сонымен қатар аталған үдерістің қажетті ағымдағы шарттарын ашып көрсетуді [6, 100-109-бб.] және оның динамикасын анықтайтын қозғаушы күші мен факторларын айқындайды [7, 23-31-бб.].

Қазақстан Республикасы Орталық мұрағатының (ҚР ОМ) материалдарын қарастырғанда отандық тарихтың кеңестік кезеңі шеңберінде біздің жерлесіміз М.З.Рафиковтың жеке мұрағаттар қорын зерделедік. Рафиков – екі мәрте «Қызыл жұлдыз» орденінің, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, әскери интернационалист, бірінші ғарышкерлер жасағының тікелей қатысушысы. Аталған зерттеу жұмыстары жеке тұлғаларға қатысты отандық ғарыш саласындағы өзара қарым-қатынастан тұратын сирек жарияланған мәліметтерді және жаңа, ертеде қолданылған тарихи деректерді зерттеуге енгізуге мүмкіндік береді [8, 227-231-бб.].

Кеңес Одағы кезеңіндегі Қазақстан аумағында болған әскери ғарыш қызметінің мәліметтері де бар. Ол туралы ақпараттар ТАБҚ арнайы хабарламаларында, аталған жағдайларға қатысушы басты тұлғалардың деректі тарихи басылымдары мен мемуарларында (Н.А.Рынин, В.П.Глушко, Ю.А.Мозжорин, Я.К.Голованов, Н.П.Каманин, Б.Е.Черток, Г.В.Кисунько және басқалардың мақалаларында) кездеседі. Олардың мазмұны ғарыш саласындағы шаралардың дамуын, жүзеге асырылуын және біздің мемлекет үшін тарихи маңызы зор саланың басқа да қырларын қамтиды. Аталған жағдайға тікелей қатысушының жазбасы тұрғысынан тарихи оқиғаны «іштей» қарастыруға мүмкіндік береді [1].

Зымырандық және ғарыштық бөлімшелер әскери қызметшілерінің күнделікті қызметтері, сондай-ақ кеңестік кезеңдегі ғарыштық әскери бөлімдердің ұйымдастырушылық-штаттық құрылымы мынадай ғарышкер ардагерлердің естеліктерінде ұсынылады: Б.И.Посысаев, А.И.Савицкий, А.Я.Сорокин, В.В.Порошков, Н.Г.Завалий және басқалар. Нақтылы басылымдарда отандық тарихи әдебиеттерде өте сирек кездесетін деректер жарық көрген. Оның ішінде еңбектерін ештеңемен айырбастауға келмейтін «*ғарыштағы атақты жеңістердің көлеңкесінде елеусіз қалған*», «*қатардағы*» еңбеккерлердің жеке басына қатысты мәліметтер кездеседі [1].

Нақтыласақ, ерекше құндылыққа ие мұражайлар мыналар: Байқоңыр ғарыш айлағы мұражайының экспозициялық қорлары (ФГУП «ЦЭНКИ» филиалы «Оңтүстік» ғарыштық орталығы), ГБУ «Байқоңыр ғарыш айлағының тарихи мұражайы». Республика аумағында әскери ғарыш саласын қалыптастыру мен дамытуға қатысқан қазақстандықтар туралы тамаша экспонаттардың ішінде көптеген заттай және құжаттамалардан тұратын куәліктер бар.

Мысалы, ғарыш қызметін жүзеге асыруға зор үлес қосқан, еңбек сіңірген қайраткерлерден Байқоңыр қаласының (КСРО кезіндегі атауы – Ленинск) мақтаулы азаматтарының тізімі жасақталған. Олар: конструкторлар, ғарышкерлер, полигон және оның құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері, азаматтық мекемелердің жұмыскерлері, сонымен бірге шет мемлекеттердің өкілдері, ғарыш саласының қалыптасуы мен әрі қарай даму тарихында өз еңбегімен және танымалдығымен лайықты орын алған отандастарымыздың есімдері.

Кеңес Одағы кезеңіндегі отандық ғылыми мекемелер орындаған ғарыштық технологияның даму саласындағы ғылыми зерттеу жұмыстары туралы ақпараттарды Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Орталық мұрағаты қорларын талдау барысында алуға болады.

Қазақстан Республикасы құрылған уақыттан бері ұлттық ғарыш бағдарламаларын қалыптастыру мәселелерін ашып көрсететін деректер ретінде, У.Сұлтанғазиннің редакциясы басшылығымен орындалған басылымдар [9], ҚР Ионосфера институты қызметкерлерінің [10] және Қазақ ССР Ғылым академиясының әр түрлі жылдардағы «Хабаршысы» журналындағы жарық көрген тарихнамалық мақалаларды айтуға болады.

Қазақстан Республикасының ғарыш қызметіндегі басты бағыттар елімізде қабылданған Мемлекеттік бағдарламаларда, ұйымдардың ресми сайттарындағы ақпараттарда, осы салада қызмет еткен және көзімен көрген тұлғалардың деректі мақалаларында, ҚР Ұлттық мұрағатындағы (ҚР ҰМ) мұрағат қорларындағы материалдарда ашып көрсетілген. Аталған құжаттарда Қазақстан Республикасындағы ғарыш қызметінің жүзеге асырылуы бойынша қазақстандық мекемелер, министрліктер мен ведомстволардың орындаған іс шаралар кешені және тарихи деректер ретінде ғылыми тарихи құндылықтардан тұратын материалдар көрсетілген. Олардың көпшілігі аталған салаға қатысты ғылыми зерттеулерде алғаш рет қолданылуда.

XX ғасырдың 1950 жылдарынан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан аумағындағы ғарыш саласы дамуының тарихи тәжірибесін зерттеу барысындағы ақпараттарды талдау негізінде біз отандық тарихтың сирек кездесетін мәліметтері мен оқиғаларынан тұратын жаңа, бұрын қолданылмаған дереккөздерінің бірқатарын қазақстандық тарих ғылымының ғылы-

ми зерттеу жұмыстарына енгізуге болатынына көз жеткіздік. Бұл ғарыш қызметінің дамуына қазақстандық ғылымның зор үлес қосуға қабілетті екендігінің куәсі.

РЕЗЮМЕ

В данной статье приведен обзор источников, раскрывающих исторический опыт развития космической деятельности на территории Казахстана в хронологических рамках с момента начала осуществления деятельности и по настоящее время. Многие из упоминаемых материалов содержат малоизвестные сведения отечественной историографии, что обуславливает их научную новизну и ценность для истории Казахстана, как науки.

The review of the sources opening historical experience of development of space activity in the territory of Kazakhstan in a chronological framework from the moment of the beginning of implementation of activity and till present is provided in this article. Many of the mentioned materials contain little-known data of a domestic historiography that causes their scientific novelty and value for history of Kazakhstan as sciences.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Кенжебаев Д.А.** К вопросу об историографии развития военно-космической отрасли на территории Казахстана // Вестник Национального университета обороны. – 2015. – № 3.
2. **Ивкин В.И., Сухина Г.А.** Задача особой государственной важности // Из истории создания ракетно-ядерного оружия и Ракетных войск стратегического назначения (1945-1959 гг.): сб. док. - М.: Российская политическая энциклопедия, 2010. – 1207 с.
3. **Кенжебаев Д.А.** Предпосылки организации военно-космической деятельности на территории Казахстана // Уалихановские чтения-19: Сб. мат-лов межд. научно-практической конференции. – г. Кокшетау, 2015. – 427 с., Т.1.
4. **Кенжебаев Д.А.** Военно-политические предпосылки осуществления военно-космической деятельности на территории Казахстана. Теория и практика обеспечения пограничной безопасности государств – участников СНГ: проблемы и пути решения: Сб. мат-лов межд. научно-практической конференции. – г. Алматы: АПС КНБ РК, апрель 2015. – 578 с.
5. **Кенжебаев Д.А.** Физико-географические предпосылки осуществления военно-космической деятельности на территории Казахстана // Территория и население стран и континентов: история и современность. Материалы симпозиума с международным участием по исторической демографии и исторической географии. Ульяновск, июнь 2015 года / под ред. С.А.Прокопенко. – Ульяновск: Издатель Калачин Александр Васильевич, 2015. – 318 с.
6. **Кенжебаев Д.А.** К вопросу об основных условиях развития военно-космической отрасли на территории Казахстана // Казахстан Спектр. – 2015. – № 4 (74).
7. **Кенжебаев Д.А.** К вопросу об основных факторах развития военно-космической отрасли на территории Казахстана // Вестник Евразийского гуманитарного института. – 2015. – № 4.
8. **Кенжебаев Д.А.** К вопросу об изучении истории развития космонавтики на казахстанской земле в контексте освещения личностей и имен // Известия Национальной академии наук РК. Серия общественных и гуманитарных наук. № 6 (298), 2014 г.
9. Космические исследования в Казахстане / под ред. акад. **У.М. Султангазина**. – Алматы: РОНД, 2002. – 488 с.
10. Геодинамика и солнечно-земные связи / Институт ионосферы. – Алматы: ТОО «А-ТРИ ПРИНТ», 2013. – 293 с.

2015 ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК КАФЕДРАСЫ

Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы, тарих және география кафедрасы 1994 жылы құрылған әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасынан 2001 жылы жеке кафедра болып бөлініп шықты. Кафедраның алғашқы меңгерушілігін 2001-2004 жылдар аралығында т.ғ.к., доцент Қ.Ю. Оразов атқарды. 2004-2005 оқу жылында аға оқытушы Қ.С. Анарбаев меңгеруші болса, 2005 жылдың 1 қыркүйегінен кафедраны т.ғ.ғ., профессор міндетін атқарушы, МАНПО-ның корр.-мүшесі Б.Р. Найманбаев басқарып келеді.

Кафедрада тарихшылар мен географ мамандар даярлауда Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру бағыттарында бірқатар жұмыстар атқарылды.

5В011400 – «Тарих», 5В011600 – «География», 5В012900 – «География және тарих» мамандығы бойынша маман даярлайтын кафедраның жалпы штаттағы профессор-оқытушылар құрамының саны – 11, оның ішінде 1 ғылым докторы, 4 ғылым кандидаты, 1 философия докторы (PhD) болса, 5-еуі магистр, аға оқытушылар қызмет атқарады. Кафедраның ғылыми әлеуеті 55%-ды құрайды. Кафедра – Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің «2015 жылдың үздік кафедрасы» номинациясының иегері.

Жалпы студенттер контингентінің штаттағы профессор-оқытушылары құрамына шаққандағы ара қатынасы 1/8-ді құрайды. Кафедрада профессор-оқытушылардың 90 пайызы мемлекеттік тілде сабақ жүргізеді. Профессор-оқытушылардың негізгі базалық жоғарғы білімі оқытатын пәндеріне сай. Кафедра оқытушылары халықаралық, республикалық және қалалық ғылыми-практикалық және ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып отырады. Студенттердің ғылыми жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, мұражай-мұрағат деректерін жинақтау, сақтау, жариялау бағытында кафедраның ұйымдастыруымен «Әлкетану», «Жас тарихшы» және «Глобус» үйірмелерінің жұмысы айтарлықтай нәтиже беріп келеді.

Аталған кафедра басқа жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтармен тығыз байланыс орнатып келеді. Атап айтсақ, И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университетімен, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік университетімен, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетімен, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетімен ғылыми-әдістемелік байланыстар жасалған. Кафедраның басшылығымен университетаралық тарихи-танымдық экспедициялар ұйымдастырылып, туған өлкенің тарих, мәдени және киелі жерлеріне экскурсиялар жасалып тұрады.

Төменде Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы, тарих және география кафедрасының іс-тәжірибесі мен білім беру, маман даярлау саласындағы жетістіктері оқырман назарына ұсынылып отыр.

БАТЫС ЕУРОПАДАҒЫ АШЫҚ ЖӘНЕ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

(XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басы)

Бекмұрат НАЙМАНБАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы,
ОҚПУ профессорының міндетін атқарушы,
Наталья ПЛАКСИНА,
Курск мемлекеттік университеті, Курск қаласы, РФ

XX ғасырдың соңғы онжылдығындағы қоғамның гуманистік құндылықтарға қарай қарқынды қозғалысы жағдайында өмірдің әлеуметтік салаларында, соның ішінде білім беру жүйесінде интеграциялық сипаттағы үдерістер белең алуға. Оған мысал – **Еуропалық мәдени конвенция. Конвенцияның құрылуының басты мақсаты** – полимәдени және жан-жақты жалпыеуропалық білім беру кеңістігін ұйымдастырып, XX ғасыр қоғамының талаптары мен қажеттіліктеріне толық сай келетін тұрақты білімді трансляциялау.

Халықаралық байланыстардың интеграциясы, туындаған кез келген мәселе бойынша өз бетімен дұрыс шешім қабылдай білетін жоғары білікті мамандарға деген сұраныстың артуы жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау жүйесі қалыптасқан мамандар дайындау міндетін алға тартты. Бұл міндетті білім беру жүйесі, оның ішінде кез келген мамандықтың жас талапшыл иегерлерін дайындайтын кез келген жоғары оқу орындары шеше алады.

Білімнің әлемдік кеңістікте жаңаруы, оның демократиялануы мен диверсификациясы тұлға мен қоғамның дамуындағы қажеттіліктері мен көзқарастарын есепке ала отырып жүргізіледі. Білім берудің кәсіби тұйықтығы мен мәдени шектеулігін жоюға талпыныс, үйлесімді дамыған және кең білімді тұлғаны тәрбиелеуге бейімделу – XX ғасырдағы әлемдік қауымдастыққа тән сипаттар.

XX ғасырдың соңғы онжылдығындағы әлемнің шынайы бейнесін және оның ары қарайғы басымдықтарын ескере отырып, **ғалымдардың көп бөлігі білім беру жүйесінің жаңаруының теориялық негізі – үздіксіз білім берудің идеясы болуы тиіс екендігін айтады.** Оның үстіне, ЮНЕСКО-ның пікірінше, үздіксіз білім беруді қазіргі білім беру жүйесінің ұйымдастырушылық қайта құрылуына негіз болатын ұстаным ретінде қарастыру керек [12, 95-б.].

Үздіксіз білім беру идеясы ашық оқыту мен қашықтан оқыту салаларын дамыту және жетілдіру арқылы да жүзеге асырыла алады.

Ашық оқыту мен қашықтан оқыту – білім берудің қарқынды дамып келе жатқан салалары, олардың білім беру жүйесінің дамуына ықпалы ақпараттық технологиялардың дамуы мен жетілуіне қарай көбейіп келеді. Сөзсіз, ашық оқыту мен қашықтан оқыту қоғамның жалпыбілімдік деңгейін жоғарылатып қана қоймай, жаңа технологияларға ауысуына байланысты мамандардың біліктілігін жоғарылатуға және қайта дайындықты өткізуге септігін тигізеді.

XX ғасырдың соңғы мен XXI ғасырдың басында **Батыс Еуропада қашықтан оқыту** – мәні мен таралу әр түрлі елдерде әрқилы болғанына қарамастан, білім беру жүйесінің жоғары дамыған формасы ретінде танылып отыр.

Қашықтан оқыту өздігімен білім алу ұстанымына негізделіп, оқытушылар мен студенттердің ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар көмегімен интерактивті өзара байланысынан көрініс

береді. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар білім алушыларға меңгерілетін материалдың қажетті көлемін алуға септігін тигізеді. Қашықтан оқыту нәтижесінде студенттер белгіленген үлгідегі диплом алады.

Ашық және қашықтан оқыту жүйесінің басты ұстанымы – білім алушылардың уақыт пен оқу орнына тәуелсіз кәсіби дайындалуы мен білім алу құралдарына кең әрі икемді қолжетімді болуына бұрынша қолайлы жағдайлар жасау [7, 13-б.].

Айта кететін жайт – **ашық және қашықтан оқыту технологиялары Батыс Еуропа елдерінде XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап қолданылған.** Жоғары білім беру саласындағы қашықтан оқыту тәсілдерін қолданудың және осындай типтегі жоғары оқу орындарын ұйымдастырудың алғашқы стандарттары Ұлыбританияның Ашық университетінде бекітілді [10, 53-60-бб.].

1963 жылы Ұлыбританияда Гарольд Уилсон «Эфирлік университет» идеясын ұсынады. Жоғары оқу орындарында білім алу үдерісі дегеніміз – ересек студенттер радио мен телевидения жүйесінің көмегімен қажетті ақпараттарды ала отырып, үйінде білім алуы.

1969 жылы Ұлыбритания ханшайымының жарлығымен Ашық университет (Open University; University of the Air) құрылды. Жоғары оқу орны тәуелсіз университет мәртебесін алып, елдегі басқа университеттермен тең дәрежеде оқыта бастады.

Аталған оқу орнының құрылуы жоғары білімнің өзектілігінің артуымен және жоғары білімді уақытылы ала алмаған тұлғалардың талап-тілектерінің артуымен байланысты.

Университет бірнеше уақыт бойы премьер-министр Гарольд Уилсонның басшылығымен дамып отырды. Ол оқу жоспарларын, бағдарламалары мен технологияларын, сондай-ақ бірнеше оқу-әдістемелік құралдардың құрастырылуына тікелей қатысып отырған [11].

Бұл оқу орны өндірістен қол үзбестен жоғары білім беруді мақсат тұтты. Ол алғашқы құрылған сәтінен бастап оқыту үдерісін пошта арқылы жіберілген оқу әдебиеттері, бақылау жұмыстары, теле және радиобағдарлар, сондай-ақ телефон арқылы кеңестер беру жолымен жүзеге асыра бастады. Білім беру студенттердің тұрақты мекен-жайларына жақын жерде жүзеге асты. Мұнда студенттер арнайы құрастырылған құралдардың көмегімен өздігімен білім алды. Студенттер территориялық жағынан студенттерге жақын орналасқан тьюторлардың көмегімен жұмыс жасап, университеттің арнайы ұйымдастырылған бөлімшелерінде кеңестер мен семинар сабақтарын жүргізіп отырды.

1997-1998 оқу жылында университетте 20 мыңнан астам студент білім алды. Бұл – бүкіл британдық жоғары оқу орындарының сырттай оқу бөлімі студенттерінің 21%-н құрайды. Оның үстіне

Ашық университеті студенттерінің үштен екісі 25-44 жас аралығындағы топтарға жатты [8, 38-б.].

Айта кететін жайт – қабырғасы қаланған кезден бастап университет ағылшындарға ғана емес, шетелдік азаматтар үшін сырттай оқу және қашықтан оқыту формалары бойынша қызметтер ұсынып келеді. Университет – Еуропаның ең ірі жоғары оқу орны деп саналып, Ұлыбритания ғана емес, басқа да еуропалық елдерде жоғары және дипломнан кейінгі білім беруді жүзеге асырып келе жатқан, ашық және қашықтан оқыту саласындағы әлемдік көшбасшыларға айналды. Бұл оқу орнының британдық жоғары оқу орындары арасындағы рейтингі өте жоғары, оны тек Оксфорд пен Кембридж университеттерінің рейтингімен салыстыруға болады.

Соңғы онжылдықтарда Ұлыбританияда елдің білім беру саласындағы инновациялық жобаларды жүзеге асыратын әлемдік орталық ретіндегі имиджін қалыптастыруға көңіл бөлініп келеді. ХХІ ғасырдың басында Ұлыбритания еуропалық елдердің ішінде қашықтан білім беру порталдарын құру ісінде бірінші орында тұр. Колледждер мен университеттердің 130-дан астамы қашықтан оқыту қызметін ұсынып келеді. Еуропалық студенттердің 1 миллионнан астамы өз елдерінен шықпастан, Ұлыбританияда қашықтан білім алуда [2, 20-22-бб.].

Франция білім беру жүйесі жаңашыл ақпараттық технологияларды қолдану саласында үздіксіз жетіліп келеді. CNED (фр. Centre national d'enseignement à distance) қашықтан оқытудың Ұлттық орталығы ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл оқу орны үкіметтің шешімімен 1939 жылы Сырттай оқытудың Ұлттық орталығы (CNEC) ретінде құрылды. Орталық Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен сырқаты немесе мүгедектігіне байланысты қалыпты мектептерге бара алмаған балаларға арналып салынған. 1980 жылдан бастап Орталық КНЕД деген заманауи атаумен аталып келеді.

КНЕД кез келген жастағыларға – бала бақшалық жаста бастап аспирантураға дейін, білім беру және дайындауды қамтамасыз етіп, әр түрлі курстар мен біліктілікті жоғарылату курстарын ұйымдастырып отырады. Орталықтың іс-әрекетінің негізгі бағыты – мақсатты аудиториясына сәйкес сипатталады: «Мектеп», «Университет», «Конкурс» (мемлекеттік азаматтық қызмет пен азаматтық қызметтерге орналасу мақсатында емтихандарға дайындалу үшін білім беру), «Маман» (бірқатар қызметтер үшін ізденушілер дайындау), «Мәдениет» және т.б. Жыл сайын КНЕД-те әлемнің түкпір-түкпірінен 300 мыңнан астам ізденуші білім алады. Білім алушылардың контингенті жылдан жылға өсіп келеді.

Орталықтың Францияның бүкіл аумағында орналасқан жеті бөлімшесі бар. Оның әрқайсысының жалпыұлттық мәні бар әрі белгілі бір ғылым саласына мамандандырылған.

Ванвадағы бөлімше студенттерге бүкіл дайындық бағыттары бойынша білім беріп, қосымша сабақтар арқылы әр түрлі курстарға, емтихандарға дайындап, университеттіктен басқа барлық деңгейлер бойынша педагогикалық дайындық жүргізеді. Сондай-ақ, бұл бөлімшеде студенттер бір немесе бірнеше шет тілдерін меңгере алады.

Тулуз қаласындағы бөлімше ересек аудиторияға ғана емес, балалар үшін де толық емес және бастапқы орташа білім береді. Бұл бөлімшеде орта мектеп мұғалімі (гуманитарлы пәндер, қазіргі заман әдебиеті, философия, португаль тілі) және әлеуметтік медицина бойынша бакалавр дипломын алу мүмкіндігі

бар. Қалыпты мектептер мен Францияның басқа да жоғары оқу орындарына түсу үшін емтихандарға дайындық курстары ұйымдастырылған.

Жоғары оқу орнында білім алу үдерісі Білім министрінің ресми бағдарламасында белгіленіп, ең алдымен, студенттер мен оқытушылар арасындағы жазбаша қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады. Заманауи ақпараттық технологияларды қолдану оқытудың бүкіл кезеңін жеке тұлғалық етіп, оқытушы мен студенттер арасындағы байланыс уақытын қысқартуға септігін тигізеді. Практикалық дайындықтың қажеттілігіне қарай орталықта топтық сабақтар ұйымдастырылады.

Орталықтың артықшылығы – оқу үдерісінің икемділігі мен білім алудың үнемді түрі. Оқу үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері әрбір студентке жеке қарқынмен сырттай оқу курсына өтуге мүмкіндік береді. Курс аяқталған соң студентке біліктілік беріледі.

Орталық оқу бағдарламасы мен оқу материалын тұрғылықты халықтың нақты қажеттіліктеріне қарай бейімдеп отырады. Оқу үдерісін ұйымдастыру барысында оқытушылар әрбір студенттің үлгеріміне әділ бақылау жасайды. Орталықтың педагог кадрлардың біліктілігін жоғарылату жүйесіне қосқан ерекше үлесін осы үдеріспен түсіндіруге болады. Айталық, 1987 жылы маусымда ғылыми-жаратылыстану пәндері бойынша оқытушылық қызметке орналасу үшін конкурстық емтихандарға дайындалуға тілек білдіргендер саны 3250 адамнан асып кеткен [4, 79-81-бб.].

Қашықтан оқытуды ұйымдастыру барысында заманауи ақпараттық технологияларды практикалық қолдану саласындағы көшбасшылардың бірі – **КНЕД Францияның көптеген классикалық үлгідегі университеттерімен тығыз ынтымақтастық орнатқан.** Орталық лицейлер мен колледж оқушыларына олардың оқу орындарында жоқ қосымша мүмкіндіктер береді. Өз біліміндегі олқылықтың орнын толтыруға ниет білдіргендерге курстардың бірнеше түрлерін таңдау мүмкіндігі берілген: жазғы, дайындық, қайта дайындық курстары. Жеке сабақтар да қарастырылған.

Орталықтың кадрлары өздерін дайындық пен қайта дайындаудан өткізіп отырады. 1997 жылы Орталықта қашықтан оқыту саласында жұмыс жасауға қабілетті мамандар дайындайтын мектеп ашылды. Бұдан қашықтан оқыту Францияда үлкен танымалдылыққа ие екенін көруге болады. **ХХІ ғасырдың басында қашықтан оқыту жүйесінде 400 мыңнан астам адам, оның ішінде 80% - ересектер білім алған.** 200 мыңнан астам адам жоғары білім алу үшін, 36 мыңнан астам адам үздіксіз кәсіби білім алу үшін, 3800 адам модульдік білім алу үшін жазылған. Халықаралық ынтымақтастық аясында оқу орнынан әлемнің 204 елінен 30 мыңнан астам білім алушы жазылған [3, 83-б.].

Францияның Білім министрлігінің бағдарламасына сәйкес, 2017 жылы елдің барлық университеттері сабақтардың кем дегенде 20%-н онлайн-тәртібінде өткізуі тиіс. Алғашқы онлайн-курстар биология, сандық техника, денсаулық сақтау, философия және физика салаларына қатысты [1]. Сөзсіз, қашықтан оқыту курстарының студенттері мұндай оқыту жүйесін толық аяқтау үшін өздігімен ұйымдастыру дағдыларын жоғары дәрежеде меңгеруі тиіс болды.

Германияда сырттай білім беретін алғашқы университет 1974 жылы Хагенде (Солтүстік

Рйн-Вестфалияның жері) ашылып, бірнеше онжылдықтар бойы қашықтан оқыту бағдарламаларын сәтті жүзеге асырып келеді [9]. Мұндағы студенттердің контингенті – өндірістен қол үзбестен білімін жалғастырушы ересек адамдар. Азаматтардың осы санатынан басқа мұнда мүгедектер, тұтқындар, сондай-ақ шапшаң немесе балама қызметтегі тұлғалар білім алады.

Студенттер оқытудың бірнеше бағыттарының бірін таңдай алады: информатика, математика, экономика, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар, электротехникасы. Экономикалық ғылымдар негізінен, жоғары сұранысқа ие, әдетте білім алушылардың 50%-ы оны таңдайды.

Дәстүрлі неміс жоғары оқу орындарымен салыстырғанда, Хаген сырттай оқу университетінде мәртебелі мамандықтарға шектеу қойылмайды. Оқу орнында білім алу толық орта білімі бар кез келген білім алушы үшін қолжетімді.

Бұл университет Германияның күндізгі үлгідегі университеттеріне көмек ретінде құрылды. XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында студенттер оқытудың күндізгі түріне көптеп түсе бастаған. Хаген сырттай университеті неміс жоғары білім жүйесіне оңтайлы түрде еніп, дәстүрлі университеттік білім алу бірқатар жағдайларға байланысты қолжетімді болмаған ересектердің белгілі бір санаты арасында қолдау тапты.

Сондай-ақ аталған университет алғаш қаланған сәттен бастап Германияның жоғары мектептерінің негізгі дәстүрлерін сақтап қалуға тырысып келеді. Жоғары оқу орнының негізгі ұстанымы – студенттердің зерттеу жұмыстары мен оқу үдерісін ұйымдастырудағы еркіндік. Барлық академиялық емтихандар мен дәрежелер, дипломдар мен берілген ғылыми дәрежелер елдің күндізгі үлгідегі университеттерінің дәрежелеріне толық сәйкес келеді.

XX ғасырдың соңында оқу орнының студентке білім беруі мен оның жұмыстарына бақылау жасауы виртуалды кеңестер мен конференциялар көмегімен жүзеге асырыла бастады. Студенттер on-line тәртібінде университет кітапханасын пайдалана алады. Студенттер мен оқытушылар арасындағы байланыс құралдары үздіксіз тексеріліп, бағаланып, жетілдіріліп отырады.

Университет сырттай оқыту формаларын ұйымдастыру барысында студенттерге оқытушылардың арнайы оқу орталықтарында бетпе-бет кеңес беру мүмкіндігін ұсынады. Мұнда өздерінің мамандығы бойынша жоғары білікті штаттық емес қызметкерлер студенттерге кеңес беріп отырады. Осындай орталықтардың 65-тен астамы Германия, Аустрия, Швейцарияда орналасқан. 1993 жылдан бастап Германияның Сыртқы істер министрлігі университеттің Литва, Ресей, Чехиядағы студенттік орталықтары мен бөлімшелерін қаржыландырып отырады. АҚШ, Швеция, Англияның (ашық университет), Франция, Канада, Аустралия және басқа да елдердің осы типтегі институттарымен тығыз байланыстар орнатылған.

Германия тек өздерінің ғана емес, шетелдік студенттер үшін ашық және қашықтан оқыту жүйесін белсенді дамыту ісіне ден қойып отыр. Соған байланысты XXI ғасырдың басында Германияның кез келген жоғары оқу орындарында қашықтан білім алу мүмкіндігі жолға қойылды.

Интернет желісі арқылы толыққанды оқу курсы мен меруді Қолданбалы ғылымдардың виртуалды университеті (Virtuelle Fachhochschule) ұсынады. Бұл оқу орны 15 неміс және 4 швед жо-

ғары оқу орындарынан құрылған [14]. Электронды e-learning білім беру жүйесі бойынша Фрайбург, Мангейм, Карлсруэ, Гейдельберг, Любек, Бранденбург, Берлин, Хаген және Германияның тағы да бірқатар қалаларындағы жоғары оқу орындары оқытып келеді.

Германиядағы ашық және қашықтан оқыту жүйесі күн сайын жетіліп, оқытудың күндізгі стационарлы түріне айналу үшін барынша күш салып келеді.

Қашықтан Германияда бакалавр ғана емес, магистрлік бағдарламалар бойынша білім алуға болады. Неміс жоғары оқу орындарының онлайн-мамандықтарының көпшілігінде сабақтар ағылшын тілінде беріледі [13].

Студенттер қатарына қабылдау туралы шешім шыққан соң, студент оқу құралдарын, анықтамалық материалдар мен университеттің сайтында жеке кабинет алады. Оның үлгерімі одан әрі бақыланып отырады.

Ашық және қашықтан оқыту саласындағы тәжірибелері неміс жоғары оқу орындарына сапалы білім алуға мүмкіндік береді, ал неміс дипломдары әлемнің барлық елдерінде мақұлданып келеді.

Жалпы алғанда, ашық және қашықтан оқытуды, сондай-ақ электронды оқытуды үйлестіру мен қашықтан оқыту мәселелері бойынша **Еуропалық университеттер ассоциациясы** (European Association of Distance Teaching Universities) айналысады.

Аталған ассоциацияның басты мақсаты – ашық және қашықтан оқытудың жоғары деңгейлі Еуропалық жүйесін қалыптастыру мен дамытуға ықпал жасап, икемді білім алу, бүкіл өмір бойы білім алу, ашық білім беру ресурстарын қалыптастыру, бірлескен білім беру бағдарламалары, виртуалды ұтқырлық үшін арнайы құрастырылған білім беру жүйесіне қолдау жасау арқылы Еуропалық ашық университеттің дамуына септігін тигізу [6, 109-110-бб.].

Ашық және қашықтан оқыту саласындағы қарқынды даму жағдайында оқытудың технологияларын жетілдіру айқын көрініс беріп отыр. Оқытушылар оқытудың дәстүрлі әдістемесін қолданудан бас тартып, бірлескен талқылаулар мен топтық жобаларға көңіл бөліп келеді. XX ғасырдың соңғы онжылдықтарында Батыс Еуропа елдерінің жоғары оқу орындарының оқытушылары ашық және қашықтан оқыту жүйесінде жаңашыл технологиялық құралдарды, оның ішінде компьютерлер, компакт-дискілер, электронды пошта, пікірсайыс бөлмелерін, интерактивті хабарландыру тақталарын, бейне және аудио конференц-қатынастар секілді тәсілдерін белсенді пайдаланып келеді. Осы үлгінің аясында оқытушы ақпаратты берудің мультимедиялық көпарналы жүйесін оңтайландыруға толық жауап береді. XX ғасырдың соңында Батыс Еуропа университеттерінде көпмақсатты сайттар қолданыла бастады, екі жақты байланыс мүмкіндігі артып, оқытушы мен студент арасындағы тығыз қарым-қатынас дами түсті.

Ашық және қашықтан оқыту салаларының дамуына көптеген еуропалық жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамын қайта дайындау қажеттілігі артты. Соған байланысты Батыс Еуропадағы педагогикалық білімді ұйымдастыру ісіне жауаптылар педагог кадрларды дайындауды – болашақта қайта дайындықтан өтуге болатын базалық курс ретінде меңгеру ғана емес, үздіксіз білім беру үдерісін және мұғалімнің жұмыс жылдарында жетілуі деп қабылдайды [5, 42-б.]. Мәдениет пен білім саласындағы интеграциялық үдерістер, ақпараттық технологиялардың дамуы мен жаңа білім салаларының пайда болуы оқытушының

кәсіби біліктілігіне жаңа талаптар қоя бастады. Мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерінің бірі – білім беру жүйесінде туындаған кез келген өзгерістерді дұрыс қабылдау және жаңа жағдайларға жылдам бейімделу.

Сондықтан, **XX ғасырдың соңғы онжылдықтарындағы Батыс Еуропа елдеріндегі педагогикалық жоғары оқу орындарының басты міндеті** – болашақ мұғалімдерді білім беру саласына еніп үлгерген өзгерістерді қабылдай алуға ғана емес, ұлғашақта туындауы мүмкін кез келген өзгерістерге дайын болуға үйрету. Сондай-ақ мамандар өздерінің оқыту әдістемесін білім беру жүйесінің мазмұнындағы, оқыту технологиясындағы өзгерістерді, оқушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, құра білуі керек.

Осылайша, **XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың соңғы онжылдығындағы ашық және қашықтан оқыту жүйесін дамыту** – уақыттың талабы, үздіксіз білім беру идеясын жүзеге асыру тәсілі ретінде танылып отыр. Оқытудың мұндай формасы үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінде белсенді қолданылып, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін жоғарылату мен педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру мақсаттарын көздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Все о Европе: [сайт]. - URL: <http://www.euromag.ru/catalogs/education /33208.html> (дата обращения: 20.01.2017).

2. **Голионова Ю.А.** Предпосылки возникновения дистанционного обучения в мировом образовательном пространстве // Знание, понимание, умение. - 2009. - № 2. - С. 20 - 24.

3. **Добрынин М.А., Сухой С.Н.** Дистанционное обучение во Франции // Педагогика. - 2001. - № 8. - С. 81-85.

4. **Лекур Д.** Франция: национальный центр заочного обучения // Перспективы. Вопросы образования. - 1989. - № 2. - С. 76 - 86.

5. **Лотон Д.** Учитель в меняющемся мире // Перспективы. Вопросы образования. - 1987. - № 4. - С. 34 - 46.

6. **Меликян А.В.** Основные характеристики международных сетей университетов // Вопросы образования. - 2014. - № 3. - С. 100 - 117.

7. Открытое и дистанционное обучение. Тенденция, политика и стратегии. Division of Higher Education. - UNESCO, 2004. - 136 с.

8. **Тавень И.А.** Дистанционное обучение: опыт, проблемы, перспективы / под ред. Ю.В.Позняка. - Минск: БГУ, 2003. - 227 с.

9. **Шнидерс И.** Заочный университет в Хангене, Германия // Открытое образование: науч.-практич. журн. - 1997. - №1, [Электронный ресурс]. - URL: http://www.e-joe.ru/sod/sod_97_1.html (дата обращения: 20.01.2017).

10. Open and distance learning. Trends, policy and strategy considerations. Division of Higher Education. - Paris: UNESCO, 2002. - 95 p.

11. The open university: [сайт]. URL: <http://www.open.ac.uk> (дата обращения: 27.01.2017).

12. UNESCO and Education. United Nations Educational, Scientific and Cultural organization. - Paris: UNESCO, 1993. - 172 p.

13. Virtuelle-Fachhochschule: [сайт]. - URL: [http://www.acronymfinder.com/Virtuelle-Fachhochschule-\(VFH\).html](http://www.acronymfinder.com/Virtuelle-Fachhochschule-(VFH).html) (дата обращения: 25.01.2017).

14. Virtual campuses: [сайт]. - URL: http://virtual-campuses.eu/index.php/Main_Page (дата обращения: 1.02.2017).

АРХИВ – ТАРИХ ҚАЗЫНАСЫ

Гүлжан ТҰРЫМБЕТОВА,
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университетінің аға оқытушысы, тарих магистрі

Қазіргі таңда елімізде оқуды бітірушілерді ҚР «Әлеуметтік серіктестік туралы» (2000 жылы 18 желтоқсан) Заңына сәйкес жұмысқа орналастыру – ең өзекті мәселелердің бірі. **Бұл Заңның негізгі мақсаты** – әлеуметтік серіктестермен, яғни жұмыс берушілер мен жоғары оқу орындарының арасындағы байланысты нығайту, еңбек нарығында сұранысты қажет еткен жұмысшылар мен жоғары буын мамандарды анықтау, соған сәйкес жұмыс берушілер мен оларды дайындаудың сан қырлы мәселелері бойынша шартқа тұру және оқу орнын бітіргендерді жұмысқа орналастыру.

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің 5В011400-тарих мамандығы қаладағы бірнеше мекемемен өзара үш жақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған. Мұның өзі жыл сайынғы өткізілетін түлектер жәрмеңкесінің жемісі деуге болады. Жәрмеңкеде студенттер жұмыс берушілермен пікір алмасып әңгімелескеннен кейін сауалнама жүргізілді. Әңгімелесу барысында студенттер өздерін қызықтыратын тақырыпта, әсіресе, мекемелердегі еңбек шарты жайында сұрақ-жауап алмасады. Студенттердің алдын ала дайындалған түйіндемелері пайдаланылып, эдвайзерлер мен топ

кураторларының студенттер туралы пікірлері мен мінездемелері назарға ұсынылады. 2015-2017 жылдардағы көрсеткіш бойынша университет бітірген тарихшы мамандардың 72.2 %-ы бүгінгі күнге дейін жұмысқа орналасып үлгерген.

Осындай жұмыс берушілер – Шымкенттегі №64 Ж.Аймауытов атындағы мектеп-гимназия мен Шымкент қалалық мемлекеттік архиві. Студенттер аптасына 3 сағат көлемінде архивте болады. Онда студенттер архив материалдарымен танысып, деректерді өздерінің алдағы уақыттағы ғылыми (курстық, диплом) жұмыстарына пайдалануға, архив материалдарын айналымға түсіруге машықтанады. Дәлел ретінде айтсақ: 2017 жылдың 15 қарашасы мен 15 желтоқсаны аралығында **Шымкент қалалық мемлекеттік архивіне 25 жыл толуына орай «Архив – тарих қазынасы» атты қазіргі таңдағы мемлекеттік архивтердің қоғамдағы рөлі, маңызы, атқаратын қызметін жас ұрпаққа насихаттау, архив қойнауларында сақтауда тұрған құжаттарды жарыққа шығару идеясымен Шымкент қаласында орналасқан жоғарғы оқу орындарының тарих факультетінің студенттері арасында архив құ-**

жаттары негізінде ғылыми-шығармашылық жұмыстар бойынша байқау-конкурс өтті.

Байқау-конкурстың мақсаты: тарихи маңызы бар мемлекеттік сақтаудағы архивтік құжаттарды жарыққа шығару, архивтің рөлін, атқаратын қызметін, маңызын жас ұрпаққа жеткізу.

Міндеттері: жоғарғы оқу орындарымен бірлесіп отырып, архив қойнауында жатқан тарихи, мәдени құжаттарды жарыққа шығару, архив ісінің маңызын студенттерге насихаттау үшін жастар арасында архивтік құжаттар негізінде «Архив – тарих қазынасы» атты еркін тақырыпта шығармашылық жұмыстар бойынша ғылыми-шығармашылық жоба қорғау.

Байқау-конкурсқа қаламыздағы 4 жоғарғы оқу орны: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан инженерлі-педагогикалық халықтар достығы университеті мен Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінен келген студенттер (әр университеттен 2 студент) қатысты. Әр студентке Шымкент қалалық мемлекеттік архивінің тарапынан жетекшілер бөлініп, дайындық жұмыстары жүргізілді. Ізденушілер тақырыпты жетекшімен бірлесіп отырып, таңдады. Байқау-конкурсының негізгі шарты бойынша жазылатын шығармашылық жұмыс міндетті түрде мемлекеттік архивтік құжаттарға негізделуі тиіс болды. Әрбір жұмысқа 10-15 минут уақыт беріліп, слайд-презентациялар көрсетілді.

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті атынан байқауға қатысқан 5В0114-тарих мамандығының 4-курс студенті Тұмабек Жұлдызай (ғылыми жетекшісі: – т.ғ.д., профессор қызметін атқарушы Б.Р.Найманбаев) «Жазықсыз қудаланған тұлғалар» тақырыбында және 1-курс студенті Маккамбаева Ділбар (ғылыми жетекшісі – философия докторы (PhD), М.К.Алдабергенова) «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында *Өзбекстан*

Республикасы архивінен әкелінген құжаттар» атты тақырыпта ғылыми-шығармашылық жұмыстарын сәтті қорғап шықты.

Байқауға қатысушы студенттер жұмысын бағалап, жеңімпаздарды анықтау үшін арнайы комиссия құрылды. Комиссия мүшелері студенттердің шығармашылық жұмыстарын жан-жақты талқылап, қорытындысын шығарып, жеңімпаздар әділетті жолмен анықталды.



Суретте: ОҚПУ-дың жеңімпаз студенттері ғылыми жетекшілерімен бірге.

Комиссия мүшелерінің шешімі бойынша ОҚПУ-дың 4-курс студенті Тұмабек Жұлдызай «Ең үздік шығарма» номинациясы бойынша 1-орынды, 1-курс студенті Маккамбаева Ділбар 3-орынды иеленіп, ОҚПУ-да биылғы жарияланған 2017 жылғы «Ғылым жылына» өз үлестерін қосып, жылды табысты қорытындылады. Студенттерге шығармашылық табыс тілеп, жоғары биіктерден көріне берулеріне тілек білдіреміз.

ОҚУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕР ҮШІН маңызды көрнекті құрал

Жібек ШЕРІМБАЕВА,
Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің
аға оқытушысы, тарих магистрі

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазақ халқының өткен тарихы ата-бабамыздың бостандық пен бақытты болашақ жолындағы ұзақ та, ауыр күресінің тарихы», – деген ұлағатты сөзінің бүгінгі ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде маңызы зор.

Сондықтан да мектептер мен жоғарғы және арнаулы орта оқу орындарында оқытылатын Қазақстан тарихы оқулығында қазақ жеріндегі ұлт-азаттық көтерілістерді тереңдеп оқытуға ерекше

маңыз беріледі. Өйткені сол көтерілістер Ресей империясының Қазақстанды отарлау жүйесінің негізін шайқалтты. Мінеки, сондай халық көтерілісінің бірі –1836-1838 жылдардағы Бөкей ордасы мен Кіші жүзді қамтыған, қазақ батырлары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс болды.

Бұл көтеріліс тарихы оқу орындарында өткен ғасырдың II жартысынан бастап оқытылып келеді. Ал, қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері бұл

тақырып жаңадан табылған тың деректер бойынша жаңа концептуалдық негізде оқытылуда. Былайша айтқанда, Тәуелсіз қазақ елі тұрғысынан зерттеліп, зерделенуде. Осыған орай оқу орындарында осы

керісінше көрсетілген. Шындығында, олар алдымен Қарабау, Бүйрек, Тайсойған құмдарына қарай бет алып, Барлыбай моласына жетіп, одан оңтүстікке – Иманқараға, Желтауға ойысты; 4) 1838 жылы шілде айының бас кезінде Орынбордан шыққан полковник Геке басқарған үлкен жазалаушы отрядтың жолы көрсетілмей, одан маңызы төмен атаман Падуровтың жорық жолы үлкен штрихпен және қате көрсетілген.

Ал С.В.Кругликова мен А.Г.Изверованың авторлығымен Алматы қаласынан 2012 жылы шыққан «Қазақстан тарихы» Атласының 10-бетіндегі «Бөкей ордасындағы Исатай Тайманұлы көтерілісі (1836-1838 жылдар)» атты картадағы қателіктер 15-ке жетеді. Осы жерде мұндай пайдасыз карталардың мыңдаған данамен шығарылатынын және оған біраз қаржы жұмсалатынын кімдер ескереді?– деген сұрақ туады.


Мінеки, жоғарыда көрсетілген қателіктерді ескере келе біз 2013 жылдан бері сабақ барысында атыраулық профессор А.Шамғонов дайындаған картаны пайдаланатын болдық.

Бұл картадағы оқушылар мен студенттер үшін аса қажетті жаңалық – Исатай мен Махамбет батырдың Кіші жүздің батыс бөлігіндегі жорық жолдарының толық көрсетілуі [4,146]. Бұлай ету бүгінгі заман талабына сай келеді. Себебі, қазіргі мезгілде И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған көтерілістің Кіші жүзде өрістеуін көрсетуге үлкен көңіл бөлінуде. Оған себеп – кейбір оқулықтарда бұл көтеріліс негізінен, Бөкей ордасында болды деген қате пікір орын алған. Оған қоса, сол Бөкей ордасындағы көтеріліс 1836-1838 жылдарды қамтиды [5,115-6] деген жалған дәйектің келтірілуі – бұл көтерілісті оқушылар мен студенттердің дұрыс меңгеруіне тіпті де көмектеспейтіндігін атап айтқанымыз жөн.

Қорыта айтқанда, И.Тайманұлы мен М.Өтемісұлы бастаған халық-азаттық көтеріліске арналған бірден-бір көрнекі құрал А.Шамғонов дайындап, ұсынған және 2003, 2013 жылдары сараптамадан өткен карта деп айта аламыз. Сонымен бірге «Мәдени мұра» бағдарламасы жетістіктері қатарына жатады деуге толық негіз бар бұл көрнекі құралдың республиканың барлық оқу орындарында қолданылуы кезек күттірмейтін мәселе болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті хабаршысы, 2005, №2.
- 2.Егемен Қазақстан, 2013, 10 қыруйек.
- 3.Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихы XVIII ғ. 1914 ж.) 8-сыныпқа арналған оқулық. Алматы: «Мектеп», 2012.
- 4.«Қазақстан тарихы» журналы. 2014, №7.
- 5.Қабылдинов З.Е Қатынбаева А.Т. Қазақстан тарихы (XVIII ғ.-1914 ж.) 8-сыныпқа арналған оқулық. Алматы: «Атамұра», 2012.



Суретте: картаның авторы А.Шамғонов пен Б.Найманбаев.

тақырыпқа арналған көрнекі құрал-карталардың да қайта дайындалу қажеттілігі туды. Міне, сол қажеттілік негізінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің тарихшы-профессоры А.Шамғонов «Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық азаттық көтеріліс (1836-1838 жылдар)» атты түрлі-түсті карта дайындаған. Тарихшы ғалымның бұл сызба картаны жасаудағы мақсаты – Қазақстандағы барлық оқу орындарында (ЖОО тарих мамандығы бойынша) оқытылатын «Қазақстан тарихы» оқулығына қосымша көрнекі құрал дайындау және сол арқылы оқушылар мен студенттердің «Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық азаттық көтеріліс (1836-1838 жылдар)» атты тақырыпты терең игеруіне көмектесу [1,209 б]. Автор көрсеткендей, мектептердің 8-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» оқулықтарына қосымша «Атластардағы» Исатай-Махамбет көтерілісіне арналған карталардағы қателіктердің шектен тыс көп болуы да бұл картаның дайындалуына өз әсерін тигізген [2]. Тіпті «Мектеп» баспасынан 2012 жылы Ж.Қасымбаевтың авторлығымен шыққан «Қазақстан тарихы» оқулығындағы карталар топтамасындағы осы тақырыпқа арналған картаның өзі қателіктерге толы екендігін айтпауға болмайды. Солардың бастыларын атап көрсеткен артық болмас: 1) Карта тақырыбында көтеріліс басшыларының бірі көрсетілмеген; 2) Исатайдың және Махамбеттің қаза тапқан жерлері қате көрсетілген; 3) Исатай мен Махамбет бастаған топтың 1837 жылы 13 желтоқсанда Сарайшықтың жоғарғы жағында Жайық өзенінің Азия бетіне өткеннен кейінгі жүрген жолдары

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

XXI ғасырдың алғашқы жылдары

Өткір ӘЛИЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
Шауқат РАХЫМҚҰЛОВ,
ОҚПУ-дың аға оқытушысы, тарих магистрі

Оңтүстік Қазақстан облысы – еліміздің оңтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік болып, 1932 жылы 10 наурызда құрылған.

Облыстың жалпы аумағы 117,3 мың шаршы км. **Халқы 2 800 000-нан асты.** Облыс құрамында 11 әкімшілік аудан, 4 қалалық әкімдік, Шымкенттен басқа 7 қала, 13 кент, 171 ауылдық округ, 932 ауыл бар.

Оңтүстік Қазақстан облысының жер бедері негізінен жазық (орташа биіктігі 200–500 м.). Солтүстігінде тасты-сазды Бетпақдала шөлінің оңтүстік-батысы, Ащыкөл ойысы, Тоғызкентау жоны, Шу өзенінің төменгі ағысы және Мойынқұм құмды алқабының батыс бөлігі орналасқан. Облыстың орталық бөлігін Қаратау жотасы солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай екіге бөліп жатыр. **Оның ең биік жері – Бессаз (Мыңжылқы) тауы** (2176 м). Қаратаудың оңтүстік-шығысында Боралдай (1400–1600 м.) жотасы орналасқан. Облыс жерінің оңтүстік-шығысын Батыс Тянь-Шаньның сілемдері (Өгем жотасы), Қаржантау (2800 – 2900 м.), Қазығұрт тауы (1700 м.), Талас Алатауының батыс сілемдері – Кіші Ақсу (2577 м.), Алатау (3137 м.) таулары қамтиды. **Облыстың ең биік жері – Сайрам шыңы (4299 м).** Оңтүстік-батысында Қызылқұм, Қарақтау (388 м), оңтүстігінде Шардара даласы, Ызақұдық құмы, Қауынбай молда (321 м.), Белтау (592 м.) жоталары, қиыр оңтүстігін Мырзашөл алып жатыр [1].

Оңтүстік Қазақстан облысында республика халқының 15%-ынан артығы тұрады. Тұрғындарының орташа тығыздығы 1 км²-ге 18,6 адамнан келеді. Тәуелсіздік жылдарында еліміздегі демографиялық ахуал жақсарды. Халықтың табиғи өсімі 3 есеге жуық артты. Мысалы, ОҚО-да 1998 жылы 43 632 бала туылса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 76 792 балаға артқан. Бұл республикада сол жылы туылған балалардың 22 пайызын құрайды [2].

Сондай-ақ, **XXI ғасырдың алғашқы жылдарында ОҚО-да халық саны жылдан жылға өсуде.** 1998 жылы 1 975 600 адам тұрса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 2 567 700-ге артқан. Ал, 2015 жылы 2 788 653 адам болды.

Облыс халқының басым бөлігін қазақтар (70, 24%) құрайды. Одан кейінгі орындарда – өзбектер (17,1%), орыстар (7,2%), татарлар (1,2%), т.б. ұлт өкілдері. Мақтаарал, Шардара, Сайрам, Сарыағаш ауданында тұрғындар жиі қоныстанған. Облыс тұрғындарының 47%-ы қалада, 53%-ы ауылда тұрады [3].

Оңтүстік Қазақстан облысы – республикадағы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық салалары дамыған, еңбек ресурстары жеткілікті аймақ. Облыс кәсіпорындары Қазақстандағы барлық өнеркәсіп өнімдерінің 5,9%-ын өндіреді. Елімізде шығарылатын трансформаторлардың 98,6%-ы, фармацевтикалық препараттардың 70,1%-ы, минералды және газды сулардың 51,5%-ы, мотор майының,

бензиннің 38,9%-ы, рафинатты қорғасынның 23,6%-ы, сыраның 23,6%-ы, цементтің 19,7%-ы, экскаватор, мақта талшығы, мақта майының барлығы дерлік Оңтүстік Қазақстан облысында өндіріледі. Облыс тері шикізаты, жеміс, көкөніс, жүзім, бақша, макарон өнімдерінің ірі өндірушісі болып табылады [4].

Облыстың ауыл шаруашылығына жарамды жерінің аумағы 10,3 млн га, оның ішінде жыртылатын жер аумағы 0,8 млн га. Ауыл шаруашылығында 63,3 мың шаруа (фермер) қожалығы, 956 ӨК, 6 АҚ, 608 ЖШС жұмыс істейді. Олар жалпы елдегі ауыл шаруашылығы өнімінің 12,2%-ын береді. Ауыл шаруашылығының басты саласына стратегиялық маңызы бар мақта өсіру мен өндіру жатады. Оның егіс көлемі 170 мың га-ға (егіс көлемінің 30%-ы) жетті. Шитті мақтаны өңдеумен жылдық қуаты 650 мың тонналық 19 мақта зауыты айналысады. Олар облыстың Мақтаарал, Сарыағаш, Шардара ауданында және Түркістан қалалық әкімдігі жерінде орналасқан. Облыс әкімшілігі 2003 жылдың соңында мақта иіру фабрикаларының құрылысын бастады. Егіннің орташа жылдық өнімі: бидай – 400 мың т., күріш – 10 мың т., шитті мақта – 360 мың т., көкөніс – 400 мың т., бақша өнімдері – 291 мың т., картоп – 115 мың т. 2004 ж. мал саны: ірі қара – 603 мың, қой-ешкі – 3 млн., жылқы – 119 мың, түйе – 14 мың, құс – 1,8 млн., шошқа – 22 мың басқа жетті.

ОҚО-ның ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 1991 жылы 10,5 млрд теңге көлемінде өнім өндірсе, 2010 жылы ол 162,5 млрд теңгеге дейін артты. Ал, 2017 жылы бұл көрсеткіш 376,5 млрд теңгені құрады [5].

Облыста жалпы білім беретін 1007 мектеп, 22 кәсіптік-техникалық мектеп, 36 колледж бар. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Қожа Ахмет Иасауи атындағы халықаралық Қазақ-Түрік университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты және бірнеше мемлекеттік емес жоғары оқу орындары студенттерге білім беруде. Мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының ішінде Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің ерекше орны бар. Онда 10 мыңға жуық студенттер, магистранттар мен докторанттар өз білімдерін жетілдіруде.

Зертелу мерзімінде облыста 931 мемлекеттік медицина ұйымы, оның ішінде 542 фельдштік-акушерлік пункт, 131 отбасылық дәрігерлік амбулатория, 60 ауылдық телімдік аурухана, 12 орталық аудандық және 5 аудандық аурухана, санспедианстанция-эпидемиологиялық станция жұмыс істеген.

Қарт адамдарға арнап “Ардагерлер үйі”, балаларға “Тау самалы” оқыту-сауықтыру орталық ашылған. Облыс аумағында елімізге белгілі Сарыағаш минералды суына негізделіп ашылған “Сарыағаш” шипажайы, “Арман” санаторийі, “Манкент” санаторий-профилакторийлері мен “Денсаулық”, “Мейірім” сауықтыру орталықтары бар.

Облысымыз аудандарында 365 кітапхана, 9 музей, 6 кинотеатр, 6 театр (3 драма, 2 сазды, 1 қуыр-

1. Ұлы ұстаздың орыс отаршылдары бұрмалаған Ибрай есімі өзгертіліп, Ыбырай деп берілді – ред.

шақ), хайуанаттар саябағы, 366 мәдени-демалыс, 2865 спорт-сауықтыру мекемесі жұмыс істейді.

Облыс аумағында Ұлы Жібек жолы өткен көне қалалар (Исфиджаб, Иасы, Сауран, Отырар, т.б.) мен қорғандар болған. 802 тарихи және мәдени ескерткіш, оның ішінде 582 археологиялық, 42 тарихи, 11 монументтік өнер ескерткіштері; дүние жүзіне белгілі қасиетті Қожа Ахмет Ясауи кесенесі Түркістан қаласында орналасқан. Бәйдібек ата кесенесі, Домалақ ана кесенесі, Қарабатыр кесенесі (Бәйдібек ауданы), Арыстан баб кесенесі (Отырар ауданы), Баба ата күмбезі, Қарабура әулие кесенесі (Созақ ауданы), Қарашаш ана күмбезі, Ибраһим ата күмбезі, Қажымұқан Мұңайтпасұлының кесенесі мен мұражайы (Ордабасы ауданы) бар.

Бүгінде оңтүстік тұрғындары еліміздің экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, саяси және халықаралық жетістіктерінде өздерінің үлесі барлығымен мақтанады.

Республикада қолайлы табиғи жағдайларымен ерекшеленетін, қысы қатал, жазы салқын Түлкібас

пен түгін тартса майы шығатын Жетісайдың, атақты Отырардың, түркі әлеміне мәдени орталық саналатын бұрынғы Иасы, қазіргі Түркістанның, жалпы жайма шуақ Оңтүстік өңірінің еңбекшілері республикамыздың барша халқы сияқты жаңа жетістіктерге, биік белестерді бағындыруға өз бағыттарын қаратқан. Сөйтіп, Оңтүстік Қазақстан халқы елімізді әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосу жолында жұмыла жұмыс атқарып, Мәңгілік ел мұраттарына қол жеткізу үшін өз үлестерін қосуда.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР

1. Оңтүстік Қазақстан облысы. –Шымкент, 2014, 6-бет.
2. **Алиев У.** Оңтүстік Қазақстан облысында демографиялық даму динамикасы (XIX ғасырдың соңы-XXI ғасырдың басы). –Шымкент, 2016, 55-б.
3. Бұл да сонда, 57-б.
4. «Оңтүстік Қазақстан» газеті, №148 (18384) 24 қазан 2016 ж.
5. «Оңтүстік Қазақстан» газеті, №178-179 (20417) 28 қазан 2017 ж.

ДӘСТҮРЛІ ҚОЛӨНЕР ТҮРЛЕРІ мен олардың ортағасырлық қалаларда даму дәрежесі

Мөлдір АЛДАБЕРГЕНОВА,
философия докторы (PhD), ОҚПУ-дың аға оқытушысы,
Гүлсінай ЖАДЫРАЕВА,
ОҚПУ-дың аға оқытушысы

Дешті-Қыпшақпен шекаралас аймақтарда, әсіресе, Оңтүстік Қазақстанның қалаларында далалықтарға, көшпенділерге қажетті бұйымдар – маталар өндірілді. Археологиялық зерттеулер Исфиджабта мата базары болған, Отырарда мата шеберханасының белгілері де табылған [1]. Мысалы, Отырартөбенің XVI-XVIII ғғ. қабаттарында жүргізілген қазба жұмыстары барысында мақта дәні мен қозапайа қалдықтары табылды [2, 186-б.]. Осыған қарап, мата жасауға ең қажетті осы техникалық дақыл Отырар айналасында өсірілгенін байқауға болады. Отырарды қазу барысында жіп иіру құралының бөлшегі – керамика бөлшектерінен жасаған ұршық табылған. Қазба барысында Отырарда ши тоқыма өрмегінің кейбір құралдары табылған. Мата тоқитын өрмектің де құралы /грузик ткацкого станка/ табылған [2, 173-б.]. Қаратаудың солтүстік беткейіндегі Күлтөбе қалашығынан да түйе жүнінен тоқылған алаша (сақталуы жақсы) қалдықтары табылды [3, 30-б.].

Амстердам қаласының бургомистрі және саудагері Николаас Витсен [4, 68-б.] мен орыс ғалымы П.И.Рычков [5, 112-б.] Түркістан қаласындағы сауданы сипаттай отырып, сапасы төмен болса да қазақ жерінде ақ мата өндірілгені туралы хабар береді. Түркістан аймағындағы Иқан [6, 162-б.] мен Аққорған қалашығында [7, 54-б.] да мақта өсіріліп, мата тоқылыпты, өздерінен артылғаны сатылған деген де мәліметтер бар.

Қазақстан қалаларында сүйек өңдеу ісі дәстүрлі ері кең танымал кәсіптердің бірі болды. Сүйектен жасалған бұйымдарды ішінде ұршық, пышақ, түйме, ілгектер археологиялық зерттеулер барысында көптеп табылды [2, 173-б.]. Сүйектен жасалған бұйымның бір бөлшегі Сығанақ қаласында жүргізілген қазба барысында (2012 ж.) анықталған. Иілген сүйек кесіндісінің үш жерінде тесігі бар. Археологтар бұл бұйым ат әбзелдерінің немесе белдік жиынтығының

бір бөлігі деген болжам жасайды [8, 76-б.]. Күлтөбе қалашығында жүргізілген зерттеулер барысында да қолдирменінің бір бөлігі сүйектен жасалған дән ұсатқыш бақалақ табылған [3, 104-б.].

Жазба деректердің мәліметінше, Қазақ Ордасының адамдары қаруды Бұқарадан сатып алады, ал оқ-дәріні аталған қалаларда жасайды. Оқ дәріге қажетті қорғасын, мыс, т.б. шикізаттар орыс деректері бойынша, қазақ даласында, Түркістаннан 5 күндік жерде, Созақтан 3 күндік жерде орналасқан Ұлытауда өндіріледі деп хабарлайды [9, 430-б.].

Ал қорғасын кені Түркістан қасында, Сабынды тауында орналасыпты. Оның көп мөлшерде болғаны соншалықты кез келген адам қорғасынды алып, оқ құйған деп айтылады [7, 30-б.]. Ал екінші бір дерек қорғасынды Қарнақ қаласында еріткен деген мәліметтер келтіреді [9, 384-б.]. Отырардың қасындағы Құйрықтөбе ескерткіші аумағында, үлкен каналға таяу жерде XV ғасырдың теміршілер орамы қазылды. Отырар қаласындағы қазба барысында 24 бөлмедегі қамба ішінен жерағаштың темір тісі «омаш» табылған [2, 166-167-б.]. Ортағасырлық Шымкент қаласында жүргізілген қазба барысында қамал дуалының түбінен қару-жарақ пен ат-әбзелдері табылған [10, 171-б.]. Отырар қаласынан қару-жарақтан тек кесіндіде ромб тәрізді, түбі шеге іспетті, ұзындығы 10 см болатын садақ оғының темір жебелері ғана табылды. Отырар қаласының XVI ғ. жататын қабатынан салт аттыға жасалған темір бұйымдар: үзеңгі, таға, арба дөңгелектері бөліктері көп кездескен [2, 86-б.]. Металдан жасалған бұйымдар Күлтөбе қаласында жүргізілген қазба барысында да анықталды. Оған тігіншілікте қолданылатын оймақ, үстінде оюмен безендірілген білезік табылған [3, 94-б.].

Қола мен мыс бұйымдар жасаумен қолөнершілдердің бір тобы айналысты. Қола бұйым-

дарының ішінде екі қола сымнан жасалған сырға бөліктері, салпыншақтар табылған. Олардың пішіні әр түрлі жарты ай, тиын, шар мен бадамша іспеттілері де бар. Жүзіктер, сақиналар, білезіктердің табылуы Отырарда зергерлік қолөнері болғанын көрсетеді. Олардың кейбірі сымнан жасалса, кейбірі қола пластинадан сомдалған. Сонымен қатар Отырардан қола құмыраның тұтқасы табылды. Ол бір беймәлім жануардың денесі іспетті етіп жасалған, басы айдаһар іспетті. Отырардан аса сирек кездесетін ту басының бөлігі табылды [2, 169-171-б.].

Қала аумағында өркендеп дамыған қолөнер түрі тері өңдеу болса, қалалық қолөнершілерге қажетті шикізат көшпелілерден көптеп келіп жатты, әсіресе, терілерді ұқсатуға байланысты [11]. Ортағасырлық автор ибн Хаукалдың «Сурат алард» атты шығармасында қала халқы ежелден тері өңдеумен айналысқандығынан мәлімет береді [12, 94-б.]. Өңделген терілер басқа қалаларға немесе көшпелілерге дайын өнім болып қайтып отырды. Тері бұйымдар жасау кең дамыды, әсіресе, етік тігу өріс алды және оны тігуге пайдаланылған етікші құралдары да табылды [1, 85-б.]. Құралдың астыңғы жағы кеңейе, жалпая түскен. Олардың асты бірде тегіс, бірде біршама жұмырлана келген. Зерттеуші бұл құралды Оңтүстік Хорезмдегі өзбектердің XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы «каве» атты етікші құралымен салыстырады. Орта Азия қалаларында етікшілік өнер кең тараған екен [13, 165-168-б.]. Оған дәлел, Тараз қаласы маңындағы Королевка ауылынан жоғарғы жағы өсімдік және дәстүрлі «қой мүйізі» өрнегімен безендірілген, теріден тігілген ортағасырмен мерзімделетін жай табан етік табылды [14].

Тас өңдеуге қатысты материалдар Оңтүстік Қазақстан қалаларын қазу барысында табылған. Археологтардың пікірінше, Отырардың әрбір үйінде құмтас пен граниттен жасалған қолдиірмендер табылды. Тек 1981 ж. Отырар жөнінде шыққан монографияда келтірілген мәліметтер бойынша, қалашықта жүргізілген қазба жұмыстары барысында толық комплекті 10 қолдиірмен, 50 дана қолдиірменнің бір бөлігі, 150 бөлшектері табылған. Диірмен диаметрі 30-50 см. Осымен қатар ірі, диаметрі 1-1,5 м диірмен тастар болған. Олар жегілген жануардың күшімен айналдырылған. Диірмендерден бөлек тас келісаптар кездеседі. Олардың кейбірінің ұзындығы 30 см-ге барады. Оларды темір өндірісінде пайдаланған. Майдалары үйдегі шағын келілерде қолданылды. Осымен қоса тастан жасалған үккіштер кездеседі. Қайрақтастар да жиі кездеседі. Отырарда қазба барысында өңделген түрлі-түсті тастардың табылғанына қарағанда, тас өңдеуші шеберлер болған деп жорамалдауға болады. Нефрит, тау хрусталінен, сабынтастан, т.б. басқа тастардан жасалған жүзіктер кездесті [2, 170-173-б.]. Сығанақ қалашығында қазба жұмыстарының барысында ұзындығы 13 мм, диаметрі 8 мм-ден бастап (ортасында) 5 мм-ге дейін жалғасқан (соңында) тесік диаметрі 2 мм болатын тас моншақ табылды. Пішіні бөшке бейнелі алты қырлы тегіс емес. Моншақтың түсі ақшыл кварцтан жасалған [8, 76-б.].

Ортағасырлық қалаларда тас өңдеу ісінің дамығандығының бір көрінісі – егіншілік өнімдерін өңдеуге қолдиірмендердің көптеп қолданылуы. Қалаларда маманданған тас өңдеушінің болғандығын қазба барысында қалалардан табылған өңделген түрлі-түсті тастар мен олардан жасалған әшекей бұйымдар анықтайды. Қала тұрғындары арасында тері өңдеумен маманданған шеберлер айналысты. Тері өңдеуде етік тігу кең өріс алды. Ортағасырлық

қалаларда тек мыспен, қоламен жұмыс жасап, олардан күнделікті тұрмысқа және шаруашылыққа қажетті бұйымдар жасайтын шеберлердің ерекше категориясы қалыптасты. Жазба деректерде, Оңтүстік Қазақстан қалаларында кен орындарының көптігі мен жергілікті халық оны өңдеумен айналысқандығы жайлы деректер баршылық. Қалаларда жүргізілген қазба жұмыстары да мұнда жер жыртатын құралсайман, бау-бақшаны күтіп баптауға арналған құрал, қару-жарақ жасаумен айналысқан теміршілер өмір сүргендігінен хабар беретін көптеген дәлелдер тапты. Ал тұрмысқа қажетті металл өнімдерін теміршілердің ерекше категориясына жататын ұсталар жасады. Олар қоңыраулар, зергерлік бұйымдар, пышақтар, шегелер, сақиналар секілді декоративті бұйымдар жасаумен да шұғылданды.

Оңтүстік Қазақстан қалаларында мата өндірісі өнімдерін тек қала тұрғындары ғана емес, сонымен қатар далалықтар мен көшпенділер де пайдаланды. Археологиялық зерттеулер барысында жіп иіруге, ши тоқуға арналған құрал бөлшектерінің анықталуы Түркістан, Отырар, Сарайшық және Аққорған қалаларында өркендеп дамыған мата өндірісінен хабар береді. Оңтүстік Қазақстан қалаларында етікшілік кәсібі жайлы жазба деректер жоқтың қасы, ал археологиялық зерттеулер Отырар қаласында табылған етікші құралының болғандығын тілге тиек етіп, Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық қалаларда етікшілік өнері дамыған деген пікір айтады. Ортағасырлық қалаларда сүйек өңдеу ісінің дамығандығын көрсететін археологиялық материалдар көптеп табылуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Кожанов М.** Ткацкая мастерская X-XII вв. из рабада Отрара // Ортағасырлық Қазақстандағы ақша айналымы және сауда. –Түркістан: Тұран баспасы, 2006. – 180-189-б.
2. **Акишев К.М., Байпаков К.М., Ермаков Л.Б.** Поздне-средневековый Отрар. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 343-б.
3. **Жолдасбаев С.** Поздне-средневековые города на северных склонах Каратау. - Туркестан: Туран, 2012. – 109-б.
4. **История Казахстана в западных источниках.** - Алматы: Санат, 2006. - Т.6. – 312-б.
5. **Рычков П.** Топография Оренбургская. - Санкт-Петербург: Императорская Академия наук, 1762. – Ч. 1. -405-б.
6. **Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках.** – Алма-Ата: Издательство Акад. наук Казахстана СССР, 1961. – 575 с.
7. **Исламизация и сакральные родословные в Центральной Азии.** -Алматы-Берн-Ташкент-Блумингтон, 2008. - 368 с.
8. **Археологические исследования объекта историко-культурного наследия. Средневековое городище Сыганак (промежуточный): отчет о НИР / МКИИ РК.** – Туркестан, 2012. – 145 с.
9. **История Казахстана в русских источниках / сост. А.Исина.** - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. - Т. 1. – 704 с.
10. **Байтанаев Б.А.** Раскопки городища Шымкент: Мемлекеттік «Мәдени мұра – 2004» бағдарламасы бойынша 2004 жылы. Археологиялық зерттеулер жайлы есеп. - Алматы, 2005, - С. 170-174.
11. **Пищулина К.А.** Письменные восточные источники о присырдарьинских городах Казахстана XIV–XVII вв. // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. – Алма-Ата: Наука, 1983. – С. 165-176
12. **История Казахстана в арабских источниках. Арабские географы и путешественники IX-XII вв.** – Алматы: Дайк-пресс, 2010. – Т. 2. – 328 с.
13. **Ходжаев М.Б.** Инструменты сапожника из Отрара // Города Туркестана. – Алматы: Ғылым, 1999, - 172 с.
14. **Алдабергенова М.К.** Ортағасырлық Тараз қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайын археологиялық мәліметтер бойынша зерттеу // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. - 2012. - №1(86). – 172-176-б.

САБАҚТА ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫ ПАЙДАЛАНУ

Інкәр КАТАПОВА,
Х.Досмұхаммедов атындағы Атырау мемлекеттік
университеті тарих мамандығының магистранты

Мектеп ұстаздарының негізгі мақсаты – қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сай жаңа технологияларды жетік меңгерген жас буынды қалыптастыру және жастардың саналы ойлауын қолжеткізу, шығармашыл, өз мамандығын дұрыс таңдаған, ой-өрісі жоғары жеке тұлға дайындау.

Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық тәрбиенің озық өрі өнегелі дәстүрлерін, асыл қасиеттерін оқушылардың бойында қалыптастыру, этнопедагогика материалдарын ұтымды пайдалану – аса маңызды міндеттердің бірі. ХХІ ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бүгінгі күні қазақ халқының ұлттық мәдениетінің қайта өркендеу жағдайында жеткіншек ұрпақты ұлттық дәстүрлерде тәрбиелеудің заңды объективті қажеттігі туды. Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы белгілі. Ендеше мұғалімдік мамандықты таңдаған жастарға жан-жақты білімді, шынайы сезімтал болуды, шәкірттеріне шексіз сүйіспеншілікпен қарауды талап ететінін, еңбегінің нәтижесі әр күн сайын балаларға қуаныш әкелгенде ғана жемісті болатынын ұғындыру керек. Егеменді Қазақстан Республикасының болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқитудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – делінген. **Тарих пәні ұстаздарының басты міндеті** – мәдениетті, білімді, іскер, жан-жақты, жаңа технологияларды меңгерген жеке тұлғаны дамыту, ұлтымыздың рухын көтеру, осы мақсатқа жететіндей тиімді жол іздеу.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясында – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты бағдарламасын іске асыруға белсене қатысатындар, кең байтақ Қазақстанның байлығына ие болатындар, сол байлықты өз игілігіне жұмсайтындар, сөз жоқ, қазіргі мектеп қабырғасында жүрген біздің оқушыларымыз екеніне ешкім күмән келтіре алмайды. Менің ұстаз ретінде алдыма қойған мақсаттарым бар. Олардың бірегейі оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру [2].

Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білімге құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жа-

сауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру. Меніңше, бұл – әрбір ұстаздың абыройлы борышы. Бұл ретте өзім тарих сабағында оқытудың көптеген әдістерінен құралған интерактивті оқыту технологиясының тиімді әдістерін қолданамын.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді. Бұл – ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Қазіргі білім саласындағы оқытудың жаңа педагогикалық технологияларды меңгермейінше сауатты, жан-жақты, білгір маман болу мүмкін емес. Жаңа ақпараттық технологияны меңгерту мұғалімнің зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, т.б. көптеген ұстаздық қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу тәрбие үдерісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Мұғалім алғаш жаңа ақпараттық технологияларды оқып үйренеді, екіншіден, меңгереді, үшіншіден, тәжірибеде қолданады, төртіншіден, оны дамытып нәтижесін көрсетеді.

Соның ішінде компьютерлік технологияны қолданудың жеке тұлғаны қалыптастырудағы, оның шығармашылық мүмкіндіктерін арттырудағы атқарар ролі ерекше.

Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де – оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы. Олай болса, барлық сабақтарды компьютерлердің қуаттануымен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. **Мұғалім сабақта мына технологияларды пайдаланса, оқушылардың қызығушылығы, білімге деген ынтасы ізденімпаздық қасиеті арта түсері анық:**

- сандық теледидар;
- ғаламтор ресурстары;
- теледидар бағдарламалары;
- ұтқыр қондырғылар;
- ұялы телефондар, компьютер;
- интерактивті тақта;
- электронды оқулық.

Оқушылардың құзыреттілігін арттыратын педагогикалық технологиялардың бірі – оқытудың компьютерлік технологиясы. Оны мен өз тәжірибемде қолданып келемін. Оқытудың компьютерлік технологиясын пайдалану мен үшін оқу үдерісін жаңа оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге және оқушылардың шығармашылық қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Сондықтан оқушылардың құзырет-

тілігін арттыру мақсатында тарих сабақтарында АКТ-ны пайдаландым. **Ақпараттық технологияны оқу үдерісіне енгізу арқылы оқушы:**

-Шығармашылық, интеллектуалдық қабілетін дамытады.

-Өз білімін өмірде пайдалана біледі.

-Компьютер мен жұмыс жасай алады.

-Логикалық ой-өрісін дамытады.

-Жан-жақты білім алады.

-Есте сақтау қабілетін дамытады.

Өз жұмысымда мен көптеген электрондық ресурстарды қолданамын: мультимедиялық бағдарламалар, интернет материалдары, интерактивті тестілер, бағдарламалар. Олар сабақты түрлендіреді және қызықты етеді, балаларды әр түрлі жаңа технологияларды пайдалануға үйретеді.

Интернеттен біз оқушылармен жобаларымызға мынадай әр түрлі керекті ақпаратты табамыз: халықтар, мемлекеттер, мұражайлар, театрлар, әр түрлі жерлерде, елдерде болып жатқан оқиғалар, әлемдегі экологиялық жағдайлар, ұлттық мерекелер және т.б.

Интерактивті тақта – басқаруға мүмкіндік беретін, көп қызметті экран. Оған сабақ барысында қолданатын қажетті құралдардың бәрі кіреді. Атап айтқанда:

- Бормен тақтаға жазылған кескінді интерактивті тақтадағы түрлі-түсті, ұқыпты кескінмен салыстыруға болмайды.

-Слайдтарда, флипчартта қателер кетсе, тез арада түзетуге болады.

Қазір кез келген пәнді оқытуда пәнаралық байланыс арқылы білімнің жинақтаушы, қорытындылаушы және үйлестірушісі қызметін атқаруға болады. Осы тұрғыда оқытудың интерактивті әдісі өте тиімді. Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделі отырып, “жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын” қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

«Интерактивті тәсілдер», «Интерактивті оқыту» терминдері бізге ағылшын тілінен енген. Нақтырақ айтқанда, интерактивті сөзі ағылшын тілінен аударғанда *inter* – аралық, *action* – әрекет дегенді білдіреді. Интерактивті терминін оқушылардың өзара әрекет етуіне мүмкіндік беретін әдіс деп аударуымызға да болады.

Оқу үдерісінде компьютерлік технологияны қол-

дану ойды кеңейтуді іске асырып, жаңа әдістің пайда болуына, оны ұйымдастыру түріне әкеледі. Компьютерлік оқыту бағдарламалары интерактивті тәртіппен компьютер арқылы қандай да болсын пәнді оқып-үйренуді кездейтін бағдарламалар болып табылады.

Мен 6-сыныпта «Сақтардың тәуелсіздік үшін күресі» тақырыбында өткізгенде бірнеше ақпараттық технологияларды пайдаланып, оқушылардың қызығушылығын ояттым. Сабақты компьютерлік кабинетте өткіздім. Мұндағы компьютерлердің локальдық торап (жергілікті торап, дербес компьютерлерді бір мекеме шеңберіндегі тораптық операция жүйесіне біріктіру) арқылы жалғануы сабақта түрлі ақпараттық бағдарламаларды пайдалануға қолайлы, әрі әр оқушының жұмыс үстелі белсенді болады.

Сондай-ақ электронды оқулықты пайдаланудың да мүмкіндіктері өте көп. Электронды оқулықтардағы тапсырмаларды орындау, тест жұмыстары, картамен жұмыс, бейнефильмдерді көру арқылы оқушылардың өз бетінше білім алуға ынтасын, қызығушылығын байқадым.

Мен «PINACLE», «VIDEOSTUDIO» бағдарламалары арқылы 6-сыныпта өтілген «Ежелгі тас ғасыры» тақырыбына әр түрлі анимацияларды, эффекттерді пайдаланып, бейне ролик жасадым.

Заман талабына сай оқыту мен тәрбиенің соңғы түрлерін жедел игеріп, оқушыларға меңгерту, кәсіби шеберлікті ұштап отыру – ұстаздың басты парызы. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасында: қазіргі білім берудегі басты мәселе – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді де жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау екені атап айтылады. Болашақтың бүгіннен де нұрлы, шуақты болуына тікелей ықпал етіп, адамзатты алға апаратын күш білімде ғана деген ұранмен оқу үдерісін ұйымдастыру қажет. Оқушылардың тарих сабағында шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жаңа технологияларды ұтымды пайдалану керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.Т.Мұхамбетжанова, Ж.Ә.Жартынова. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008 ж.

2. А.Иманбаева. Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2005 ж.

ТАРИХ САБАҒЫНДА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚЫТУ

Әбділдә ӨТЕМҰРАТ,

№ 205 орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Бүгінде бүкіл әлем технологиялық, экономикалық және әлеуметтік дамудың қарқынды өзгерістеріне қарыштап қадам басып келеді. Біздің өмірімізге енген бұл үдерістер маңызды жұмыс сапасын қалыптастыруымызды, азаматтық құқықтарымызды тиімді жүзеге асыруымызды, өскелең ұрпаққа қажетті білім мен тәрбие беруді түбегейлі өзгертуімізді қажет етеді.

Бұл ойымыздың нақты дәлелі – Елбасының «Бо-

лашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. Бұл мақаланы Қазақстанның ғылым, білім, мәдениет пен тарихын тұтастай қамтитын, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін жаңа бағдарлама деуге болады. Мұнда жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдары ұсынылған.

Соның ішіндегі ең маңызды бағыттарының бірі – салт-дәстүрлеріміз, мәдениетіміз. Онда: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан

нәр алмаса, ол адасуға бастайды», – деген ұғым бар. Ұлттық құндылықтарға толы би-шешендердің, халық ақындарының, әнші-күйшілердің мұралары рухани байлығымыздың қайнар көзі. Біз оларды балабақшадан бастап, мектепте, мектептен кейінгі оқу орындарында мына жылдам өзгермелі заманға лайықтап оқытып, ұрпақ игілігіне айналдыруымыз керек. Білім беру саласы да үнемі ұлттық сипатпен байытылып отырса, нұр үстіне нұр.

Рухани жаңғыру ұлттық кодты сақтаумен бірге ұлттық бірегейлікті сақтауды да талап етеді. Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, жалпы ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс.

Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау, көркем мәдениетті жандандыру, жаңғырту мақсатында көптеген бағдарламалар жасалды және оларды қазіргі заманға сай лайықтап, қоғамның барлық саласында тиімді қолдануымызды талап етіп отыр. Мысалы: 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар қайта қалыпқа келтіріліп, жаңғыртылды. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді мұрағаттарынан төл тарихымызға, мәдениетімізге қатысты құжаттар жиналып, жан-жақты зерттелді. 2014 жылы «Мәңгілік ел», 2015 жылы «Қазақ хандығына – 550 жыл» атты бағдарламалар аясында заман ағымынан қалмай, ұлттық болмысымыздың тарихи-мәдени ерекшеліктері зерделеніп, іс-шаралармен дәлелденді, салт-дәстүрлеріміз заман талабына сай жаңа көрініс тапты.

«Рухани жаңғыру» деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденіп, толыққанын білдіреді. Бұл ұғымды біз «Қазақстан тарихы» сабағы, тарих апталықтары, мектепте өткізілетін мәдени іс-шаралардың мазмұнына міндетті түрде енгізе отырып, нәтижесін оқушылардың белсенді іс-әрекеттері, түсініктері, қызығушылықтары арқылы көре аламыз.

Салт-дәстүрлердің тарихи-мәдени маңызын то-

лыққанды қалыптастыру үшін оқушыларға мәтіннің мазмұнындағы ұлтымызға тән болмысымызды елжандылыққа, парасаттылыққа баулитын ұғымдармен, түрлі көрнекіліктерді (*карта, көне мұрағаттар, тарихи жәдігерлер, тарихи құжаттар, т.б.*) пайдалану арқылы өткізуге болады. Егер ұстаздың қажетті материалды жеткізудегі ойы оқушылардың қабылдау мүмкіндігіне сай анық, нақты дәлелдермен әсерлі түрде берілсе, онда оқушылар ақпаратты өз деңгейлеріне сәйкес қабылдай алады. Сабақтағы «ұстаз-оқушы» диалогтік сұхбаттасу, өз беттерімен ізденушілік әрекеттерінің нәтижелері, олардың пәнге деген құлшыныстарын туындатып ұсыныстар мен көзқарастарын биік дәрежеге жеткізеді.

Қазір мектептегі «Қазақстан тарихы» сабағы көптеген заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана отырып өткізілуде. Мұнда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, оқушыларға сабақ мәтіндерін қосымша дидактикалық құралдар болып саналатын электронды оқулықтарды пайдаланып оқытуға болады. Оқушылардың өз беттерінше мәтінді қайталап оқуларына, республиканың басқа аймақтарындағы өлкетану мұражай материалдарымен танысуларына, тапсырмалар орындап, тест сұрақтарына жауап беріп, нәтижелерін өздері бағалай білулеріне жағдай жасалған.

Ойымды қорыта келе айтарым – барлық оқушының жақсы баға үшін оқуы міндетті емес. Негізгі міндет – оларды халықтың өткен тарихын тереңірек түсінуге, тарихи-мәдени құндылықтарды қастерлеуге, рухани жаңғыру арқылы болашаққа бағдар жасауға талпынуға бағыт-бағдар беру. Олардың ғылым-білімге құшақты айқара ашу қасиеттерін дамыта отырып, алған білім-білік дағдыларын қоғамның кез келген саласында тиімді пайдалана білулеріне өз үлесімді қосу деп есептеймін.

**Қызылорда облысы,
Шиелі ауданы.**

РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІЛІГІМІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ҰЛТТЫҚ ТАРБИЕ

**Бакытгүл ШЫҢҒЫСБАЕВА (Чингизбаева),
Арқарлы орта мектебінің тарих пәні мұғалімі**

Тәуелсіздікке қол жеткізу біздің болашағымызға жарқын жол ашты. Егемендігіміздің арқасында, көптеген сұрақтарға шешім табылды, болашағымыз айқын болды. Түрлі ауыртпалық әкелген Семей полигоны жабылды, Арал теңізі мәселесі шешіле бастады, тарихи мұра, мәдениетімізді қайтара алдық. Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстары қолға алынуда. Қазір біз – болашағымызға сеніммен қарай алатын, зайырлы, индустриалдық жаңғырту жолында жоғарғы қарқынмен дамып келе жатқан мемлекетпіз.

Тәуелсіздікке дейін экономика, ішкі және сыртқы саясатпен қатар, табиғи қорларымыз да КСРО-ның қарамағында еді. Сол қиын-қыстау кезеңде, қазақ халқының сана-сезімі, намысы оянды. Жігерлі қазақ жастары өз жерімізде лайықты күн көруге, ана

тілімізді, мәдениетімізді құқылы қолдануға талпынды.

1991 жыл – Еліміздің Қазақстан деген атпен бүкіл әлемге алғаш қадам басқан жыл. Сол сәттен бері, міне, ширек ғасыр да өте шықты. Қазіргі Қазақстан әлем сахнасында мақтанарлықтай беделге ие. Жас мемлекетіміз осындай аз уақыт ішінде көптеген ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді. Менің елім, менің Отаным Қазақстан қазіргі таңда көптеген елдерден әлдеқайда озық тұр.

Еліміздің аяғынан нық тұруы, ұлттық мүдде, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі және экономикалық қарқынды дамуы – негізгі стратегиялық бағыттар. Бүгінгі Қазақстан – тек өзі орналасқан аймақта емес, бүкіләлемдік проблемаларды талқылауда және шешуде ықпалды рөл атқаратын ел. Қазақ мәдениеті

– ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып қалыптасады. Ұлттық тәрбие – сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші.

Тәуелсіздігімізді алып, өркениеттілікке құлаш сермеген бүгінгі таңда адамгершілігі мол, сапалы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде халықтық тәрбиенің алатын орны ерекше. Қазір білім беру орындарында ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуде. «Жастар – біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын, Отанын сүйетін, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік, парасатты азамат етіп тәрбиелеу үшін оларға ұлттық тәрбие қажет екенін өмірдің өзі-ақ көрсетіп отыр. Сабақ үдерісінде оқушыларға тұрмыстық тәрбиеге байланысты салт-дәстүрлер, бала дүниеге келгеннен өскенге дейінгі аралықта қолданылатын салт-дәстүр, ырым-тыйымның рөлі, сәлемдесу әдебі, сыйластық, қонақ күту, ас ішу әдебі, инаттылық дәстүрлері, сөйлеу әдебі және киім кию тәрбиесі, ұлттық тәрбиедегі еңбек тәрбиесінің орны, қазақ халқының озық мәдениет үлгілері мен олардың тәрбиелік мәні сияқты ұлттық құндылықтарымызды оқытуымыз керек.

Бүгінгі таңда қазақ халқы ғасырлар тоғысында тәуелсіз мемлекетке айналып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуда. Өйткені кез келген жаңа тәуелсіз мемлекеттің рухани даму үдерістерінің өзіндік ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер оның аумағында мекен ететін халықтардың тұрмыс-тіршілігімен, дәстүрлі мәдениетімен, салт-дәстүрімен және өткенімен тарихи сабақтастығымен айқындалады. Даму үдерісінде қол жеткізген тарихи тәжірибесі із-түзсіз жоғалып кетпейді, ұлттық санада, халықтық идеяда, мәдени-әлеуметтік және құндылықтар жүйесінде белгілі ретпен жинақталып отырады. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Ұлттық кеңестің отырысында сөйлеген сөзінде: «*Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну – бұл өзі тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен орын алатын заңды құбылыс*», – деп атап көрсеткен болатын /1/. Міне, сол ғасырлар қойнауында қорытылып, жинақталып қалыптасқан қазақ халқына тән ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерін жастар тәрбиесінде, соның ішінде жастардың еңбек тәрбиесінде пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Себебі, ұлттық тәрбиенің қайнар көзіне, дәстүрлеріне қайта оралу заманның жай ағымы ғана емес, ол қоғамдық өмір талабынан туындаған қажеттілік, өйткені мәдениеттің әлеуметтік-тұрмыстық дәстүрлі түрлерін танып-білу арқылы адам баласы оның рухани бастауына терең бойлайды, туған елінің, ұлтының өзіндік ерекшелігін аялап, сақтауға үйренеді. Қазақ халқының сондай дәстүрінің бірі жастарды дәстүрлі еңбекке тәрбиелеуі. Сондықтан, қазақ халқының әлеуметтік, рухани-мәдени құндылықтарын сақтай отырып, жастардың еңбек етуге белсенділік қасиетін, дәстүрлі еңбек үдерісін меңгеруде тұрақты дағдыларын, шығармашылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету өзекті мәселе.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге, жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде

бастауыш сыныпта атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды. Балабақша, мектептерге ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: «*Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан*», – деген екен. Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М.Жұмабаев болды. **Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден басталатыны жайлы айта келіп. «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті».**

Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру – ең маңызды шарттардың бірі. Қазіргі жаһандану кезіндегі Батыс өркениетінен біздің алатынымыз да бар, ысырып тастайтын тұстарымыз да бар. Алатын тұстарымыз қатарына батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау сияқтыларды атауымызға болады. Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздер үшін өте қажет десек те, Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік – жақсылықтың нышаны емес. «*Батыстың технологиялық жаңалығына ұмтылу, экономикалық өндірісті ұйымдастырудағы жетістіктерін игеру – қажеттілік, ал одан керісінше бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған ізгілік, сілкілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұн іздеу – бос әурешілік. Өкінішке орай, Батыс өркениеті бұл тұрғыда ешқандай жетістікке жеткен жоқ, қайта тоқырауға ұшырады. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамы мәдени құндылықтарды ешуақытта тауар деп қабылдамайды, негізгі ұстанымы бойынша қоғамның шаңырағын шайқалтпай ұстап тұруға тиіс тетік, өмірлік ұстын ретінде қарастырады. Ал Батыс өркениетінде бұл тұрғыдағы ұстаным мүлдем басқа, олар мәдени құндылықтарды тауар ретінде қабылдайды, мақсат – сату (сатылу) және пайда табу. Уақыт қанша аз жұмсалса, сонша пайдасы көп» /2/. Қазақ қоғамы қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үрдісінің ықпалынан өзі қаламаса да, оқшау бола алмайды. Жаһанданудың қауіпті тұсынан арылу үшін, әрбір ұлт, әрбір этнос, әрбір мемлекет өзінің болмысына бейімдеп сіңіре алу керек. Әрине, жаһанданудан ешкім де құтыла алмайды. Оған тек бейімделу керек, ал бейімделе алмағандар құриды. Бірақ бейімделу дегенді өзгенікін толық қабылдау деп ұқпау керек. «*Бізге дәл қазіргі заманда батыстың желімен домалай жөнелетін қаңбақ ұрпақ керек емес, пайдасын алып, зиянын бойына дарытпай, дауылына міз бақпай қасқайып қарап тұратын тамыры ұлт рухына терең бойлаған мәуелі бәйтерек керек. Сондықтан біздің міндетіміз – рухы биік ұрпақ тәрбиелеу» /3, 5-б.1.**

Оған қарсы тұру үшін ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу

керектігін басып айтуға болады. Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі. **Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы – адамды ойлануға үйретуі.** Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпыадамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек. Бұл жерде негізгі әңгіме арқауы ұлттық тәрбие, ұлттық сана, ұлттық ұстаным, ұлттық мүдде туралы болып отыр. Өйткені біздің төлтума бітімімізді, қайталанбас ұлттық болмысымызды, ұлттық ойлау машығымызды, қала берді ұлттық кейпімізді сақтап қалу бәрінен маңызды. Ол бізге мынау аждаһадай төніп келе жатқан дүлей дүниеде біржолға жоғалып кетпеуімізге кепіл болуға тиіс. Қалай десек те ендігі жерде өзіндік “менін” сақтауға ұмтылған жұрт ең алдымен ұлттық тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, өзіндік дүниетанымын, ана тілі мен ділін, дінін, дәстүрлі мәдениетін аман алып қалу және оны одан әрі дамыту жолында күреске түсетіні анық. Олай болса, осы айтқанымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге тікелей байланысты жүзеге асатынын мойындаймыз.

Белгілі қазақ ақыны, қоғам қайраткері М.Шахановтың «Компьютер басты жарты адамдар» поэмасынан қазіргі заманның хал-жағдайын көреміз. Ұлттық рухы, ұлттық ар-намысы, ұлттық сана-сезімі жоқ қазақтарды ақынның «компьютер басты жарты адамдарға» теңеуі бекер емес. Жүрегінде ұлттық сезімі жоқ, «мен – қазақпын» деуге, өзінің ана тілінде сөйлеуге, ата салтын құрметтеуге намыстанатын азаматты нағыз адам немесе Абай айтқандай, «толық адам» деуге бола ма? Оның жансыз компьютерден айырмасы қайсы? Компьютер – ғылым мен техниканың өлшеусіз қуатының арқасында ғана миллиондаған ақпаратты «есінде сақтайтын», мыңдаған операцияларды жаңылыспай жүзеге асыратын «құлтемір». Компьютерде ұлттық, нәсілдік ерекшелік, сезім де, рух та болмайды. Ол – тек адамның басқаруымен жұмыс істейтін техника ғана. Бүгінгі замандастарымыз ұлтын, Отанын, елін, жерін, тарихын, тілін, ділін, дінін, ата салтын мансұқ еткен мәңгірт ұрпаққа айналып кетпесе деген ақынның жанайқайы, өз ұлтының тағдырына деген жанашырлығының айғағы емес пе? /4/. *«Тәрбиесіз берген білім қауіпті»*, – деген екен әл-Фараби. Технологияның дамып, әлемдік жаһандану үдерісі кезінде білім беру жүйесіне ұлттық инновацияны енгізу керектігін көпшілік мойындап отыр. Қоғамға қызмет ететін болашақ жеткіншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттық тәрбие беру – ұстаздар қауымының басты парызы. Ұлттық тәрбиені ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарауға болады. Ол үшін ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуді мақсат етіп алуымыз жөн. Әрине, тәрбие жалаң болмауға тиіс. Жалаң тәрбие қауқарсыз. Кез келген адамды тәрбиелеудің ұлттық негізі болуы керек. Сонда ғана тәрбие шынайылыққа айналады. Тәрбиенің мақсаты – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен

ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек. Сондықтан тәрбиенің жүзеге асуының технологиясы қалай дегенде де ұлтымызға ұстын, болашағымызға тұғыр болатын ұлттық тәрбиеде жатыр деп нық сеніммен айта аламыз.

Ел Президентінің сөйлеген сөзінде: *«...Барлық дүние мектептен басталады. Сондықтан әлемдік стандартқа сай жалпы орта білім беретін жүйеге көшіп, педагогтардың кәсіби деңгейі мен жаңа оқулықтар мен білім технологиялардың сапасын арттыруымыз қажет...»*, – деп, атай келе «Қазақстан – 2030» бағдарламасында: *«...Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп кемелденеді. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз заманының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болмақ. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады...»*, – делінген. Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әрбір кезінде-ақ оқушы бойына сіңе бастайды.

Бүгінгі нарықтық қатынасқа көшкен Қазақстанның ұлттық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескеру және халықтың еңбек салт-дәстүрлеріне сүйену арқылы қоғам алдында өзінің дербестігі мен жауапкершілігін сезінетін, қоғамдық сана-сезімі оянған, парасаты мен ар-ождан биік, іскер, қабілетті, шығармашыл, кәсіпкер, нарық жағдайында бәсекелестікпен еңбек ете білетін, әрбір жұмыстың пайдалы көзін тауып, өзінің таңдаған мамандығына деген білімділігін, біліктілігін көрсете білетін азамат тәрбиелеу қазіргі қоғамның талабы /5/.

Демек, жастарды дәстүрлі еңбектің қай саласында болмасын тек мәлімет жиынтығын меңгерумен шектелмей, терең білімді, ізденімпаз, еңбек іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өзінің ұлттық болмысын таныта алатын маман етіп тәрбиелеу қажеттілігі айқындалған.

Осығын орай, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы қоғамдағы ірі өзгерістермен бірге, ұлттық сананы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізді, халықтық қадір-қасиетімізді, психологиялық табиғи белгілерімізді жандандыру мен жаңартуымызға елеулі септігін тигізуде. Ұлттық тәрбие халқымыздың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, отбасылық, қоғамдық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, ғасырлар бойы өсіп-өркендеп, сараланып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және асыл мұра.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.А. Стратегию 2030 претворять молодым // «Учитель Казахстана», 17 января, 1998. – С. 2-3.
2. Кенжеахметұлы С. «Жеті қазына». – Алматы, «Ана тілі», 2002. – Б. 16.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы. 1986. – 640 б.
4. Асыллов Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдеп: инабаттылық дәрістері. Оқу құралы. – Алматы, «Рауан», 1998. – 272 б.
5. Қабдиева С. Ұрпақ тәрбиесіндегі адамгершілік мәселелері // Бастауыш мектеп, №2, 2005. -32-36-бб.

Алматы облысы,
Алакөл ауданы.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ – ЗАМАН ТАЛАБЫ!

Айтбала ӘБЕНОВА,
Мемлекет тарихы институты ғылыми-
ақпарат бөлімінің ғылыми қызметкері

Қазақ халқында жеті – қасиетті сан. «*Жеті атасын білмеген жетесіз*» демекші, «жеті» деген санды қадірлеу көне заманнан басталады.

Елбасының биылғы мәлімдемесінен үлкен басымдыққа ие болып отырған **жетінші бағыты – адам капиталының жаңа сапасы**. Жолдауда Елбасы «*Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет*», – деп атап көрсеткен. Сондай-ақ Жолдауда мұғалім мәртебесін арттыру, ұстаз еңбекақысын ұлғайту, білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу мәселелері де қарастырылған.

Жаңартылған білім беру жүйесіне көшу – ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қазіргі ұстаздың міндеті: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Халқымыз: «*Оқусыз – білім жоқ, білімсіз – күнің жоқ*», – деп бекер айтпаған. Еліміз мықты, бәсекеге қабілетті болу үшін, біліміміз де мықты болуы керек. Өйткені, білімі терең, кәсіби білікті ұстаз – бәсекеге қабілетті тұлға даярлаудың негізгі тетігі. Сабақтың қызықты, тартымды, сапалы болуы әр ұстаздың өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне, оқу үдерісіне жаңа инновациялық технологияларды шебер қолдана білуіне байланысты. Жаңа әдістерді пайдалану –

жиынында осы мәселелер талқыланды. Әуелі Қазақ гуманитарлық заң университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Лепуда Мұқатаева оқу ордасында Қазақстан тарихын оқытудың жаңаша әдістемесі қалыптасқанын баяндап берді. «*Бірінші кезеңде студенттер теориялық білім алады да, екінші кезеңде қандай да бір оқиғалар болып өткен тарихи жерлерге, республикалық және облыстық деңгейдегі Алматы, Шымкент, Тараз, Түркістан (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары) сияқты тарихи жерлерге саяхатқа шығады.*

Экскурсия барысында студенттер мынадай мәдени-тарихи орындарды көріп тамашалапты: Қазақ хандығының бесігі саналатын қасиетті Ұлытау жері, Жошы хан, Алаша хан кесенелері, Беғазы-Дәндібай мәдениетінің қорғандары, жартас суреттері, сондай-ақ Теректі-Әулиедегі қола дәуірінің петроглифтері, Оңтүстік Қазақстан облысында – Тектұрмас, Қарахан, Айша биби, Бабаджа хатун кесенелері, т.т. т.б. Осы сапарлардан алған ақпараттарын эссе түрінде қағаз бетіне түсіріп, одан алған әсерлерін бір-бірімен бөліседі. Ең үздік шығармалар таңдалынып, бағаланады. Көрген-білген білімдерін бекіту үшін студенттер театрландырылған қойылымдар қойып, тарихи кейіпкерлерді сомдайды», – деді Лепуда Көрімқызы.

Пәнді оқытудың жаңаша әдістерін осылай пайдалану өсіп келе жатқан ұрпаққа патриоттық тәрбие беруге көмектеседі. Жастарға тәуелсіздікті, рухани құндылықтарды насихаттауға ықпал етіп, олардың мәдени және тарихи мұраға қатысты қызығушылықтарын арттырады. Қазақ халқының тарихын тереңінен зерделеуге мүмкіндік береді. Студенттер өз беттерімен білім алуға, нәтижеге қол жеткізеді. Шығармашылық жұмыспен айналысуға төселеді және дағдыланады. Бүгінгі білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан жаңалықтар мен жаңаша әдістердің қай түрін алсақ та сабақтың тиімділігі тек қана мұғалімнің шеберлігімен ғана оң нәтижеге ие бола алады.

Қорыта айтқанда, Жолдау ел келешегінің кілті кемел білім мен терең ғылымда екендігін тағы да айқындай түсті. Осы орайда, Елбасының «*Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген,*

озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс», – деген ойын толықтай қолдаймыз. Өз ұлтын сүйе білу, ғылымын игеру, қоғамға пайдасын тигізу әрбір ұлтжанды азаматтың міндетіне айналғаны жөн деп есептеймін.

Астана қаласы.



бүгінгі күннің басты талабы.

Жақында Мемлекет тарихы институтында ұйымдастырылған ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «*Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері*» атты Жолдауы мен «*Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*» бағдарламалық мақаласын талқылауға арналған дөңгелек үстел

МАҢҒЫСТАУ ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАРЫ

Қалбике ИСЛАМҒАЗИЕВА,
№6 орта мектептің тарих пәні мұғалім

Мақсаты: Қазақстанның өткен тарихындағы нәубәтті кезеңдерге ойша сапар шегу. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының ерлігін дәріптеу. Саяси қуғын-сүргін кезіндегі Маңғыстау тарихын насихаттау.

Мұғалім: – Бүкіл өркениетті қоғамда болашаққа жол салу үшін өткенді еске алып отырудың қалыптасқан үдерісі бар. Осындай мәңгі есте сақтап, тағзым ететін қиын-қыстау күндерді ұмытпай жүруге тиіс дәстүрлердің бірі – Елбасы Жарлығымен елімізде жариялаған 31 мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні. Бүгінде Тәуелсіздік алып бүкіл төрткүл әлемге танылып отырған Қазақстанның өткен тарихында нәубәтті кезеңдер аз болған жоқ. Мыңдаған ұлдарымыз бен қыздарымыз қуғын-сүргін топалаңына ұшырап, Сталиндік лагерьлерде азап шекті.

Сталиндік трагедиялық қуғын-сүргін Маңғыстауды да айналып өтпеді. 1926-1927 жылдары жайлау мен егін ететін жерлерді бөліске түсірді, салық көбейді. Бар болғаны шаруалықтың 4 пайызы ғана бүткіл жиналған салықтың 33 пайызын құрап отырды. Ірі мал иеленушілердің мал-мүлкіне тәркілеу жүргізілді. Үкімет жаңа үкімдер шығара берді. Маңғышлақ бойынша ұжымдастыру кезінде көп қиыншылықтар туды. Салық салуға жаппай көшу, малды қыру, кейбір жерлерде қарулы көтерілістерге әкеліп соқты. Бұларды басу үшін УГПУ отрядтары құрылды. Зорлық пен ұжымдастыру салық мөлшерінің жойдасыз көптігі мыңдаған маңғыстаулықтардың туған жерлерінен босып, қиыр шетке, тіпті кейбіреулері Қазақстаннан тыс жерлерге ауа көшуіне мәжбүр етті. 1930 жылдың басында Маңғыстаудан Красноводский қаласына 757 отбасы, Байрамалыға 300 отбасы, ал енді біреулері Иранға, Ауғанстанға көшіп кетуге мәжбүр болды. Жүздеген адам өз Отанынан кетпей, суық пен аштықтан азаппен өлді. Адайлар көтерілісіне қатысқандарға қарсы большевиктердің қанды-қасапты алғашқы құрбандары – 69 адам болған. Адай елінің жақсысы мен жайсаңы, сүт бетінде қалқыған қаймағы, абыройлы азаматтары еді.

Қазақстандағы ұжымдастырудың ірі трагедияларының бірі Адай көтерілісінің орталығы Маңғыстау ауданында болды. 1930 ж. Адайлар көтерілісінің жетекшісі Құрмаш Қосжанов болған. Ол қай саясатта да шаруасы жоқ, өз руы арасында сөзі өтімді, ауыл арасының қарапайым шаруа адамы еді. Ара-тұра барымтаға баратын. Бұрынырақта жазылған бір мақалаға сүйенсек, Наурызбай дегеннің атақты көк атын ұрлап, оны Тобанияз қайтарып алып берген екен. Маңғыстаулықтар

ішінде оның жаманатының шығуы – 1928 жылдың қысында жұтап отырған аш елдің аз ғана малын ұрлағаны. «Қол сынса – жең ішінде» деп жүре беруге болғанымен, жаңа үкіметтің қаһарынан тайсақтаған Құрмаш Жылой бетке бой тасалап тұрғысы келеді. Алайда оның көшіп келетінін сол маңның адамдары жергілікті тәртіп органдарына айтып қояды. Құрмаш өз тобымен Тұрғызбаға жете бере милиционерлермен екі арада атыс басталады. Ауыл шетіндегі бір үйдің маңында тұрған қарт адам мен бала көтерген екі қабат әйелге Құрмаш тобының оғы тиіп өледі. Осы атыста шошынған түйеден құлап, түйеге артулы бесікте құндақтаулы жатқан Құрмаштың сәбиі мен жолдасы да қарсы атылған оқтан қаза болады. Баласының ашуымен Құрмаш жолшыбай сол ауылдың бір-екі қыз-келіншегін, мал жайып жүрген бір шаруа адамды тұтқындап ала кетеді. Сөйтіп Құрмаш Қосжанов «банды» атанып, оның тобын ұстауға қарулы топ шығады. Бұл кезде жер-жерде Кеңестер Одағы бойынша, соның ішінде Қазақстанда «Революцияға қауіп төндіруші күштер бар» деген пікір орныққан еді. Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың дәл осы кездегі шыққан «Шұғыл түрде барлық контрреволюциялық ұйымдарды, топтарды, жекелеген контрреволюционерлерді жоюды аяқтау: әрекет етіп жүрген банданы жою» деген №44/21 бұйрығы болды. Маңғыстауда басасаулығымен аты шығып қалған, өзін аңдып жатқан милиция қызметкерлеріне оқ атқан Тоқабай Құрмаш мұндайда іздегенге-сұраған болады. Жазалаушы орган Құрмаштың әрекетіне саяси өң берді. 1929 ж. 17 желтоқсанда Құрмаштың айналасынан жас-кәрісі бар 42 адам ұсталып, ОГПУ қаулысымен контролық топқа жатқызылып, олардың 22-сі атылады. Бұған қоса 1 жастан 14 жасқа дейінгі 19 бала жер аударылған ата-аналарымен бірге кетіп, тағдырлары тәлкек болды. Бұлардың қаншасы туған топыраққа оралғаны белгісіз. Бұл күндері Құрмаш Қосжанов есімі ақталды. Руластары Жаңаөзен беттегі Құрмаштың Қызыл отряд қолынан оққа ұшқан жеріне үлкен кесене орнатты. Осы материалдар негізінде 1994 жылы облыстық мемлекеттік мұрағат Құрмаш Қосжанов жайлы «Тоқабай Құрмаш» атты кітап шығарды. Ұлы даланың перзенттері, батыр бабаларымыздың азаттық жолындағы күресі – біз үшін асыл шежіре, елдік пен ерліктің таусылмас қазынасы.

Маңғыстау облысы,
Мұнайлы ауданы.

МОҢҒОЛДАР МЕМЛЕКЕТТІК ДЕҢГЕЙГЕ ҚАЛАЙ ЖЕТТІ?

(XIII-XV ғасырдың I жартысындағы Қазақстан)

Айнагүл ҚОЙШЫБАЕВА,
Абай атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Оқу мақсаттары	Көшпелілердің әскери өнердегі жетістіктерін сипаттау; XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу және картаны қолданып саяси үдерістерді түсіндіру.	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: көшпелілердің әскери күш-қуатын анықтайды, XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді атайды; Оқушылардың басым бөлігі: XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттердің шекарасын картадан көрсетеді. Кейбір оқушылар: XIII-XV ғасырлардағы саяси процестерді түсіндіреді.	
Бағалау критерийі	“Алгоритм” бойынша барлығы 6 ұпай. Мағынаны тану бойынша: 1. Моңғол мемлекетінің әскери күш-қуатын айтып береді (1 ұпай). 2. Моңғол әскерінің құрылымын талдайды (2 ұ). 3. XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді атайды (1 ұ). 4. XIII-XV ғғ. мемлекеттердің шекарасын картадан көрсетеді (1 ұ). 5. XIII-XV ғғ. мемлекеттердің шекарасын кескін картаға түсіреді (2 ұ). 6. Саяси оқиғаларды хронологиялық реттілікпен тізбектейді (1ұ.). 7. Саяси оқиғалардың барысын баяндайды, түсіндіреді (2 ұ). 8. Шыңғыс ханның моңғол тайпасын мемлекеттік деңгейге жеткізгендігін дәлелдейді (3 ұ). Интеллект-карта бойынша 2 ұпай. 15-21 ұпай-жоғары; 7-14 ұпай-жақсы; 1-6 қанағат.	
Тілдік мақсаттар	Тілдік мақсаттар: 1. Мемлекеттің құрылу тарихын және әскери тәртіпке негізделген «Яса» заңдар жинағы туралы мәтінмен жұмыс жасайды және өзара талқылайды (оқылым-айтылым). 2. Моңғол әскерінің құрылымын тірек-сызбаға түсіреді және талдайды, XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттер шекарасын, Шыңғыс хан бағындырған тайпалардың жерлерін кескін картаға түсіреді және түсіндіреді (жазылым-айтылым). Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Түмен, мыңдық, жүздік, «жәм» бекеттер жүйесі, кешік-хан жасағы, «улафа», «алафа», «нафака», «тулучма», «Яса» заңдар жинағы, әкімшілік округ, «моңғол атының тұяғы тиетін» жерлер. Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер: 1. бұлар Шыңғыс ханның жеңістеріне ықпал етті. 2. Шыңғыс ханның діни көзқарасын адамзат ойының озық жетістіктеріне жатқызады. Себебі, ... 3. Ол өзі құрған мемлекеті жайында былай деген:.... 4. Шыңғыс хан туралы ғалымдардың пікірі....	
Құндылықтарға баулу	-“Мәңгілік ел” ұлттық идеясының «Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім» құндылығына сай Шыңғыс ханның бытыраңқы, бірлігі әлсіз, ұсақ тайпаларды біріктіріп мемлекет құрғандығына назар аудару; -«Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы «құндылығына сай мемлекеттің ішкі және ұлттық қауіпсіздігіне назар аудару; -қарым-қатынас жасау қабілеті; -өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау; -жауапкершілік; -білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті.	
Пәнаралық байланыс	География-физикалық картаны пайдалану; дүние жүзі тарихы моңғол-татар шапқыншылығы.	
Алдыңғы білім	Түркі қағандары, Атлах шайқасы.	
Сабақ барысы		
Уақыты	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері. Сабақтың жоспарланған кезеңдері:	Ресурстар
Сабақтың басы. 5 мин.	<p>1.Ұйымдастыру: амандасу, топқа бөлу: әңгімешілер, сызбашылар, жазушылар.</p> <p>2. «Алгоритм» оқыта үйрету ойыны арқылы, сабақ тақырыбына байланысты алдыңғы білімдерін еске түсіру.</p> <p>I кезең: жужандардың қоластында түрік тайпалары қандай қызмет атқарды?</p> <p>II кезең: VI-IX ғасырларда Қазақстан территориясында қандай мемлекеттер болғандығын ата!</p> <p>III кезең: Ешбар Елтеріс қаған енгізген «он оқ бұдын» жүйесін түсіндір.</p> <p>IV кезең: Дұрыс жауап эталонымен тексеру және бағалау.</p> <p>V кезең: Бағалаумен келісемін/келіспеймін.</p> <p>3. Бағалау: әр кезеңде толық жауап-2 ұпай, жартылай жақын жауап – 1 ұпай бойынша.</p>	Қазақстан тарихы 7-сынып оқулығы, 7-8, 14-бет. 2017 ж.
5 минут	3. “Шыңғыс хан” сөзжұмбағын шешу арқылы сабаққа қатысты кілт сөзді табу, сабақ тақырыбына сұрақтар арқылы келу. Шыңғыс хан кім? Ол туралы қандай мәліметтер білесіңдер? Бағалау – бас бармақ. Сөзжұмбақ сұрақтары: 1. Түркі еліндегі қаған руының атауы; 2. Түрік қағанатының негізін қалаушы; 3. Бұл кәсіп түркілер мал шаруашылығына демеу ғана болды; 4. 744-840 жж. Шығыс Түрік қағанатының аумағында өмір сүрген мемлекет; 5. Олардың саяси бірігуіне печенегтер, ал ыдырауына қыпшақтардың ықпалы болды; 6. «Диуани-Хикмет» кітабының авторы; 7. Түркілер мен арабтар одақтасып Қытайды жеңген шайқас; 8. Алтайдан Шығыс Еуропаға моңғолдар келгенге дейін және Алтын Орда кезінде жергілікті тұрғындар сөйлеген тіл; 9. Киіз үй туралы мәлімет берген Византия елшісі.	Қазақстан тарихы. 7-сынып оқулығы.

Сабақтың ортасы. 10 мин. (оқылым, жазылым) 8 мин. (айтылым) 2 мин. бағалау	4. Мағынаны тану: мәтінмен топтық жұмыс (әңгімешілер, сызбашылар, жазушылар топтарына топтасу, аялдама әдісінде топ мүшелері мәтін мазмұнын ашады, топ ішінде өзара түсіндіреді, баяндамашы топта қалады, топтың басқа мүшелері сағат тілімен жылжи отыра басқа 2 топтың мәтінін тыңдайды, маңызды мәліметтерді дәптерлеріне түртіп алады, соңында өз тобына қайтып келеді де естігендерін баяндамашыға айтып береді.). Әңгімешілер: мемлекеттің құрылу тарихы, «Яса» заңдар жинағы (оқылым-айтылым). Сызбашылар: моңғол әскерінің құрылымын тірек-сызбаға және Шыңғысхан бағындырған жерлерді кескін картаға түсіреді (оқылым-жазылым-айтылым). Жазушылар: оқиғалар бойынша хронологиялық тізбек жаса және терминдер мен сөз тіркестеріне түсініктеме бер (оқылым-жазылым-айтылым). Өзара бағалау: тапсырма мазмұнын толық ашылуы – 1 ұпай, басқа оқушыларға түсіндіріп бере алуы – 1 ұпай.	1. Қазақстан тарихы 7-сынып оқулығы, 2012 ж., 2017 ж. 2.»Шыңғысхан». Аруна баспасы, 2005 ж.
Жазылым-айтылым, тыңдалым. 10 минут	2. «Шыңғыс хан» интеллект-картасымен арқылы алған ақпаратты қолдануға үйрету. «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісімен жеке, жұптық, топтық жұмыс арқылы барлық оқушыны қамту және алған ақпаратты қолдануға үйрету. Мысалы, Шыңғыс хан: мақсаты, кіммен, қалай, қайда? Шыңғыс хан алдына қандай мақсат қойды? Оны кіммен, кімдердің көмегімен жүзеге асырды? Мақсатына қалай жетті? Қай жерде, қайда жүріп қол жеткізді? Бағалау: қолданған сөздер мен сөйлемдер түсінікті, нақты – 1 ұпай, басқаға үйрету – 1 ұпай.	
Сабақтың соңы 5 минут	1. “Үшбұрыш” әдісі арқылы рефлексия арқылы өзінің алған біліміне сараптама жасайды. Мен не көрдім? Мен не естідім? Мен не істедім? Қазір не туралы сұрағым келеді? 2. Үйге тапсырма: Моңғол мемлекетінің құрылуы, қоғамдық құрылымы.	Қаз. тарихы, 7 - с ы н ы п , 134-137-бб.
Сабақ бойынша рефлексия. Жалпы бағалау.	Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.	

Қарағанды облысы.

ҰСТАЗ ЗЕРТТЕУІ

ТОТАЙ ТҰРЛЫҒҰЛ – ТАРИХТАН ТҰҢҒЫШ ПЕДАГОГ ДОКТОР

Райкүл ІЛИЯС,
Әбдікәрім Оналбаев атындағы
№117 орта мектептің директоры, тарих пәні мұғалімі

Қазақстан тарихы – қазір мектептерде оқытылып жатқан пәндердің ішіндегі маңыздысының бірі. Сондықтан да оның келешегі зор. Себебі халықтық сананы тәрбиелейтін де, ұлтты өркениет жолына бастайтын да, мемлекетіміздің идеологиясын қалыптастыратын да тарих пәні.

Өткенге аздап көз жүгіртсек «Қазақстан тарихы» оқу орындарына өте кеш кірді. Қазақ Ұлттық Университетінде 1943 жылы ғана тарихшы мамандығына студенттер қабылданды. Қазақстан тарихы кафедрасы тек 1958 жылы профессор Е.Бекмаханов айдаудан келгеннен кейін құрылды. 1959 жылы 8 қазанда КОКП Орталық комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі «Мектептерде тарихты оқытудағы кейбір өзгерістер туралы»¹ қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес орта мектептерде 1958-1959 оқу жылынан бастап Қазақстан тарихы оқытыла бастады. Елеулі өзгерістер 60-жылдардың ортасында болды. 1980 жылдардың аяқ кезінде мектеп бағдарламасы жетілдірілген түрге көшкен болатын. 1990 жылы жалпы білім беретін мектеп бағдарламасына² сәйкес 1990-1991 оқу жылынан бастап Қазақстан тарихы дербес пән ретінде оқытылады. Осы жылдарда Қазақстан тарихынан оқулықтар жазуда әйгілі ғалымдар Е.Бекмаханов, Х.Әділгереев, С.К.Ибрагимов,

90-жылдары академиктер М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, профессор Ж.Қасымбаев, академик К.Байпақов, тарихшы мұғалім Д.Бабаевтың үлесі зор³. Ал жазып отырған мақаланың негізгі кейіпкері – «Қазақстан тарихының» есіктегі басын төрге сүйреген, Ермұхан Бекмахановтың шәкірті, 44 жыл бұрын оқулық жазған, ұлағатты ұстаз, ғалым, әдіскер, Қазақстанда тарихты оқытудың теориясы мен әдістемесінің негізін салушы, педагогика ғылымы саласын дамытуға айшықты үлес қосқан, ТМД елдеріндегі тұңғыш педагогика ғылымдарының докторларының бірі, халқына қызмет етіп жүрген адал азамат **Тұрлығұл Тотай Тәжіұлы**.

Тотай Тәжіұлы 1930 жылы 23 желтоқсанда Қызылорда облысы Сырдария ауданындағы 1929 жылы құрылған «Казрис» колхозында (қазіргі Досан ауылында) дүниеге келген. Әкесі Тәжі күрішші, кейін ұжымшарда төраға болған. Содан бастап әжесі Айманның тәрбиесінде болған. *«Егер мен алға қойған мақсатымды орындауда, әсіресе, жастарды оқытып тәрбиелеуде белгілі бір істерді тындырдым десем, бұл алдымен отбасында алған тәрбиемнен деп ойлаймын»*⁴.

1946 жылы «Қызыл Ту» орта мектебін бітіреді. Т.Тұрлығұл уақыттың қиындығына, білімдерінің орта дәрежелеріне қарамастан, оқытып тәрбиелеген

ұстаздарын үлкен ілтипатпен еске алады. Мектепті бітірісімен Қызылорда пединститутының тарих факультетіне оқуға түседі. Оны бітіргеннен кейін Қызылорда қалалық, облыстық комсомол комитеттерінде жұмыс істейді.

1953-54 оқу жылынан бастап Сырдария ауданындағы №43 орта мектепте тарих, география пәндерінен сабақ беріп, осы жерде оқу ісінің меңгерушісі болады. 1959 жылы «Қазақстан мұғалімі» газетінің редакциясына жұмысқа ауысады. Осы жерде жүріп үнемі ғылыми-әдістемелік мақала жазуы болашақ ғалымның қаламын ұштап, ғылыми еңбектерінің негізін қалаған еді.

1962 жылы ол Қазақстан тарихы кафедрасы бойынша Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасына түседі. Ұстазы Е.Бекмахановтың ұсынуымен «КСРО тарихы құрамында Қазақстан тарихын оқыту мәселелері» тақырыбын зерттеуді бастады. 1965 жылы осы тақырып бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесінде диссертация қорғады. Тарихты оқыту теориясы мен әдістемесінен ғылыми дәреже беретін ғылыми кеңес болмағандықтан, Т.Тұрлығұл «Қазақстан тарихы мектеп курсы мен оқыту әдістемесі қалыптасуының ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбында педагогика ғылымының докторлығына диссертациясын 1998 жылы қорғады. Ол қазақ елінің тарихы, оны мектепте оқыту теориясы мен зерттеуге, саралауға 44 жыл уақытын арнаған.

Т.Тұрлығұлдың зерттеген тақырыбының маңызды жағы – Қазақстан тарихы мектептерде оқытыла бастағалы бері жарық көрген оның бағдарламалары, оқулықтар, басқа да қосымша құралдары⁵ ғылыми-әдістемелік тұрғыда сарапталды. Ол өз еңбегінде Ы.Алтынсаринның «Хрестоматиясына», Ж.Аймауытовтың педагогикалық «Тәрбие жетекшісі» кітапшасында 4-сыныптан тарих оқыту ұсынысына, 1934 жылы С.Ж.Асфендияров құрастырған «Қазақ тарихы програмына», 1940, 1958, 1962 жылдардағы оқытылу жайына, 80-90-жылдардағы өзгерістерге тоқталған⁶. Тарихшы ғалым өз зерттеулерін дәуір дауысымен, заман талабымен байланыстырды. Қазақстанда тарихты оқытудың теориясы мен әдістемесінің негізін салушы ретінде Т.Тұрлығұл кеңес мектебіндегі тарих сабақтарын жетілдірудің жолдарын зерттеп талдады.

Т.Тұрлығұлдың 1979 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихын оқыту методикасы» деп аталатын әдістемелік құралы мен 1984 жылы шыққан «Тарих сабағын жетілдіру жолдары» деген еңбегі сол кезеңдегі тарих пәні мұғалімдері үшін маңызды құрал болды. Автор осы кітабында⁷ тарих пәні сабақтарының мектептерде қолданылатын типтері мен құрылымына тоқталған. «*Сабақтың типі мен құрылымын анықтап алғаннан кейін жауапты жұмыс оқыту әдістерін таңдау*»⁸ дей келіп, оның классификациясын жасады. Т.Тұрлығұлдың тоқталған маңызды мәселелерінің бірі тарих сабағында оқу процесін оптималандыру. Бұл – оқытылатын материалдың мазмұнын, оның білімділік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттерін анықтау, оқытудың формасы мен әдісін белгілеу және оның класс ерекшелігі мен мүмкіндігіне сай келуін ескертті⁹.

90-жылдардың аяғында Т.Тұрлығұлдың 160-тан астам ғылыми-әдістемелік еңбегі жарияланды. Оның 130-дан астамы мектепте Қазақстан тарихын оқытуға арналған. Жеке ғылыми-әдістемелік мақалалары Ресей, Чехия, Словакия, Молдавада жарияланды. Ғалымның авторлар құрамында жазған «Ортақ түркі тарихы» оқулығы Түркияда бірнеше

тілде басылды.

Тынымсыз еңбектің арқасында педагог ғалым 5 монография, 7 оқулық, 9 бағдарлама, 35-тен аса оқу-әдістемелік құрал¹⁰ дайындады. Ол зерттеулерінде қазіргі мектептерде дербес пән ретінде оқытылатын Қазақстан тарихының әдіснамалық проблемалары мен ғылыми теориялық әдістемелеріне кең орын берген, яғни оқушыларға алдымен бүкіладамзаттың жинаған құндылықтарын оқып үйрету және уақыттың жаңа талабына сай байытып отыруды көздейді.

1959 жылы 8 қазанда «Мектептерде тарихты оқытудағы кейбір өзгерістер туралы» қаулыға сәйкес 1960 жылдан бастап қазақ мектептерінде 4-сыныпқа арналған «Қазақ ССР тарихынан әңгімелер» оқытыла бастады. Бұл оқу құралының авторы Т.Тұрлығұл болатын.

Т.Тұрлығұл – халықаралық ғылыми конференцияларға, Одақтық, республикалық «Педагогикалық оқуларға», әртүрлі форумдарға үнемі қатысып отыратын беделді ғалым. 1977 жылы Чехословакияда өткен Социалистік елдердің тарихшы педагогтарының конференциясында жасаған баяндамасы жоғары бағаланды.

1991 жылдан бері Т.Тұрлығұл мектепте қоғамдық пәндерді оқыту тұжырымдамаларын,^{11,12} білім стандарттарын,¹³ бағдарламаларын, әдістемелерін^{14,15}, жаңа буын оқулықтарын, оқу-әдістемелік кешендерін¹⁶ жасауға басшылық етті. Қазақстан тарихының мазмұнына қатысты проблемаларды шешуде, тарихи құбылыстар мен оқиғаларды жаңа тұрғыдан талдауда, тарихи қайраткерлердің қызметтеріне дұрыс баға беруде Т.Тәжіұлының еңбегі зор.

Ғалым-педагог өзі ұстанған ғылымның сара жолын жалғастырып келеді. Осы тынымсыз еңбектің нәтижесінде «Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі» атты монографиясы 2003 жылы жарияланды.

Т.Тұрлығұл ғылым мен халық ағарту саласында жемісті еңбегі үшін «Еңбек ардагері», «Алтынсарин», «Ұлы Отан соғысына – 50 жыл» медальдарымен, «Қазақ ССР ағарту ісінің үздігі», «КСРО ағарту ісінің үздігі» белгілерімен марапатталған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі Білім беруді дамыту тұжырымдамасында «*Орта білім берудің мақсаты – терең білім, кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамыту және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру*»¹⁷ деп көрсетілген. Бүгінде осы мақсатты іске асыру жолында білімнің аса маңызды саласы тарих ғылым және пән ретінде өз ұстанымдарын анықтады. Білім мен ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде Н.Ә.Назарбаев елдегі білім берудің дамуын сипаттай келіп, «*Білім беру мен ғылымның дамуы бұл – саяси әрі жалпыұлттық міндет.*» Қазір елде саяси міндет болып табылатын өз оқулықтарымызды жасадық. «*Тарих оқулықтарын оқып отырғанда авторлардың «негізсіз» аңыздарды тарихи фактіге қалай айналдырғанына қатты таңданасың. Мұндай жалғандықпен оқушыларды өз тарихын мақтан ететін елдің патриоттары ете алмайсың*»¹⁸, – деп тарихшы ғалымдар мен педагогтардың алдына үлкен міндет қойды. 90-жылдары мектептерде тарихты оқытуда маңызды өзгерістер болды. Пәннің Мемлекеттік Білім стандарты, жетілдірілген оқу бағдарламалары, жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері республиканың барлық мектептеріне жаппай ендіріле бастады. Мектептегі тарих

сабағын ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету бағытында айтарлықтай жұмыс атқарылды. Осы істердің ұйытқысы, ұйымдастырушысы, жанашыры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының қоғамдық-мәдениет тану пәндерін оқыту лабораториясының меңгерушісі, академик Т.Тұрлығұл болды. Ол – Қазақстан тарихын оқыту әдістемесіндегі бірегей тұлға. Ғалым-зерттеуші мектептердегі тарих пәнін оқытудың сапасын жақсартудың бірден-бір жолы әдіснамалық тұрғыда аса маңызды мәселелерді дұрыс, шындық жағдайында оқыту деп көрсетеді. Ол үшін тарихшы мұғалімдер қазіргі уақытта жарияланып отырған мақалалар мен еңбектердегі негізгі ұстанымдарды басшылыққа алу керек және соңғы зерттеулердің нәтижелерін үнемі назарда ұстап отыру керек деп ескертеді. Ал мұның қажеттігін Т.Тұрлығұл: «*Көп уақыт бойы Қазақстандағы отаршылдыққа қарсы қозғалыс ХVIII ғасырдың 70-80-жылдарында басталды делініп келді. Ал, шынында да ол ХVIII ғасырдың 80-90-жылдарынан Ермактың Сібір хандығының жеріне шабуыл жасауынан басталған... Тағы бір мысал: Кеңес өкіметінің Қазақстандағы ұлт мәселесін бұрмалаушылығына қарсы күрес 1929-31 жылдардағы шаруалар көтерілісімен аяқталған жоқ. 1940 жылдың бас кезінде Батыс Қазақстанда жастардың «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» қызмет етті, 1959 жылы Теміртау қаласындағы оқиғалар, 1970-80-жылдардағы түрлі наразылықтар»¹⁹ деп көрсетеді. Әрі қарай ол пікірін бұл мәселелердің қазақ мектептеріндегі оқулықтарда түгел көрсетілмегенін, тіпті оны былай қойғанда орыс тілінде оқытатын мектептердегі тарих Ресей оқулықтарымен жүргізілетінін қынжыла айтты.*

Ғалым, педагогтың өзі ұйытқы болып абыроймен жасаған жұмысының бір тұсы оқулық және оның әдістемесін жазу. Жоғарыда айтып кеткендей, Т.Тұрлығұлдың алғашқы оқулығы 1962 жылы жарық көрді. 4-сыныпқа арналған «Қазақ ССР тарихын оқыту методикасы» деген әдістемелік құралы жарияланды. Еліміз тәуелсіздік алып, тәуелсіз тарихымызды бастағалы бері бірқатар жұмыстар атқарды. Бұл орайда республика тарихшы ғалымдардың алдына Президент Н.Ә.Назарбаев: «*Өте ұғынықты жазылған шыншыл, баланың отаншылдығын оятатын оқулықтарға қоса Қазақ елінің тарихы туралы әсерлі әңгімелер кітаптарын да жазу керек...*»²⁰ деген міндет қойды.

1997-98 оқу жылынан бастап Қазақстанның мектептері жаңа буын оқулықтарымен оқуға көшті. Ал 2001-2002 оқу жылынан жалпы білім беретін мектептердің 5-9-сыныптарына жаңа бағдарлама мен жаңа буын оқулықтары енгізілді. Бұл жерде Т.Тұрлығұл 5-сыныптың «Ежелгі Қазақстан тарихы»²¹ оқулығы мен маңызды және көлемі жөнінен оқулықтардан кейінгі орында тұратын 5-сыныпта «Ежелгі Қазақстан тарихын оқыту»²² деп аталатын әдістемелік құралдың авторларының бірі.

Тарих пәнінің оқулық, әдістемелік құрал, дидактикалық материал, жұмыс дәптері, хрестоматия, көрнекіліктер, сөздік сияқты құрамнан тұратын оқу-әдістемелік кешендерін басып шығаруда және осы жұмыстарды ұйымдастыруда еңбегі ұшан-теңіз. Үнемі баспасөз бетінде оқыту мен оқу құралдарының мәселелері туралы мақалалар жариялап, мұғалімдер қауымын жаңалықтармен таныстырып отыру, зерделеп, талдап әдістемелік қолдау көрсетіп отыруды ғалым-педагог менің кәсіби парызым деп санайды.

Әдіскер-ғалым Т.Тұрлығұл оқу үдерісінде оқу-

шылардың таным, ойлау қызметін барынша дамытуда жеткілікті тәжірибе жинады. Кеңестік дидактикада 50-жылдардың аяқ кезінен бастап жүзеге асырыла бастаған оқушының ойлау қызметін дамыту теориясын бүгінгі талап дәрежесіне сай жетілдіруде еңбек сіңіріп келеді. Қазір сабақтың дәстүрлі емес түрлерінің пайда болуына байланысты пікірлесу, баға беру, қорытынды жасау, интерактивті, т.б. әдістер пайда болды. Оқыту формасы мен сабақ типін таңдағанда алдымен сол сабақтың мазмұны, оқушылардың дайындық дәрежесі және тарих кабинетінің оқу-материалдық базасының мүмкіндігі ескерілетіндігіне тоқтала келе жоғарғы сыныптардағы тарих сабақтарында «*мұғалімнің ауызша баяндау әдістері, тарихи құжаттарды, көркем әдебиетті, мерзімді баспасөзді, оқулық пен хрестоматияны пайдалану және оқытуды қоршаған ортамен, қазіргі кезеңмен байланыстыру әдістері*»²³ негізінен қолданылатынын айтады.

Т.Тұрлығұл өз еңбектерінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану туралы мәселелер терең зерттелген. Ол педагогикалық технология ұғымына «*оқушыларға білімді меңгерудің жаңаша жолы, оқыту формалары мен әдіс-тәсілдерін жаңаша қолдану, педагогикалық қызметтің жан-жақты ойластырылған моделі, оқытуда түпкі нәтижеге жетудің жазбаша үлгісі*» деп ортақ ойды түйіндейді. Ғалымның пікірінше, жаңаша сабақ берем деген мұғалім өзіне-өзі сын көзімен қарауы тиіс деп кеңес береді. Ақпараттық технологияларды тарих пәнінде кеңінен қолдануды қолға алу керек дейді. Оқушыларды материалды оқып үйренуге ынталандыру жолдарын көрсетеді. Мұғалім жаңа тақырыптың мәнін ашатындай сұрақ қойып, не тіркелісті, қызықты материал айтып бастауға болады.

Академик Т.Тұрлығұл тарих пәнін оқыту әдістемесінде оқытылатын тақырыптың және сабақтың мақсаты мен міндеттерін анықтауға ерекше назар аударып отырады. Ол «*сабақтың түпкі мақсаты – нәтижесі... Бұл жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың өзіндік ерекшеліктерінің бірі... Мұғалім нәтижеге жеткендігін анықтау үшін сабақ соңында оқушылармен қысқаша жазба жұмысын жүргізеді. Ал тақырыпты оқыту мақсатының орындалу нәтижесін анықтау үшін арнайы қорытып-қайталау сабағын ұйымдастырған дұрыс*»²⁶, – деп жазды. Бұл айтылған тұжырым курстың, тақырыптың, сабақтың мақсаты мен міндеттерін анықтауға, нәтижені алдын ала белгілеуге және оған жету жолын ойластыруға мүмкіндік береді.

Өз зерттеулерінде Т.Тұрлығұл тарих пәнін сапалы оқытуда сабақтастықты, пән, курсаралық байланыстарды жүзеге асыру жолдарын көрсетеді. Мұғалім бұрын өтілген негізгі мәселеге оқушылардың назарын аудара отырып жаңа тақырыпта қарастырылатын мәселеге тоқталады. Яғни екі тақырып арасындағы сабақтастық жүзеге асады деген сөз. Әсіресе, жоғарғы сынып оқушылары үшін пәнаралық, курсаралық, курсішілік байланыстар өте қолайлы әрі қажет. Сондықтан тарихшы мұғалім бір тектес болып келетін Қазақстан тарихы, жалпы тарих, қоғам тану, география, құқық, әдебиет пәндерінің бағдарламаларымен алдын ала танысып тақырыпқа сай оларды байланыстыру жолдарын қарастыру керек. «*Бұлардың бәрінің екі жақты пайдасы бар. Біріншіден, бұрын өткен оқу материалы қайта еске түсіріліп, білім тиянақтала түседі, екіншіден, мұндай байланыстар оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыруға үлес қосады*»²⁷, – деп

жазды Т.Тұрлығұл.

Қазір мектептегі тарих пәнін оқытудың мақсаты, міндеті өзгеруіне байланысты білім мазмұнын іріктеуде де маңызды өзгерістер болып жатыр. Осыған байланысты Т.Тұрлығұл оқыту әдістемесіне тарихи материалдың құрылымын жүйелеу тәсілін қолдануға баса назар аударып отыр. Тарих пәнін оқытуда жүйелілік-құрылымдық тәсілді тарихи оқиғаның ерекше тұсын баяндағанда, оған оқушылардың ерекше қызығушылығы туғанда, оқиғаның алғышартын, себебін, даму барысын, тарихи маңызын, салдарын анықтағанда, әр тарихи құбылысты танып білу, зерделеу және заңдылық ерекшеліктерін, даму тенденциясын ашып көрсеткенде²⁸ қолдануға болатындығын және күнделікті оқытылатын материалды жүйелілік тұрғыда белгілі бір құрылымға келтіру әдісін пайдалану арқылы оқушылардың оқу, танымдық қызметінде жүйелілік, проблемалық, зерттеушілікті қалай жүзеге асыруға болатындығын²⁹ талдап көрсетеді.

Педагог-ғалым ретінде Т.Тұрлығұл тарих пәнінің тәрбиелеушілік мүмкіндігінің зор екендігіне ерекше тоқталады. Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде келешегі кемел, дамуы қарқынды ел, гүлденген өркениетті 30 елдің қатарына қосылуға ұмтылуда. Мұны жүзеге асыратын біздің ертеңгі болашағымыз – қазіргі мектеп оқушылары. Сондықтан қоғамдық пән ретінде тарихтың алатын орны ерекше. *«Тарих сабағында оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасы қалыптастырылады, адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиеленеді, отаншылдыққа, халықтарды құрметтеуге, сыйлауға, яғни халықтар достығына тәрбиеленеді, еңбекке, діннің қызметін дұрыс бағалауға, бейбітшілікті сақтауға үлес қосуға тәрбиеленеді, эстетикалық, экологиялық, экономикалық тәрбие алады»³⁰*, – деп жазды. Т.Тұрлығұл әрі қарай өз еңбегінде осы тәрбиенің салаларына жеке-жеке тоқталады³¹, – және Қазақстан тарихының тәрбиелік мүмкіндігін жүзеге асырудың әдістемелік жақтарын ашып көрсетеді. Ең негізгі жұмыс сабақ жоспарын жасағанда, сабақты ұйымдастырып өткізгенде жүзеге асады... Тарих сабағында оқушыларды тәрбиелеудің арнайы немесе ерекше әдісі жоқ. Негізінен, бұрыннан белгілі әдіс-тәсілдері қолданылады. Тарихи материалды тәрбиелік мақсатқа тиімді пайдалансақ, жұмыс нәтижелі болмақ.³²

Т.Тұрлығұл оқыту әдістерін жүзеге асырушы мұғалімнің бейнесі қандай болу керек екенін де назардан тыс қалдырмады. Ол өз жұмысына адал берілгендігін, шәкіртті білуін, шәкіртіне қамқор, ақыл-кеңес бере алатын, жұмысына жауапкершілікпен қарайтын, әр оқушының ерекшелігін анықтайтын, сол ерекшеліктерін біліп, түсініп, ескеріп жұмыс істейтін, оқушымен құрметтеушілік, ынтымақтастық орната алатын мұғалім өз ісінің шебері бола алады³³ деп ой түйіндейді, ақыл-кеңес береді. Тотай Тәжіұлы – еліміздің мектептерінде тарих пәнін оқытуды жақсартуға бағытталған оқыту теориясы мен әдістемесіндегі бірегей тұлға, маңызды іс-шаралардың ұйымдастырушысы, зерттеуші-ғалым, әдіскер-ұстаз.

Ол – мектепте тарих пәнін оқыту теориясы мен әдістемесін зерттеуші бірегей ғалым, Қазақстан тарихын оқытуда зор еңбек сіңірген тарлан тарихшы, Ермахан Бекмахановтың шынайы шәкірті, қазақ елінің тарихы жөніндегі бірнеше оқулықтардың авторы, қазақтан шыққан тұңғыш педагогика ғылымдарының докторы. Ол мектепте тарих пәнінің жеке пән ретінде

оқытылуының 80 жылдық шежіресін қажымай, талмай үздіксіз зерттеді. Оны 1920 жылдардың ортасынан күні бүгінге дейін республика мектептерінде Қазақстан тарихын оқыту проблемаларын зерттеп талдаған әдіскер деп білеміз.

«Қанына тартпайтын қазақ болмайды». Н.Ә.Назарбаев сипаттап бергендей, *«Бұл жердің Сырдариясы бар, бұл елдің жырдариясы бар... Бүкіл түркі әлемінің ұлы ойшылы Қорқыт баба жатқан топырақтан...»* шыққан, *«Алаштың анасы – Сыр»* өңірінің түлегі, абзал азамат Т.Тұрлығұл бүкіл қазақ елінің мақтанышы.

Сүгір жырау:

«Жақсылар жақсымын деп айта алмайды,

Жамандар жақсымын деп айқайлайды.

Жүрген соң баурайында күнде көріп,

Таулардың биіктігі байқалмайды»³⁴, – деп жырлағандай, таудай биік Тотай Тәжіұлы Тұрлығұлдай тұлғаларымыздың өмірін өнеге, ұстаздығын үлгі етейік.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1,5,6. **Тұрлығұл Т.** Қазақстан тарихы мектепте қашаннан оқытылады? "Қазақ тарихы", 1994. № 6.
2. Жалпы білім беретін орта мектептің 5, 8-11-класстарына арналған Қазақстан тарихының бағдарламасы. Алматы, 1990.
3. **Тұрлығұлов Т.** Қазақ ССР тарихынан әңгімелер. 4-класс. Алматы, 1962.
4. **Әбішқызы С.** Өнегелі өмір. "Қазақ тарихы", 2000, №4.
- 7,8,9. **Тұрлығұлов Т.** Тарих сабағын жетілдіру жолдары. Алматы, 1984.
10. **Жүкешов Қ., Жусанбаева Ғ.** Ұлағатты ұстаз, ғалым, әдіскер. Қазақстан тарихы, 2005, №12.
11. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерде «Қазақстан тарихын» оқыту тұжырымдамасы. 1992. 23. 04. "Қазақ тарихы", 1994, №1.
12. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерде гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы, 1995.30.08.
13. Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей білім беру стандарты, 2002.09.01
14. **Адырбеков Б, Тұрлығұл, Көпбай Ә.** «Ежелгі Қазақстан тарихын» оқыту әдістемесі. 5-сынып, Алматы, «Атамұра», 2001.
15. **Тұрлығұл Т, Құнапина Қ, Мәженова М.** «Ежелгі Қазақстан тарихын» оқыту әдістемесі. 6- сынып, Алматы, «Атамұра», 2002.
16. Қазақстан тарихы, 2004, №4.
17. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Егемен Қазақстан, 2003, 28.12.
18. Білім және ғылым қызметкерлерінің III съезі. **Н.Ә.Назарбаев.** Еркін елдің ертеңі – кемел білім мен кенен ғылымда. Егемен Қазақстан, 2004, 13.10.
19. 23,26, 27, 33. **Тұрлығұл Т.** Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың өзекті мәселелері. Қазақстан тарихы, 2003, №1.
20. **Назарбаев Н.** Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы, Қазақстан тарихы, 1998, №3.
21. **Тұрлығұл Т., Таймағанбетов Ж., Адырбек Б.** Ежелгі Қазақстан тарихы, 5-сынып, Алматы, 2000.
22. **Тұрлығұл Т., Адырбек Б., Көпбай Ә.** 5-сыныпта Ежелгі Қазақстан тарихы, Алматы, 2000.
- 24, 25. **Тұрлығұл Т.** Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Алматы.
- 28, 29. **Тұрлығұл Т., Веронянская О.** Жүйелілік – құрылымдық тәсіл қалай қолданылады? "Қазақ тарихы", 2001.
- 30, 31, 32. **Тұрлығұл Т.** Тарихи таным және тәрбие. "Қазақ тарихы", 2002, №1, №3, 2003, №1
34. Егемен Қазақстан 2004. 07. 09.

**Қызылорда облысы,
Жалағаш ауданы.**

КОУЧИНГ-СЕССИЯ ЖОСПАРЫ

Жамал (Джемаль) ТІЛЕУОВА,
№6 орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Тақырыбы:	Бағалау – оқушылардың оқу мақсатын бағындыру құралы.																																			
Сілтеме:	МАН, бейнефильм, интернет ресурстары.																																			
Мақсаты:	Бағалаудың түрлі нысандары туралы түсінік беру және мұғалімдердің оқыту мен оқу сапасын бағалау арқылы жақсарту алатындығына көз жеткізу.																																			
Күтілетін нәтиже:	Бағалау өлшемдерін түсінеді және бағалау арқылы оқушылар оқуына ықпал етеді.																																			
Негізгі ойлар:	Формативті және суммативті бағалау, табыс критерийлері және дескрипторлар.																																			
Топтастыру:	Сыйлық – ағаш үйдің түсі арқылы.																																			
Тренинг	«Менің тілегім». Қатысушылар өздерінің оң қолының суретін салып, әр бармағына тілек жазып қасында отырғанға береді.																																			
Тапсырмалар түрлері:	Бағалау туралы бейнефильмді көрсетіп, сабақтың тақырыбын айтады.	Уақыты 2 мин.																																		
Тапсырма № 1	Қатысушыларға топтық тапсырма: жаңа жыл шыршасының суретін салу.	5 мин.																																		
Тапсырманы бағалау	Әр топ бағалайды. Дәстүрлі бағалау тәсілін қолданады «5» – өте жақсы, «4» – жақсы; «3» – қанағаттанарлық. Қатысушыларға сұрақ қойылады. -Баға дұрыс қойылды ма? Келісесіз бе бағамен?	5 минут																																		
Теориялық бөлім	<p>Презентациямен бағалаудың екі аспектісімен таныстыру және ОУБ мен ОБ ұғымдарының айырмашылықтары туралы түсініктер беру. Сонымен қатар, бағалау өлшемдері критерийлер және дескрипторлармен таныстырып өту. Бұдан кейін, тапсырманы бағалауды қайта бағалау жүргізу үшін топтарға бағалау өлшемдері таратпасы беріледі.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Критерийлер</th> <th>Дескрипторлар</th> <th>Ұпай</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td rowspan="3">Шыршаның көлемі.</td> <td>Биік, үлкен</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>орташа</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>аласа</td> <td>0</td> </tr> <tr> <td rowspan="3">Түстердің қолдануы.</td> <td>5-6 түс</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>3-4 түс</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>1-2 түс</td> <td>0</td> </tr> <tr> <td rowspan="3">Ойыншықтардың саны.</td> <td>7-9</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>4-6</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>1-3</td> <td>0</td> </tr> <tr> <td rowspan="3">Эстетикалық талаптар (таза, түстерінің үйлесімі бар).</td> <td>(таза, ойыншықтар тегіс орналасқан).</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>(түзетулер бар, ойыншықтардың орналасу реті бұзылған).</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>(лас, ойыншықтар ретсіз орналасқан).</td> <td>0</td> </tr> <tr> <td colspan="3">«5» – 7-8 ұпай. «4» – 5-6 ұпай. «3» – 4-3 ұпай. «2» – 0-2 ұпай.</td> </tr> </tbody> </table>	Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпай	Шыршаның көлемі.	Биік, үлкен	2	орташа	1	аласа	0	Түстердің қолдануы.	5-6 түс	2	3-4 түс	1	1-2 түс	0	Ойыншықтардың саны.	7-9	2	4-6	1	1-3	0	Эстетикалық талаптар (таза, түстерінің үйлесімі бар).	(таза, ойыншықтар тегіс орналасқан).	2	(түзетулер бар, ойыншықтардың орналасу реті бұзылған).	1	(лас, ойыншықтар ретсіз орналасқан).	0	«5» – 7-8 ұпай. «4» – 5-6 ұпай. «3» – 4-3 ұпай. «2» – 0-2 ұпай.			10 минут
Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпай																																		
Шыршаның көлемі.	Биік, үлкен	2																																		
	орташа	1																																		
	аласа	0																																		
Түстердің қолдануы.	5-6 түс	2																																		
	3-4 түс	1																																		
	1-2 түс	0																																		
Ойыншықтардың саны.	7-9	2																																		
	4-6	1																																		
	1-3	0																																		
Эстетикалық талаптар (таза, түстерінің үйлесімі бар).	(таза, ойыншықтар тегіс орналасқан).	2																																		
	(түзетулер бар, ойыншықтардың орналасу реті бұзылған).	1																																		
	(лас, ойыншықтар ретсіз орналасқан).	0																																		
«5» – 7-8 ұпай. «4» – 5-6 ұпай. «3» – 4-3 ұпай. «2» – 0-2 ұпай.																																				
Тапсырма №2	Қатысушыларға мәнерлеп оқудың критерий мен дескрипторын жасау тапсырмасы беріледі.	10 минут																																		
Тапсырманы бағалау	Бейнефильмде 2 оқушының мәнерлеп оқуы көрсетіледі, әр топ өздері құрған критерий мен дескрипторымен бағалайды.																																			
Қорытынды рефлексия	<p>Назар аударуға арналған Эдвард де Бононың «ҚАҚ» ойлау құралы.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>Қосу</th> <th>Алу</th> <th>Қызықты</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Ұнаған ақпараттар және жұмыс түрлері (Жағымды әсер).</td> <td>Не ұнамады, түсініксіз болды немесе қажетсіз деп есептеймін. (Жағымсыз әсер).</td> <td>Бүгін үйрендім және көбірек білуді қалаймын. (Мұғалімге сұрақ).</td> </tr> </tbody> </table>		Қосу	Алу	Қызықты	Ұнаған ақпараттар және жұмыс түрлері (Жағымды әсер).	Не ұнамады, түсініксіз болды немесе қажетсіз деп есептеймін. (Жағымсыз әсер).	Бүгін үйрендім және көбірек білуді қалаймын. (Мұғалімге сұрақ).																												
Қосу	Алу	Қызықты																																		
Ұнаған ақпараттар және жұмыс түрлері (Жағымды әсер).	Не ұнамады, түсініксіз болды немесе қажетсіз деп есептеймін. (Жағымсыз әсер).	Бүгін үйрендім және көбірек білуді қалаймын. (Мұғалімге сұрақ).																																		
Кейінгі тапсырмалар	Бүгінгі коучингтен алған біліміңізді пайдаланып, өз пәніңізде бағалау өлшемін құрастырып, қолданып көруді ұсыну.																																			
Қосымша оқу	МАН-тан «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» тақырыбы материалдары (104-109-беттер).																																			

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы.

ҚАЗАҚ ЖЕРІ ТУРАЛЫ ЕРТЕ КЕЗДЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ МАҒЛҰМАТТАР

Гүлсімай ТІЛЕПОВА,
№6 орта мектептің жаратылыстану пәні мұғалімі

Жалпы мақсаты: Қазақ жері туралы білу, ерте кездегі географиялық мәліметтерді түсіну, зерттелген жерлерді анықтау үшін карталар мен қосымша мәліметтерді қолдану.

Күтілетін нәтиже: Қазақ жері туралы біледі, ерте кездегі географиялық мәліметтерді түсінеді, зерттелген жерлерді анықтау үшін карталар мен қосымша мәліметтерді қолданады.

Негізгі идеялар: Ерте кездегі мағлұматтарды пайдалана отырып Қазақ жерін, көне тарихын біліп, ғалымдардың зерттеген жерлерін карта арқылы анықтауды оқып үйрену.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, география.

Тапсырмалар: Сыни тұрғыдан ойлауға сұрақтар.

Топтық жұмыс «Тұлғаны таны».

Картамен жұмыс. Сұрақ-жауап. Жұмыс дәптері.

Ұйымдастыру: 1. Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызу. 2. Топқа бөлу: Саяхатшыларды таңдау арқылы топқа бөлу.

I Сыни тұрғыдан ойлауға сұрақтар. 1. *Тарих дегеніміз не? 2. Еліміздің көне тарихын білу маңызды ма? 3. Қазақстанның тарихы туралы не білесіңдер?*

II Жаңа сабақ: Топтық жұмыс «Тұлғаны таны».

4 топқа бөлу арқылы. 1-топ: «Геродот».

2-топ: «Страбон». **3-топ:** «Птолемей».

4-топ: Қытай саяхатшылары: Чжан Цянь мен Сюань-Цзан Қазіргі Қазақстан аумағын адамдар ерте заманнан бері мекен еткен. Сондықтан елді мекеннің көне тарихы сол жердің табиғатының тарихы болып есептеледі. Табиғаттың тарихы сол аймақтағы мекендеген халықтың тарихы бір-бірімен ұштасып жатқандықтан, Қазақстан жеріндегі көне тарихи ескерткіштердің сақталуы сол жердің табиғатының болмысын анықтайды. Мұны палеолит дәуіріндегі қоныстардың орны дәлелдейді. Қазақстан аумағындағы тас ғасырдың көне ескерткіштері Қаратау маңынан, Еділдің сағасынан, Бетпақдаладан, Бұқтырма өзенінің бойынан, т.б. жерлерден табылған. Қола дәуірінде Қазақстан металл қорытудың ежелгі орталықтарының біріне айналған. Алтай, Қаратау, Жезқазған және т.б. жерлерден өндірілген темір қорытылып, балқымалардан өткір жүзді құралдар, саймандар жасалған. Сол кезде Қазақстан жерінде өмір сүрген сақ тайпалары мәдениетінің қазылып алынған үлгілерінде бағалы металдардан жасалған әшекейлер көп кездеседі. Оған Алматыға жақын Есік қорғанынан табылған «Алтын киімді адамның» бейнесі нақты дәлел болады. Онда сақ жауынгері алтын әшекейлермен қапталған киіммен жерленген. Осындай жағдайларға байланысты Қазақстан жері туралы мәліметтер ерте замандарда-ақ Еуропа ғалымдары мен саяхатшыларына мәлім болған.

Геродот. Қазақстан туралы алғашқы деректі Геродот (б.з.б.V ғ.) өзінің «Тарихына» кіргізген. Ол Каспий теңізінің алып жатқан орнын, оның басқа сулармен жалғаспайтын тұйық алап екенін, солтүстіктен оңтүстікке созыла біткен жалпы пішінін көрсеткен. Ғалым теңіздің шығыс жағында «қараса көз жетпейтін ұлан-ғайыр, жазық дала» жатқанын, Жайық өзенінен әрі қарай «тастақты жерлер», «заңғар таулар» (Жалпы Сырт, Орал тауы) барын жазған.

Геродот жасаған «Жер пішіні» картасында Сар (Еділ), Лик (Жайық), Сергис (Жем) өзендері бейнеленген. Бірақ олардың атаулары мен пішінін көрсетуде көптеген дәлсіздіктер кездеседі. Страбон (б.з.б. 63-24 ж.) Каспий теңізінің тұйық алап емес, Солтүстік мұхиттың шығанағы санаған. Ол кезде теңіздің бәрі мұхитпен жалғасып жатады деп ойлаған. Арал теңізінің Каспийдің шығанағы («Скиф шығанағы») деп есептеген. Ол Сырдария (Яксарт) мен Әмудария (Окс) жөнінде дұрыс мәлімет қалдырған. Ежелгі грек географы, тарихшы. Ол қазіргі күнге жетпеген 47 кітаптан тұратын «Тарихи жазбалардың» (онда б.з.б. 146 жылдан – б.з.б. 31 жылы шамасына дейінгі оқиғалар баяндалған) және 17 кітаптан тұратын «География» атты еңбектің авторы.

Птолемей (б.з. 90-160 ж.), негізінен, картографиялық бағыт ұстанған. Ол өзінің «Географияға жетекші» атты еңбегінде жер туралы картографиялық деректерді жинақтаған. Ол Геродот сияқты, Каспий теңізінің тұйық алап ретінде көрсеткен. Бірақ оның пішінін шығыстан батысқа қарай созылған күйде қате бейнелеген. Сырдария мен Әмудария Каспийге құяды деп ойлаған. Арал теңізінің (Оксиан) картаға түсірген. Алыс өлкелердің картаға түсірілуіндегі қателіктеріне қарамастан, Птолемей ежелгі дүние елдерін сызып бейнелеп, ендіктер мен бойлықтар бойымен көрсетуде, күннің ұзақтығын анықтауда көп жаңалықтар ашты.

Қытай саяхатшылары. Біздің заманымыздан бұрынғы II-I ғасырларда Қазақстанға Қытай саяхатшылары Чжан Цянь мен Сюань-Цзан келеді. Олардың жазбаларында Жетісу бойының, оны мекендеген Үйсін елінің табиғаты мен тұрмысы, Ақсу, Шу, Талас өзендері туралы мәліметтер сақталған. Осы және басқа деректерді жинастырып, қытайлықтар сол кездің өзінде Орталық және Орта Азияның картасын жасаған. Оған Жетісу, Сырдария, Талас алқаптары кірген.

Сіздің тобыңызда 5 рөлді: лидер, баяндамашы, хатшы, уақыт сақшысы және бақылаушыларды анықтаныз. Жұмыс төмендегідей жоспармен жүреді: Берілген мәтінді оқып, топпен бірлесе отырып, талқылайды және әр топтың бақылаушысы, жасаған жұмыстарға сәйкес бақылау парағын жүргізеді. Әр оқушы өзіне жүктелген рөлдің міндеттерін атқарады.

Оқушылар қандай жағдайда түсінгендігін білдіріп «екі жұлдыз, бір ұсыныс» арқылы бағалап, көрсетеді. Топ пікірлері тыңдалады.

III Сабақты бекіту: 1) 1. Ежелгі тайпалардың қоныстанған аймақтары, оған дәлелдер. 2. Ежелгі өзен атаулары. 3. Қазақстанды өзінің тарихына енгізген ғалым. 4. «Географияға жетекші» атты еңбектің авторы. 5. Қытай саяхатшыларының зерттеген аймақтары.

2) Жұмыс дәптері. Мұғалімнің бағалауы.

Қаншалықты түсінгенін, түсінбеген жерін, жіберген қателіктерін күнделікке толтыру (5 мин.).

Не үйрендім?	Не қиын болды?	Түсінбеген жерім
--------------	----------------	------------------

Үйге: Жібек жолын кескін картаға түсіріп және көне қалалар мен ескерткіштерді көрсету, есте сақтау.

Маңғыстау облысы,
Мұнайлы ауданы.

Қазақ тарихы
№2 (159), ақпан, 2018

«ЗЕРДЕ» ЗИЯТКЕРЛІК БІЛІМ ОЙЫНЫ

Гүлдана ТҰРҰМОВА,
№6 орта мектептің математика пәні мұғалімі

Мақсаты. Білімділік: Оқушылардың тіл туралы білімдерін кеңейту және тереңдету. Балалардың дүниетанымын кеңейту. Ана тіліне және басқа ұлт өкілдерінің тілін құрметтеуге тәрбиелеу. Оқушылар алдында тіл мәртебесін көтеру. Ана тілге деген мақтанышын ояту.

Сайыстың барысы: 1. Оқушылар ұжымын ұйымдастыру. 2. Жүргізуші кіріспесі, мақсатын түсіндіру, қазылар алқасын сайлау. 3. Сайыскерлердің өзін-өзі таныстыруы. 4. Ойын ережелерімен таныстыру. 5. 4 кезеңнен тұратын зияткерлік-танымдық ойын.

I Бөйге. II Полиглот. III Дода. IV Жорға.

– Армысыздар құрметті қонақтар, оқушылар, ұстаздар! Тіл – өте маңызды құрал. Тіл болмаса адам өз ойын жеткізе алмас еді. Өткен тарихымыз, халқымыздың әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, бізге ана тіліміз арқылы жетеді. Қазақ тілі – өте бай әрі көркем тілдердің бірі. Мемлекеттік тілді меңгеру – ҚР азаматының парызы.

Сайланған қазылар алқасымен таныстыру.

Жүргізуші: – Бүгінгі сайысты бастайық.

Қатысушыларды таныстыру. – Ал, сайыскерлер, бастайық. Баршаңызға сәттілік тілеймін.

Бірінші кезең. «БӘЙГЕ». Алты адам қатысады. Жүргізуші қатысушыларға қарапайым сұрақтар қояды, әр сауалға жауаптың үш нұсқасы ұсынылады.

1. «Рухани жаңғыру» дегеніміз не? (Болашаққа бағдар).

2. Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы қашан қабылданды? (1993 ж. 28 қаңтар).

3. Қазақстан Республикасы қандай саяси режимдегі мемлекет? (демократиялық).

4. Үш жүздің құрамына неше ру тайпа кірген? (112).

5. 1428-1468 жылдар аралығында билік еткен қазақ ханы? (Әбілқайыр хан).

6. 1837-1847 жылы болған ұлт-азаттық көтерілісті кім басқарды? (Кенесары Қасымұлы).

7. Абай Құнанбаев қай жылы дүниеге келді? (1845 ж.).

Ең көп ұпай жинаған 5 қатысушы қалады.

«Полиглот» кезеңі. Тиісті сөздің екі тілде аудармасын айту.

1. Гүл өссе – жердің көркі,

... өссе – елдің көркі (**қыз – девушка –**).

2. Ел іші – алтын ... (**бесік – колыбель –**).

3. Білімді өлсе, Қағазда ... қалар (**есімі – имя –**).

4. – үлкен мектеп (**Өмір – жизнь –**).

5. – алтын қазына (**тіл – язык –**).

Қорытынды. Ең көп ұпай жинаған 4 қатысушы қалады. Әділ-қазылар алқасына сөз беріледі.

«ДОДА» кезеңі. Төрт адам қатысады. Бірінші кезеңде жиналған ұпай екінші кезеңде сақталады. Екінші кезеңде мектеп бағдарламасына сай 4 пәннен сұрақтар қойылады.

Қазақ тілі. 1. Заттың түрін, түсін, сапасын, көлемін білдіретін сөз табы? (сын есім).

2. Сөз құрамын зерттейтін сала? (Морфология).

3. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» тіркесінің мағынасын айт! (Тыныштық заман).

4. Екі не бірнеше адамның сөйлесуі? (Диалог).

5. Дыбыстың жазба таңбасы? (Әріп).

Математика. 1. 5 мысық 5 тышқанды 5 минут

ұстаса, 1 мысық 1 тышқанды неше минут ұстайды? (5 минут).

2. Үшбұрыштың 3 қабырғасы берілген 10,15,7, оның периметрін тап? (32)

3. «Миллион» деген сөзді қазақ арасына жеткізген ағартушы? (Ы.Алтынсарин).

4. Дәлелдеуді қажет етпейтін математикалық сөйлем? (аксиома).

5. Геометрияның жазықтағы заңдылықтарын зерттейтін бөлімі? (Планиметрия).

Тарих. 1. Тарихтың атасы? (Геродот).

2. Рейхстагқа ең алғаш ту тіккен қазақ жауынгері кім? (Р.Қошқарбаев).

3. Тұңғыш қазақ демограф ғалымы? (М.Тәтімов).

4. Адамзат қоғамы туралы ғылым? (тарих).

5. Ақтабан шұбырынды Алқа көл сұлама қай жылы басталды? (1723 ж.).

География. 1. Әмудария мен Сырдария аралығындағы шөл? (Қызылқұм).

2. Экватордың жалпы ұзындығы? (40000 км).

3. АҚШ-тың солтүстік штаты? (Аляска).

4. Ең терең көл? (Байкал).

5. Тайлан дастанасы? (Бангкок.)

Әділ-қазылар алқасына сөз беріледі.

Ең көп ұпай жинаған үш ойыншы шығады.

«ЖОРҒА» кезеңі. Әр сайыскер бір минут арасында берілген сұрақтарға жауап берсе, әр жауапқа 10 ұпай жинайды.

1-ші ойыншыға қойылатын сұрақтар:

1. Ғаббас әл-Жауһари (IX ғ.) шығыста алғашқылардың бірі болып қандай теорияны зерттей бастады? (параллель түзулер).

2. Әлемге әйгілі бірінші математиктің есімі – Ахмес. Б.э.д 1700 ж. оның математикалық есептерге құрылған еңбегі ұзындығы 6 метр (20 фунт) болатын қандай тасқа жазылған? (папирус орамасына).

3. Қай теория орыс тілінде тұңғыш рет 1739 жылы аударылып басылып шықты? (Негіздер).

2-ші ойыншыға қойылатын сұрақтар:

1. XX ғ. 20-30 жж. жаңа типтегі жалпы білім беретін мектептерде арнайы қай пән оқытылды? (математика).

2. Б.з. дейінгі VI ғасырда өмір сүрген ежелгі грек ғалымы «Бірінші ұстаз» атанған алғашқы ойшыл ғалым? (Аристотель).

3. Ерте дүние цифрларының ішінен қандай цифр осы күнге дейін қолданылады? (Рим цифрлары).

3-ші ойыншыға қойылатын сұрақтар:

1. Б.з. дейінгі II-III ғасырда өмір сүрген ежелгі грек математигінің «Бастамалар» аталатын еңбегі бар ғалым? (Евклид).

2. XVI-XVII ғасырда өмір сүрген француз – философ, математик, физигі координаттар әдісін зерттеген ғалым? (Декарт).

3. «Математика барлық ғылымдар патшасы» деп кім айтқан? (Гаусс).

Әділ-қазылар алқасына сөз беріледі.

Жеңімпаз оқушылар марапатталады.

Сайысымызға қатысқандарыңызға көп рахмет!

Маңғыстау облысы,
Мұнайлы ауданы.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

(Зияткерлік сайыс)

Ақмаржан ҚҰЛЖЫҚОВА (Гульджиқова),
№6 орта мектептің математика пәні мұғалімі

Мақсаты: Сайыскерлердің туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақстан Республикасының жетістіктерімен танысу, патриоттық сезім ояту, тарихын құрметтеуге баулу. Топта бірлесе жұмыс істеуге үйрену, ойлау қабілетін шыңдау, шапшаңдық пен нақтылыққа бейімдеу.

Жақсылық адамдардың тілегі екен,

Тілейтін жақсылықты жүрегі екен.

Дәстүрлі қазағымның сарқылмаған

Жобасын сайыскерлер біле ме екен? – дей келе сайысымыздың жобасымен таныстырып өтейік.

Сайыс үш кезеңнен тұрады:

I кезең “Ғаламтор сұрақтары” – бұл кезеңде еліміздің түпкір-түпкірінен тұрғындар өз сұрақтарын жолдайды.

II кезең “Құпия ашық хаттар” – мұнда ашық хатта жасырылған сұрақтарға жауап беру керек.

III кезең “Сиқырлы сандық” – сайысқа қатысушылар сандық ішінен таңдап алған сұрақтарына жауап береді.

Сайысымызды бастамас бұрын әділ-қазылар алқасымен таныстырып өтейік.

Армандарға қол созумен келеміз,

Өмір мұхит, жүзіп келет кемеміз.

Білімменен қаруланған жастармыз,

Қарсыласты қалай да біз жеңеміз, – дей отыра сайып қырандарымызды ортаға шақырамыз.

1-топ: «Информатиктер».

2-топ: «Математиктер».

I кезең “Ғаламтор сұрақтары”.

1. Адамның, топтың, әр түрлі таптардың іс-әрекеттеріне шешуші әсер ететін, идеология ықпалының негізінде және ұйымдастырушы құқықтары арқылы жүзеге асатын механизм. Бұл не? (билік).

2. Аңыз бойынша бұл өсімдікті эфиоптық бақташы Кадди байқаған. XV ғасырда ол арабтарға, XVI ғасырда – Түркияға жеткен. Түріктер оны «ақыл мектебі» деп атаған. Еуропалықтар бұл өсімдіктен алы-

натын сусынмен XIII ғасырда танысқан. Ресей емшісі оны «тұмау мен бас ауруына» қарсы дәрі деп бағалаған. Ол не? (кофе).

3. Индиялықтар оны «сунья», араб математиктері «сифр» деп атаған. Ал, біздер оны қазір не деп атаймыз? (ноль).

4. Сіздер білетін боларсыздар, 13 санын 666 санын жаман сандар қатарына қосады. Пифагор заманында 3 және 12 сандарын «бақытты сан» деп таныған. Ал, қай сан «денсаулық» саны деп аталады? (төрт).

5. «Синлыс» дегеніміз не? (кірпік).

II кезең «Құпия ашық хаттар».

1. Б.з.д. 28 ғасырда, бұдан 5 мың жылдай бұрын салынған 146 метрлік Хеопс пирамидасы қайда орналасқан? (Египет астанасы Каирдің оңтүстігінде).

2. Бұдан 2500 жыл бұрын пайда болған бірінші есептегіш құрал ең алғаш қайда кеңінен танылды? (Қытай, Египет, Грекия).

3. Бірінші рет шеңбер 360°-қа қайда бөлінді? (Вавилон).

4. Әлемдегі ең үлкен кітап қайда? (Австралия).

5. Әлемде ең үлкен шырша қайда орнатылған? (Рио-де-Жанейро).

III кезең «Сиқырлы сандық».

1. Алғаш мектеп күнделігі Ресейде қашан пайда болды? (1872 ж.).

2. АҚШ-тың тұңғыш президенті қашан сайланды? (1789 ж.).

3. Ғарыштық Хаббл телескобы қашан жасалды? (1990 ж.).

4. Астанадағы Атамекен галереясы қашан ашылды? (2001 ж.).

5. Астана қай жылдары Целиноград деп аталды? (1961-1992 жж.).

Қорытындылау. Сайысымызды қорытындылап, жеңіске жеткен топты марапаттаймыз!

Маңғыстау облысы,

Мұнайлы ауданы.

КӘСІБИ ҚОҒАМДАСТЫҒЫҢЫЗДЫ ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ тарихы”, “Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, журналдарында «Кәсіби қоғамдастық сөз алады» айдарымен әр кәсіби қоғамдастықтың іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр қоғамдастықтан ең кемі 5 мұғалім 2018 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық қоғамдастықтың мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) қоғамдастықтың құрылғаннан бергі жетістіктері туралы 0,5-1 беттік мәлімет,

4) қанша адам жазылса, сонша мұғалімнің 2-2,5 беттен аспайтын шағын мақала не сабақ әзірлемесін, 5) осы қоғамдастықтың ең үздік ұстазының іс-тәжірибесін **«Танысыңыз: озат ұстаз, озық тәжірибе»** айдарына жетістіктері (өзі не шәкірті кемінде облыс, не қала жүлдегері болсын) туралы шағын мәліметпен жіберуі тиіс. 5-шартқа сай мұғалім болмаса, орындау міндетті емес.

Редакция алқасы.